

Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.

Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

Казахский язык и литература
в русской школе

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

9/2011 ҚЫРКҮЙЕК

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Айша ӘЛІМЖАНОВА, Шәмша
БЕРКІМБАЕВА, Роза БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК,
Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА, Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар
ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия
ОРАЗБАЕВА, Күлнәш САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

Ғылыми ойлар отауы

Ноябрь КЕНЖЕҒАРАЕВ.	«Абайтану» пәнін орыс бөлімдерінде оқытудың ерекшеліктері.....	3
---------------------	--	---

Тиімді әдіс – баришаға ортақ

Ардақ СОВЕТҚЫЗЫ.	Мемлекеттік тілді оқытуда педагогикалық шеберхана технологиясын қолданудың тиімділігі.....	13
Балзия МОЛДАХМЕТОВА.	Сапалы сабақ кепілі – көрнекі құралдар...	17
Рахима ЖҮНІСОВА.	Оқыту дидактикасының әрекеттік моделі.....	22

Мұғалімдерге көмек

Арайлым СЕРІКБЕКҚЫЗЫ.	Қазақ тілі сабақтарында коммуникативті оқытудың элементтерін қолдану.....	31
Назигүл ШАҚПАҚБАЕВА.	Модульдік технологияны қолдану әдістемесі.....	34
Бақыт САРЖАНҚЫЗЫ.	Мәтінмен жұмысты дұрыс ұйымдастыру арқылы сөйлетудің жолдары.....	40

Интерактивті сабақ

Клара ТУАТБЕКҚЫЗЫ,	Астана – болашақтың қаласы.....	45
Елена БАБАК.		

Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті

Жұлдыз СЕЙЛІХАНҚЫЗЫ.	Ахмет Байтұрсынұлы. «Аққау, шортан һәм шаян».....	52
Зүлфия ЖЕЛЕУБАЙҚЫЗЫ.	Ғабит Мүсірепов. «Өлімді жеңген ана»...	56
Гүлшат МАЗТАЙҚЫЗЫ.	Абайды танысаң – жаның тазарады.....	60

Бір тақырыпқа – екі мақала

Надежда АМАНШИНА.	Мұхтар Әуезов. «Көксерек».....	63
Бақытжамал ШАЙМЕРДЕНОВА.	Мұхтар Әуезов. «Көксерек».....	65

Білім негізі – бастауышта

Мадина ҮМБЕТҚАЛИҚЫЗЫ.	Жалғаулықтарды қайталау.....	72
Венера АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ.	Буын түрлерін үйреткен дәрігер.....	78
Әсел МҰХТАР.	Жыл мезгілдері тіл дамытады.....	83

Әдістеме әлемінде: қазақ тілі

Гүлхан САБЫРХАНҚЫЗЫ.	Сөздік қоры мол біздің ағай тамаша.....	86
Айгүл БЕКОВА.	«Дейін» шылауын қолдануды меңгерту.....	89
Айымхан ТӨРЕНИЯЗОВА.	Тілдік талдау жұмыстары.....	93
Нұржамал БИСЕКЕЙ.	Суда – сөйлемнің тұрлаулы мүшелері.....	96
Әмина БАЛТАБЕКОВА.	Қазақ елінде тілің дамиды.....	103
Айсұлу КЕНЖЕҒАЛИҚЫЗЫ.	Сөздік қорды көбейткен – киелі киіз үй.....	107
Индира САТЫБАЛДЫҚЫЗЫ.	Театрда – жаңа сөздер.....	113
Светлана СОЗАҚАЕВА.	Сабақтас құрмалас сөйлем.....	116

Тарихи тұлға

Қалдыбала АЛДАБЕРГЕНҚЫЗЫ.	Батырдың өмірі – ұрпаққа үлгі.....	118
---------------------------	------------------------------------	-----

Мұғалім мінбесі

Әлия АБДУЛЛА.	Халық педагогикасының тағылымдары – қазақ тілі мен әдебиеті сабағында.....	128
Арайлым БӘТІБАЕВА.	Ертегі-аңыздарды оқыту сыры.....	133

Сыныптан тыс сабақ

Фариза ИШАНҚЫЗЫ.	Тіл тағдыры – ел тағдыры.....	138
------------------	-------------------------------	-----

Ноябрь КЕНЖЕҒАРАЕВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
«Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану»
кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты.

«АБАЙТАНУ» ПӘНІН ОРЫС БӨЛІМДЕРІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор С.Пірәлиевтің бастамасымен 2009-2010 оқу жылынан бастап, университеттің барлық мамандықтарында 1 кредит көлемінде, таңдау пәні ретінде республикамыз бойынша тұңғыш рет «Абайтану» пәні жүргізіле бастады. Абай шығармашылығы қазақ ғылымында көп зерттелген сала болып, қазақ тілінде қажетті әдебиеттер мол болып саналғанымен, пән ретінде барлық мамандықтарға жүргізілмегендіктен, кредит жүйесіне сай нормативті құжаттарды дайындау қолға алынды. Қазір екі жыл уақыт мерзімінде тәжірибелік пән ретінде орыс бөлімдерінде де «Абайтану» пәні жүргізіліп келеді. Орыс бөлімдеріне дәріс беретін маманның алдында бірнеше кедергілер мен қиындықтар кездеседі. Алғаш назар аударатын жағдай – орыс мектептерін бітіріп келген студенттердің қазақ әдебиеті пәнінен базалық білім мазмұнының өте таяздығы, әдеби теориялық білімінің төмендігі. Бұл үрдісті соңғы кезеңдердегі мектеп оқушыларының ҰБТ-ға байланысты міндетті пәндерге басымдық берілуі тіпті қиындатып

жіберген көрінеді. Орыс мектептерінде қазақ әдебиеті пәні 5-11 сыныптар аралығында жүргізілгенімен, сағат саны тым аз. 11 сыныпта қазақ әдебиеті пәні аптасына 1 сағат көлемінде ғана жүргізіледі. «Мемлекеттік тілді дамыту бағдарламасы» аясына сай Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі орыс мектептерінде қазақ әдебиеті пәнінің 5-11 сыныптар аралығында қазақ тілінде жүргізілуі туралы қаулысына сәйкес, пәннің қазақ тілінде жүргізілуі өз дәрежесінде іске аспай отырғандығын дәлелдейді. Орыс мектебін бітіріп келген студенттің қазақ әдебиеті мен қазақ тілінен білім деңгейі сын көтермейді. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің «Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтудің» 2010-2020 жылдардағы бағдарламасына сәйкес мектеп және жоғары оқу орындарында қазақ тілі және әдебиеті, Қазақстан тарихы пәндері мемлекеттік тілде жүргізілуі керектігі ұсынылуда. Бұл бағдарламаға сәйкес университет деңгейінде жүргізілетін «Абайтану» пәні орыс бөлімдерінде мемлекеттік тілде жүргізілуін іске асыру, орыстілді студенттің мемлекеттік тілді кәсіби деңгейде меңгеруіне септік болып, пән қызметі толық жүзеге асар еді деген ой туындайды. Қазақтың ұлттық университеттері қоғамымызда адымдай алмай отырған мемлекеттік тілді дамыту, қолдану аясын кеңейту мәселесіне немқұрайлы қарамауы керек. Университет қабырғасынан білім алған студент мемлекеттік тілге бөлінген азын-аулақ кредиттің мөлшерінде ғана қалып, басқа пәндер мен қоғамдағы қарым-қатынасы ресми тілде іске асатындықтан, қазақ тілі өз аясын жақын уақытта кеңейте алмайды. Оған орыстілді оқытушыларымыз да сүбелі үлес қосуда. Олар дәріс барысында қазақ тілін мүлдем қолданбайды, себебі, олар мамандар мемлекеттік тілді білмейді. Орыс мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиетінің жағдайы белгілі, университет

кабырғасында студент таза ресми тілде білім алып, бұғанасы қатайып, маманға айналады, ертең ұстаздық қызметке барып, мектеп оқушыларына білім береді. Бұл жүйе қайталанып келе береді, тәуелсіздігіміздің тұғырлы кезеңінде Қазақстан Республикасының азаматтары өз мемлекеттік тілін жеткілікті деңгейде меңгермей, осы үрдіс сақтала береді. Қалыптасқан мәселеден мемлекетіміз ұстанған саясатқа сәйкес шығуымыз үшін жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде Абайтану, Иассауитану, Шәкәрімтану, Қазақстан тарихы, т.б. сынды пәндердің мақсаты мен қызметіне сай оқу орындарының ерекшеліктеріне байланысты пәндерді мемлекеттік тілде жүргізуді қолға алу қажет.

«Абайтану» пәні көрнекті абайтанушы-ғалым Мекемтас Мырзахметұлының жасаған типтік бағдарламасына сәйкес жоспарланған. Ғалым жасаған бағдарлама Кеңес дәуірінде филология мамандықтарына оқытылған дәріс бағдарламасынан идеялық-мазмұндық, концептуалдық тұрғыдан бөлек. Жаңа бағдарламаның жетекші ұстанымы Кеңес өкіметі тұсында тыйым салынып, айтылмай келген Абай шығармаларының Шығысқа қатысы, діни-философиялық танымы, көзқарасы, мораль философиясы, шығыс әдебиетінің әсері, толық адам идеяларына негізделген.

Орыс мектебін бітіріп келген оқушының танымдық-идеологиялық деңгейін ескеріп, орыс бөлімдеріне арналған жаңа бағдарламаның жетекші ұстанымы өзгертіліп жасалды. Басымдық Абайдың шығармашылық өмірбаянына, шығармашылық мұраларына, абайтану ғылымының қалыптасу және даму тарихына, Абайдың гуманистік, философиялық, интернационалистік, толеранттылық, ағартушылық идеяларына, толық адам іліміне берілді. 15 сағат дәріс, 15 сағат СОӨЖ, 15 сағат СӨЖ, барлығы 45 сағат көлемінде студентке әлемдік ақыл-ойдың заңғар

биігіне шыққан поэзия алыбының, ойшыл ақынның шығармашылық құнары берілуде. «Абай Құнанбайұлының шығармашылық өмірбаяны» деп аталатын бірінші дәріс пән мақсаты мен мазмұнына сай мынадай тақырыпшалармен жоспарланған:

- ақынның өскен ортасы, ата-анасы, тәрбиесі, әкесі Құнанбайдың тұлғасы;

- білім алу, өсу жолдары, бала Абайдың дана Абайға айналуындағы Ахмет Риза медресесінің алар орыны;

- Қазақ мәдениетінің (халық ауыз әдебиеті мен ақын-жыраулар поэзиясының) жас Абайға әсері.

Студентке Абайдың әкесі Құнанбай туралы сұрақ қойылғанда еститін жауабымыз: «қатігез, жауыз тұлға болған», «феодал», «Абай екеуінің арасында өте қиын қарым-қатынас болған», «Абай әкесіне көп жағдайда қарсы болған, қолдамаған, жек көрген» тәрізді пікірлер болуда. Демек, Абай өмірбаяны, Құнанбай тұлғасы Кеңестік дәуірдегі саяси идеологияға, социалистік реализмге негізделген көзқарастан арылмай отыр деген сөз. Абай өмірбаяны мен шығармашылығына дұрыс, ақиқат көзқарасты ұғындыра білу үшін алғашқы дәрістен бастап студентке әділ де шынайы пікірлерді нақты дәлелдермен, тарихи деректермен көзін жеткізе талдай отырып беру қажет. Құнанбайдың ел мойындаған әділ сұлтан, тура би, иманды насихаттаған кәміл мұсылман, ел қамын жеген басшы екендігін поляк перзенті А.Янушкевичтің мына жазбаларымен дәлелдеуге болады: «Табиғат оған (Құнанбайға – Н.К.) кесек ақыл, ғажайып ес және жүйрік тіл берген. Іскер, өз аталастарының игілігі туралы қам жейді. Дала заңдары мен Құран қағидаларының баянды білгірі, қазақтарға қатысты Ресей заңдарын жатқа біледі, қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылман. Қарапайым Құнанбай әулиенің даңқына бөленген. Одан

ақыл сұрауға жас та, кәрі де, кедей де, бай да әр қиырдағы ауылдардан келіп жатады» [1, 69]. XIX ғасырдың бел ортасында айтылған Құнанбай туралы бұл пікірдің ойдан шығарылмағандығы ақиқат. Студенттер М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында социалистік реализм шеңберінде, қатаң идеология мен цензураға бағындырылған Құнанбай бейнесінен шыға алмауынан, Абайдың өскен, тәрбиеленген ортасынан әділ мағлұмат берілмеген. Ақынның Әбдірахман өлген соң өзіне айтқан жұбатуынан өз әкесіне тек биологиялық әке, қатал, өктем мінезді, бірбеткей адам емес, дүйім ел дәріптеген тұлға екендігін ашық айтып өтеді:

Мұсылманға қоймаған
Орынсыз жанжал шатақты,
Ерегіскен жауларын
Кісен салып матапты.
Зекет жиып, егін сап,
Тойдырған ғаріп, жатақты.
Ескендір, Темір, Шыңғыстай
Мұсылманда атақты.
Мұқым қазақ баласы,
Тегіс ақыл сұрапты.
Тобықтыны ел қылып,
Басын жиып құрапты.
Меккеде оқып, үй салып,
Пәтер қып, жаққан шырақты.
Бір құдайдың жолына
Малды аямай бұлапты [2, 235].

Абайдың бұл автобиографиялық өлеңінде көптеген тарихтың ізі жатыр, мақсат – студентке Құнанбайдың елге істеген жақсылықтарын, мырзалығын, оның озық ойлылығын айту, тура ақпарат бере отырып, ой тудыру, әдебиетте орын алған тенденцияларға жаңа көзқараспен келу, ол үшін

әдебиеттану ғылымындағы соңғы өзгерістермен танысуға талпындыру. Студенттің өзіндік жұмысына тапсырма ретінде Құнанбай тұлғасын, анасы Ұлжан мен әжесі Зеренің тәрбиесін беріп, ізденулеріне септік жасау.

Екінші тақырыпша да Кеңес дәуірі кезінде идеологиялық қағажуға ұшыраған, Абайдың медресе қабырғасында оқуы. Студенттер Абайдың Семей қаласында Приходская школада оқығандығын, ол мектеп Абайдың дүниетанымының өзгеруіне әсер еткенін жарыса айтады. Академик М.Әуезовтің жазған ақынның өмірбаянының нұсқаларын негізге алатырып, Ахмет Риза медресесінің өлшеусіз ықпалы жаңаша тұрғыда сипаттап беру міндеті шығады. Ахмет Риза медресесі ХІХ ғасырдың басынан қарқын ала бастаған түркі-мұсылман елдеріндегі жадидшілдік бағыттағы медреселердің бірі, ортодоксальды, догмалық, схоластикалық бағыттағы оқу орыны емес, исламдағы білім беру үлгісінің модерндік бағытында болғандығын түсіндіру. Медреседе бірнеше шығыс тілдерінің грамматикасы (араб, парсы, шағатай тілдерінің фонетика, лексика, синтаксис, морфологиясы) қоғамдық-жаратылыстану пәндері оқытылғандығын (философия, дінтану, этика, мораль философиясы, логика, ислам тарихы, философиясы, мұсылман құқығы, шарифат заңдылықтары, т.б.), сондай-ақ, негізгі ерекшелігі – шығыс әдебиеті мен сопылық поэзияның (араб, парсы, түркі поэзиясы, сопылық теориясы мен поэзиясы) оқытылуы екендігін студенттерге білдіріп, оларға қазіргі таңдағы университеттердің шығыстану мамандықтарының дәріс бағдарламаларымен салыстырулар жүргізіп, бағалауды жүктеу. Бұл сәтте студент Абайдың Ахмет Риза медресесінде жаңашыл білім алғандығын және медреседен алған білімін өмір бойына жетілдіріп, есейген тұсында орыс тілін меңгеру арқылы орыс мәдениеті мен ғылымын, батыс мәдениеті

мен философиясын бойына сіңіргендігін, философиялық танымында Шығыстық сананың шешуші рөл атқарғандығын түсінуге мүмкіндік жасайды.

Үшінші тақырыпша Абайдың ақындық қиялының, бай сөздік қорының, тіл мәдениетінің, шешендігінің қалыптасуына қазақтың халық ауыз әдебиеті мен ақын-жыраулар поэзиясының мол әсерін айқындаумен анықталады. Студенттен мектеп қабырғасындағы әдебиет пәнінен өткен дәрістерін қайталап, еске түсіріп, «халық ауыз әдебиеті дегеніміз не, оның қандай түрлері бар, тұрмыс-салт жырларына не жатады, эпос дегеніміз не, қандай түрлерін білесің, қандай батырлар жырларын айта аласың?» деген блиц-сұрақтар қою арқылы, олардың белсенділігін оятып, өзіндік жұмыс жасауға қадам жасау. Әдеби білімнің жүйелілігі мен үздіксіздігі принципімен орта мектептегі әдебиет пәнін қайталау амалдарымен блиц-сұрақтар, сұрақ-тапсырмалар қойып, студенттердің белсенділігін ояту арқылы Абайға дейінгі қазақ әдебиетінің тарихындағы ақын-жыраулар туралы мәліметтерді еске түсіріп, олардың қайсысының шығармаларын білгендігіне, оқығандығына тоқталып өту қажет. Сұрақ-тапсырмалар арқылы еске түсірген халық ауыз әдебиеті жанрлары мен ақын-жыраулар поэзиясының Абайдың шығармашылық дамуына, қалыптасуына, ақындық шеберлігі, танымына тигізген ықпал-әсерін түйіндеген абзал.

Сабакты оқытудың ұжымдық әдістерінің бірі – тақырыпты тақырыпшаларға бөліп оқыту әдісі арқылы біз студенттерге жаңа бағдарламадағы жаңа білім мазмұнына сәйкес мол ақпарат беріп, студенттің белсенділігін оятып, өзіндік жұмыс жасауға, ойлануға, қорытындыға келуге, ізденуге қол жеткізуге болады.

Студенттің оқытушы басшылығымен жасайтын өзіндік жұмысына тақырып ретінде «Абайдың алғашқы

кезеңдегі өлеңдері» деген тақырып ұсынылған. Абайдың хатқа түскен алғашқы кезеңдердегі ауызша туған суырып салма өлеңдерімен қатар, жазбаша түрде тудырған кітаби стильдегі бірнеше өлеңдерін талдауға негізделеді. Кітаби стильде жазған өлеңдерді студенттерге оқыту және оның кейінгі тұстағы өлеңдерімен салыстырулар жасату. Алғашқы кезеңдердегі өлеңдердің идеялық мазмұнына тоқталу. Сопылық поэзия туралы түсінік беру. «Қазақ топырағында қандай сопылық поэзия өкілдерін білесіңдер?» деген сұрақ-тапсырма беру. Иассауидің сопылық поэзиясы туралы түсіндіру. Сопылық поэзиядағы символдарға тоқталу және оның мәнін ашып түсіндіру. Сопылық символдардың Абайдың алғашқы өлеңдеріндегі қолданысына тоқталу. Шығыстың сопылық поэзия өкілдерінен Абайдың ұстаз тұтқан ақындарының есімдерін атап, шығармашылықтары жөнінде мәлімет беру. Шығыс поэзиясы өкілдерінен қандай ақындарды, олардың қандай шығармаларын білетіндігін блиц-сұрақтар арқылы анықтау. Әдеби білімнің жүйелілігі мен үздіксіздігі принципімен араб-парсы және түркі халықтары шайырларының шығармашылығына тоқтала отырып, олардың Абайға әсері, ықпалы, сабағы төңірегінде қорытынды шығарып, ақынның алғашқы кезеңдердегі өлеңдерінің ерекшелігін айқындап, дәрісті қорытындылау қажет.

«Абайдың шығармашылық өмірбаяны» деп аталатын «Абайтану» пәнінің бірінші тақырыбында студент абайтану ғылымындағы жаңа концепциялар мен жаңа мазмұндағы бағдарламаға сәйкес білімді алуға қадам жасайды. Студенттің оқытушы басшылығымен өткізетін дәрісінде тақырып аясына сай, пән мазмұнына сәйкес терең түсіндірілуі керек күрделі тақырып алынып, жан-жақты талдау жасалады. Бұл дәрісте міндетті түрде шығарма мәтінімен жұмыс

жүргізіліп, мәтін талданады. Сұрақ-тапсырмалар арқылы пәннің мақсатына жету көзделіп, тақырып меңгеріледі. Студент тақырыпқа сай өзіндік жұмысқа шығармашылық тұрғыдан келуі міндетті. Кітапханада ғылыми еңбектермен, мерзімді басылымдармен, интернет көздерімен жұмыс істеп, белгіленген тақырып жөнінде ізденіс жасайды, меңгерген материалын топта баяндап, туындаған сұрақтарға жауап беріп, өз белсенділігін арттырып, материалды меңгергендігін көрсетеді.

Абай шығармаларын талдау барысында қазақ тіліндегі материалдармен қатар орыс тіліндегі аудармалармен жұмыс істейміз. Қазақстандық және Ресейлік ақындардың аудармаларымен, Алматы, Мәскеу қалаларында жарыққа шыққан Абай шығармаларының жинақтары негізгі әдебиеттердің қатарына енген. Абай өлеңдерін орыс тіліне аудару мәселелері жөнінде талай жылдар бойына ғалымдар арасында түрлі пікірлер айтылып келеді. Солардың ішінен біздің құлақ салып тыңдап, қорытынды шығаруымыз керек пікір – көрнекті әдебиетші, қазақ тілінің білгірі, жазушы-аудармашы Г.Бельгердің сөзі болмақ: «И говорю об этом подробно лишь потому, что пытаюсь объяснить, почему поэзию Абая так трудно переводить на другие языки, почему она до сих пор не звучит достойно по-русски, в чем причина переводческих неудач, чем вызвана бескрылость его поэтических неудач.

И в самом деле, что нет до сих пор Абая, достойно звучащего по-русски, - прописная истина. Есть старательные, бережные, аккуратные поэтические переводы М.Петровых, Вс.Рожественского, М.Тарловского, Л.Озерова, Ю.Неймана, О.Румера. Читаешь их – вполне прилично, весьма близко, похоже, узнаваемо. Начинаешь вникать в перевод, сравнивать с оригиналом – ай, не то, не Абай все же, чего-

то не хватает, нет того обояния, того поэтического шарма, той естественности и многослойности, того дыхания, той мудрости, что в подлиннике. Нет и все. Хоть плач!» [3, 362]. Г.Бельгер тіліміздің жанашыры ғана ретінде айтып отырған жоқ бұл мәселені, аудармашы ретінде айтып отыр. Өкінішке қарай, Абай өлеңдерінің орыс тіліндегі аудармалары тандай қағатындай дәрежеде емес. Сондықтан да, «Абайтану» пәнінің, Абай өлеңдерінің қазақ тілінде оқытылу мәселесі оңды шешім табуы қажет деген ой туындайды. Бұл орыс тілінде дәріс беруге қауқарымыздың жетпегендігінен емес, мемлекеттік тілді дамыту мен саф алтындай таза Абайдың ғажап поэзиясының тілімен, құнарлы да бейнелі сөз кестесімен еліміздің азаматтары түгел сусындап, адамдығымен қатар тіл байлығын да дамытса деген ниеттен туындаған ой.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Янушкевич. Қазақ даласына сапар туралы жазбалар. Астана: Аударма, 2003.
2. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. А., «Жазушы», 1995.
3. Г.Бельгер. Властитель – слово. В книге: Абай. Тридцать семь стихотворений. А., Дом печати Эдельвейс, 2006.



ТАМШЫДАЙ ТАНЫМ

Дана Абайдың қор қылып қасиетін,
Шаң қаптырып қалдырған өсиетін,
Айтқан сынын құлаққа қыстырмастан
Болып алдық Батысқа бас иетін...



Ардақ СОВЕТҚЫЗЫ,
Астана қаласындағы
№20 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРХАНА ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

«Ана тілі – жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлық толқындарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазына» деп, Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, халықтың жаңа буын, жас ұрпағына білім мен тәрбие беру, елдің ертеңінің іргесін қалап, қалыптастыруда ана тілінің алар орыны ерекше.

Бүгінгі күні өркениетті әлем елдерімен терезесі тең дәрежеге қол жеткізген тәуелсіз Қазақстан Республикасының болашағы саяси-экономикалық факторларымен бірге оның мемлекеттік тілінің тағдырына да тікелей байланысты екендігіне көз жетті. Тіл – қашан да ұлт мәдениетінің, өнер-білімінің тұғыры болып саналатындықтан, қазақ тілінің келешек дамуы оның білім беру ұйымдарындағы қазіргі таңдағы оқытылу жайынан бастау алады.

Адам баласы тек білім арқылы ғана дүниені таниды, табиғаттың құпия сырларын ашады, ғылымды дамытады, техниканы өрістетеді, қоғамды ілгері бастырады. Білім арқылы өткен тарихын таниды, одан тағылым алады және болашағын болжап, келешекке бағыт белгілейді.

Білім, ең алдымен, тіл арқылы, әсіресе, ана тілі арқылы игеріледі. Демек, тіл, яғни, ана тілі – білімнің негізгі құралы. Сондықтан, ана тілінің осындай қасиетін ерекше бағалап, оны қадірлей білу керек. Ана тілі арқылы басқа халықтардың тілін оқып-үйрену де жеңіл. Қоғамдық, әлеуметтік, мәдени, рухани байлықтарды адам ана сүтімен бірге қабылдап, туған тілі арқылы игеріп, игілігіне жаратады. Өз ана тілін білмеген, қадірлемеген адам өзін дүниеге әкелген, мәпелеп өсірген анасын да, ел-жұртын да, Отанын да сүйе алмайды.

Орыс сыныптарында қазақ тілін оқытуда қойылатын тәрбиелік, дамытушылық міндеттердің күрделілігі әрбір сабақта әр түрлі тәсілдер мен оқу құралдарын үйлесімді қолдануды талап етеді. Білім беру міндеттерінің мақсатқа сай болуы және мұқият іскерлікпен жасалған әдістемелермен ұштастырылуы – қазақ тілі сабағының нәтижелі болуының маңызды талаптарының бірі. Өз тәжірибемде дәстүрлі емес оқу тәсілдерін үйлесімді ұйымдастырып, оқулықты, қосымша әдебиеттерден үзінділерді, «Білімдегі жаңалықтар», «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс сыныптарында», «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналдарында жарияланған мағалымдардың, тәжірибелі ұстаздардың мақалаларын, баспасөз материалдарын, бейне, үн жазбаларды тиімді қолдану арқылы тиісті нәтижелерге қол жеткіздім.

Сабақта тиімді жұмыс түрлерінің жан-жақты орындалуы, ойластырылуы мұғалімнің біліктілігі мен әдістемелік шеберлігіне байланысты. Мемлекеттік тілдің беделін түсірмеу – қазақ тілі пәні мұғалімдерінің басты міндеті. Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдай білу.

Менің оқыту әдісім оқушылардың ойлау қабілетін арттыра отырып, ізденуге, мәтінді суреттеп салуға, сурет бойынша мәтін құруға, ойларын ашық айтуға талаптандырады. Оқушылардың таным, ой қабілеттерін дамыту үшін

сабақта сан түрлі әдіс-тәсілдерді қолданамын. Әсіресе, педагогикалық шеберхана технологиясын қолдана отырып, сыныпты топқа бөліп, мәтінмен, суретпен, оқушылардың өздігімен жұмыс істеуіне және олардың сабаққа деген белсенділігін арттыруға ерекше көңіл бөлемін.

Әрбір оқушының шығармашылық күш-қуатын толық пайдаланып жұмыс істеуіне, өз біліміне сенімді болуын, еңбегінің қуанышын сезіне біліп, жоғары жетістіктерге жетуді көздеймін. Үйге берілген тапсырманы күнделікті тексеремін. Сонда тапсырманы орындап қана қоймай, оқушы ұқыптылыққа, тиянақтылыққа үйренеді.

Өткен тақырыпқа қайталау жүргізгеннен кейін оқушының ойына түрткі салатын индуктор (зат, сурет, графикалық белгі, музыка, қимыл, мәтін, айқай-шу, иіс, кескін, фильм және т.б.) арқылы шығармашылық сезімін ояту, ойын жинақтау, пәнге деген қызығушылығын тереңдету, әр оқушыға логикалық тапсырма беру, ауызша, сөздікпен, суретпен, мәтінмен жұмыс жүргізе отырып, оқып-үйренуге тапсырма беремін.

Қазақ тілінде еркін сөйлеуге, сауатты жазуға, оқығанын, көргенін, естігенін әңгімелеп беруге, ана тілімізді оқыта отырып, оқушылардың Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттырып, ұлттық салт-дәстүрді құрметтей білуге тәрбиелеймін.

Оқушылардың барлығы да шығармашылыққа, өзін-өзі дамытуға қабілетті. Сондықтан да барлығы өзін тең санау керек (*«жақсы» және «өте жақсы», «орташа» оқиды деп бөлінбейді*). Әр баланы сөйлетуге тырысамын.

Педагогикалық шеберхана әдісімен өтілген сабақта оқушылар бағаланбайды, жарыс түрінде қарсылас топпен жұмыс жасалмайды. Ынталандыру үшін өзін-өзі бағалау, өзін-өзі түзету, өзін-өзі тәрбиелеу әдістері қолданылады. Жеке және топтық, ұжымдық жұмыстар ынтымақтастыққа, өзара түсіністікке, сұрақ-жауап арқылы сөйлеу мәдениетін

көтеріп, диалог арқылы, шындыққа жетуге тәрбиелейді.

Табиғатта болып жатқан құбылыс өзгерістері мен адамзаттың рухани еңбегінің нәтижесінде шеберхана жұмысы **тіл** арқылы негізделеді. Сондықтан, **тіл** – шеберхананың ең маңызды құралы болып табылады.

Тапсырманы таңдау, талдау түрлерін анықтау, қорытындылау түрлері мұғалімнің таңдауымен беріледі. Осы тапсырманы таңдауда, талдауда, қорытындылауда нақты жауапкершілік болу керек. *(Себебі – сабақта оқушылар тым еркіндік алып, тақырыптан ауытқып кетуі мүмкін).*

Педагогикалық шеберхана технологиясы бойынша сабақ өткізу 7 кезеңнен тұрады.

Шығармашылық – **индукция** сезімін ояту, ойын жинақтау, пәнге деген қызығушылығын тереңдету, әр оқушыға логикалық тапсырма беру.

Деконструкция – материалмен жұмыс (мәтін, модель, бояу, дыбыспен).

Реконструкция – заттардың құрылысы туралы шағын әңгіме жазу, суреттеу, шағын кескіндер құрастыру.

Әлеуметтендіру – жұп немесе топта жұмыс әрекетін қалыптастыру, оқушының өз ойын басқалармен бөлісу, алған білімін бағалау.

Жарнамалау – әр оқушы өз жұмысын сурет, мәтін, кескін, жоба арқылы жарнамалап ортаға салады, әр оқушының өз жұмысын тақтаға ілуге, дауыстап оқуға толық мүмкіндігі бар.

Үзіліс – оқушылар бір сәт ойларын жинақтайды. Бұрынғы алған білімін жаңа сабақтан алған білімімен салыстырады. Жаңа сабақтан алған білімін жинақтау үшін, өткен сабақта жіберген қателерін түзеуге сөздік, энциклопедия, оқулық, компьютер, т.б. керек.

Рефлексия - әр оқушының материалды қорытындылауы, өзіндік талдауы, ой жүйелілігіне салыну, сезімі, білімі.

Сабақ барысында арнайы мәтінмен жұмыстар жасалып, бояумен, дыбыстармен (музыка әуені), модельдермен, сызба үлгілерімен жалғасып отырады. Көптеген тапсырмалар беріліп, қажет болған жағдайда көмек көрсетіледі.



Балзия МОЛДАХМЕТОВА,
Астана қаласындағы
№62 мектеп-лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

САПАЛЫ САБАҚ КЕШІЛІ – КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАР

Бүгінгі таңда әрбір мектеп оқытушыларына оқу пәнінің мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін одан әрі жетілдіру, мектептің өмірімен байланысын нығайту мәселелері міндеттеліп отыр. Сондықтан да орта мектептің бағдарламасы сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдануға айрықша мән береді.

Сондай тиімді әдістердің бірі – қазақ тілін көрнекі құралдар арқылы оқыту әдісі.

Көрнекі құралдар арқылы берілген білім мен тәрбиені оқушы көру, есту қабілеті арқылы бірден зейін аударып, есіне сақтап қалады, байқағыштыққа төселеді және баланың қабылдауын жеңілдетеді, ойының айқын болуын қамтамасыз етеді, берілген білімді саналы меңгеруге баулиды.

Ең алғаш оқытудағы көрнекілікке анықтама беріп, құнды пікір қалдырған Ян Амос Коменский көрнекілік туралы айтқан «Алтын ережесінде»: «... бала сезімі қабылдай алатын нәрселердің барлығын сезім әсерлерін туғызып

білдірген жөн. Көруге болатынды көзге көрсет, естуге болатын нәрсені құлақ қойып тыңдасын, иіскеп білсін, дәмін татып көрсін, қолына ұстап, нәрсенің қатты, жұмсақтығын, т.б. байқасын»,- деген болатын.

Осы Я.А.Коменскийдің алтын ережесінде айтылғандай, әр сабақты көрнекі құрал-жабдықтар қолдану арқылы өткізу көптеген жетістіктерге жеткізері анық.

Әрине, көрнекі құралдарды белгілі бір мақсатта және көрнекі құралдардың түрлерін оқу пәндері, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай қолданған дұрыс. Тағы бір ескерте кететін жәйт – көрнекілік баланың жас ерекшелігіне қарай эстетикалық және әдістемелік талапқа сай жасалуы тиіс. Осыған байланысты оқыту үрдісінде қолданылатын көрнекі құралдардың түрлері күннен-күнге артуда. Жалпы, көрнекіліктің түрлері төмендегіше жіктеледі:

Жаратылыс көрнекілігі (оқушыларды табиғатқа экскурсияға апару арқылы шағын әңгіме, мазмұндама, шығарма жаздыру).

Көлемдік көрнекілігі (фото-суреттер, суреттер, диафильм, диапозитив, кинодан үзінді, т.б. көрсету арқылы тақырыпқа байланысты әңгіме құрастыру).

Дыбыстық көрнекілігі (күйтабақ, магнитофоннан үзінді оқып, талдату).

Графикалық символдық көрнекілік (сурет, кесте, сызба, диаграммалар).

Қазақ тілі сабақтарында тақырыптың ыңғайына, мұғалімнің шеберлігіне қарай аталған көрнекіліктердің бірі таңдалады. Әр сабақта көрнекіліктерді қолдану – білімді ынталы игеруге уақытты үнемдеуге пайдалы. Сондай-ақ, зерттеу жүргізген ғалымдар оқушылардың сабақты көрнекілік арқылы түсіндіргенде 91% ұғатынын, құрғақ сөзбен түсіндіргенде 24% ғана ұғатынына көз жеткізген.

Қазақтың ұлы педагогы Ы.Алтынсарин көрнекіліктерді пайдалануға зор көңіл бөлген. «Қазақтың жастары ғылым, өнерді кітап сөзі деп қарамай, заттай, көзімен көріп, ажырата білулері керек» - деп тұжырымдайды ағартушы ұстаз.

Сондай-ақ, қазақ тілінде тіл дамытуға байланысты жиі қолданылатын көрнекілік түрі – кесте сызбалар қазақ тілі сабақтарында басты орын алады. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда тірек-сызбаларын пайдалану оқушылардың танымдық қабілеттерін арттырып, тіл шеберлігін ұштайды.

Тірек-сызбасын үздіксіз жүйелі қолданудың нәтижесінде қазақ тілінен оқушылардың білім деңгейінің жоғарылағаны байқалады.

Тірек-сызба 6-11 сыныптардың бағдарламасы бойынша жасалады. Жеке-жеке тақырыптар бойынша беріледі. Әрбір тірек-сызба үлгісін сыныптағы оқушыларға жететіндей мөлшерде көбейтуге болады, не болмаса тақтаға ілініп қойылады.

Көрнекіліктің басқа бір тиімді түрі – суреттерді пайдалану (жеке кеспе суреттер, сюжетті суреттер). Мұндай әдіс жақсы нәтижелер береді, оқушылардың тілін дамытуда да өте тиімді. Негізінде, еске сақтау қабілетін дамытатын көрнекіліктерді қарапайымнан күрделіге қарай өзгертіп қолдануға болады.

Қазақ тілі сабағында кестелер де жиі қолданылады. Кесте бұрын таныс емес грамматикалық материалды нақты түсіндіруге, сөйлем құрылысын меңгеруге өте ыңғайлы.

Қазақ тіліндегі кестелер мазмұнына қарай: лексикалық, морфологиялық, фонетикалық, орфографиялық және синтаксистік, пунктуациялық болып бөлінеді.

Лексикалық кестелер сөздің мағынасын түсіндіруге, оқушының сөздік қорын дамытуға, лексикадан ауызша және жазбаша жаттығу жұмыстарын жүргізу үшін қолданылады.

Мысалы:

Мақсаты: төмендегі сөздерден омоним сөздерді бір бөлек, синоним сөздерді бір бөлек, әрі омоним, әрі синоним болатын сөздерді бір бөлек теріп жазып, олардың мағыналық айырмашылығын түсіндіру.

Ұнамды, жаз, бас, ас, амал, ажар, жүз, қыдыру, сабырлы, көк, амандасу, ақ.

Төмендегі перфокартаны толтырыңдар:

Омоним: бас, ...

Синоним: сұлу, ...

Антоним: ұзын, ...

Фонетикалық және орфографиялық кестелер жазылуы және айтылуы қиын сөздерді меңгерту үшін қолданылады. Әсіресе, фонетика тарауын өткен кезде дыбыстар жүйесін саналы меңгерту көптеген ұйымдастыру және шығармашылық жұмыстарды қажет етеді.

Ұяң дыбыстар	Ұяңмен келген сөздер	Ұяң дыбыстармен келген сөйлемдер
Б	Байлық	Ел байлығы жылдағыдан арта түсті.
В	Вагон	Бұл вагонда Асқардың ағалары бар еді.
Д	Дала	Дала гүлге бөленді.
З	Зейін	Айша сабақты зейін қойып тыңдады.
Ж	Жаппар	Жаппар ағасының сөзін тыңдады.
Г	Гүлсім	Гүлсім оқуға жүріп кетті.
Ғ	Ғұмар	Ғұмардың жолдасы Павел болатын.
Һ	Аһ, уһ	Аһ, - деп демімді алдым.

Үлестірмелі кәртiшке де көрнекiлiктiң бiр түрiне жатады. Бұл жеке оқушымен жұмыс iстеуге өте ыңғайлы. Әсiресе, суретпен берiлген кәртiшкелердi «Лексика», «Сөз құрамы» тақырыптарын оқытуға байланысты қолдануға болады. Суретпен берiлген кәртiшке арқылы сын есiм, зат есiм, етiстiк, үстеулердiң нақты лексикалық мағынасын түсiндiру тиiмдi.

Берiлген материалдағы тапсырмалар суретке сай болуы қажет. Мүмкiндiгiне қарай ол тапсырмаларды орфография-

лық және пунктуациялық дағды беруге, тіл дамытуға байланысты, құрмалас сөйлем синтаксисін қайталау мақсатында қолданған тиімді. Үлестірмелі кәртiшкелер неғұрлым әдемі, эстетикалық талғамға сай жасалса, соғұрлым оқушылардың қызығушылығын арттырады. Ондай кеспе қағаздарды өткен сабақты қайталауға, бекітуге қолдануға болады.

Сабақта қолданылатын келесі бір көрнекіліктің түрі – сөзжұмбақ. Бұл оқушыларды бір жағынан, сергітсе, екінші жағынан, ойларын ұшқырлауға, сөздік қорларын молайтуға жақсы әсер етеді. Сондықтан, сөзжұмбақты түрлендіре отырып пайдаланған жөн.

Сонымен, біз тіл дамытуға байланысты көрнекі құралдарды сабақта пайдаланудың өзіміз көбірек қолданып жүрген тәсілдеріне тоқталып өтуге тырыстық.

К.Д.Ушинский көрнекілік жайлы: «Бірнеше сезім мүшелері қатысуы арқылы жаңа ұғым адам санасына тез қонады және берік сақталады» - деп оның ұтымды әдіс екенін естен шығармауды ескертеді.

Сондықтан да әр сабақта шығармашылықпен көрнекілік таңдап, эстетикалық талғаммен іріктеп, жүйелі түрде қолдану – мұғалімнің жүргізіп отыратын күнделікті жұмысында жақсы нәтижеге жетудің ең тиімді жолы деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:


1. Ы.Алтынсарин. Қырғыз хрестоматиясы. Орынбор, 1879.
2. Ж.Әбиев, С.Бабаев, А.Құдиярова. Педагогика. А., «Дарын», 2004.
3. Д.Әлімжанов, Ы.Маманов. Қазақ тілін оқыту методикасы. А., 1965.
4. Қ.Жарықбаев. Психология негіздері. А., «Эверо», 2005.
5. Я.А.Коменский. Великая дидактика. М., 1939.
6. К.Д.Ушинский. Избранные педагогические сочинения.Т.2. М., «Учпедгиз», 1954.

ОҚЫТУ ДИДАКТИКАСЫНЫҢ ӘРЕКЕТТІК МОДЕЛІ


Бүгінгі ХХІ ғарыштық, ментальді кеңістікте қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің бірден-бір ғылыми негізін құрайтын іс-әрекетін моделдеу қиындық туғызып отырғанын мойындау керек. Ұстаз үшін және оқушы үшін моделдеу әдісі зерделеп отырған әдеби шығармаларды гносеологиялық әдісті алмастыратын іс-әрекеттерінің маңызды мәнге ие болуын аңғартады.

Оқушының қазақ әдебиеті пәнінен рухани және (жас ерекшеліктеріне сай) материалдық әрекеттерінен модельдерді құру мен оны көз алдына елестету, өмірдегі ұқсас құбылыс-көріністермен байланыстыру әдістерінің шексіз тізбегін құрайды. Ұдайы суггесивті ойша таным әдісінің әрекетін модельдеуге оқушыны дағдыландыру ұсынылады. Алтыншы сыныптан он бірінші (он екінші) сыныпқа дейін оқушыны қазақ әдебиетінен бағдарламаға қатысты білімдендіру мақсатына жетуде ең тиімді әдістерді белгілі бір әдістемелік жүйеге тізбектей алу шеберлігін меңгеруге бағыттайды. Осыған орай, әдебиетті оқыту дидактикасының әрекеттік моделін ұсынамыз.

1-кесте.



1. Оқыту мақсатын ашу.
2. Оқытудың теориясын (мазмұнын) табу.
3. Әдістемелік үрдістерді сұрыптау.
4. Ұйымдастыру түрлері.

- 
5. Оқытудың нәтижеге жеткізер түрлерін диагностикалау.
 6. Білім мен оқу мазмұнын бағыттау.
 7. Объективті бақылауға септігін тигізер әдістерді табу.
 8. Педагогикалық әдістемелерді жіктеу.

Зерттеу жұмысының мәнісін және оның ғылыми мәнін түсіну үрдісінде бірқатар моделдеу тізбегі құрылды:

- ұстаздың әдістеме таңдау мамандығын ұштайтын функционалдық моделі;
- қазақ әдебиеті пәнін оқытудың әдістемелік моделі;
- ептіліктің даму үрдісінің моделі.

Әдістемелік жүйенің ішкі құрылымында өзара қатынасым бар: құрал – мақсат; пішін – мазмұн; сөздер – заттар; сыртқы қатынасым – ішкі қатынасым; оқытушы субъект – оқушы субъект; қозғаушы күш – қозғалушы күш. Осы қатынасымдардың болуы ынталандырудан (мотивтендіруден) басталады. Ал, мотивацияның өзі бірнеше элементтерден тұратын жүйелік әрекет: идеяны қозғаушы, идеяны өндіруші, ақыл-ойды дамыту түйсігі - әдістеменің қызметіне байланысты болады, сондықтан әдістеме заман талабына сай, тиімді, орынды әдістемелік жүйенің құрылымдары қатынасым кеңістігін модификациялайды.

Әдістеме құрудағы модельдеріміздің бірінші сатысы-мақсаттандыру моделі. Іс-әрекетті орындауда мақсат-міндет таңдау әдісі қойылады. Бұл әдістеме құрудың алғашқы қадамы- мақсат қою. Зерттеу барысында бұл мәселені үш аспектіден қарауды ұсынады: мақсат – жоба; мақсат – үрдіс; мақсат – нәтижеге жету.

Мақсат – жоба: бағытталған іс-әрекеттің болжамын жасау әдісі.

Мақсат – үрдіс: түрлі әрекеттік мақсаттардың бірлестігін табу әдісі. Мақсат – нәтижеге жету: нақты деңгейлік индикаторларын (көрсеткіштерін) белгілеу әдісі.

Мақсаттандыруда арнайы іс-қимылды білдіретін етістіктер белгілі жүйемен қызмет атқарады.

Бірінші топқа нақты өлшемдікке көнетін, индикаторлары (көрсеткіштер) белгілі әрекеттер: талдау, таныстыру, қолдану, жабдықтандыру, жасау, құрастыру, жағдай туғызу, талқылау, сұрыптау және т.б. етістіктер жатады.


Екінші топқа дерексіз өлшемді білдіретін етістіктер: меңгеру, түсіну, тәрбиелеу, т.б.

Бұл етістіктер әрекеттердің нәтижесін нақты өлшеуге мүмкіндік туғызбайды, индикаторлары (көрсеткіштері) белгісіз. Олар анықтамалық сөзсіз қолданылмайды. Мысалы, меңгеру: мазмұнын меңгеру, түсіну, тәрбиелеу. Қажетті әдістерді қолдану үшін қызмет ететін етістіктерді талғап қолдану жұмыстың өнімділігін арттырады.

Оқыту өрісі – жоспар мен бағдарламаның орындалу тетігі, кезекті орындалуы, хабарламасы, нұсқасы. Бағдарлама білім мазмұнысыз кеңістікте пайда бола алмайды. Ол – мазмұнның сапасы мен санын толықтыруға арналған көрсеткіш. Оқыту өрісінің құрамды бөлшектері: білім мазмұны, оқу бағдарламасы, оқыту жоспары, іс-қимылды білдіретін етістіктер.

Ойымызды кестеге салсақ, төмендегі дидактикалық өріс құрамының моделі туады.

2-кесте. Оқыту өрісінің құрамы.



3-кесте. Оқыту дидактикасының орындайтын қызметі. Меңгерілген білім мазмұнын тексеру:

1-қадам – Не білу керек? Тақырыптандыру. Теория мен таным әрекеттерін бірлестіру.

2-қадам – Не істеу керек? Ынталандыру. Сана-сезімді білім теориясына бағыттау.

3-қадам – Қалай істеу керек? Жолдандыру. Теорияға әрекетті жүктеу.

4-қадам – Не білу керек? Тұтастандыру. Теорияны жаңа тұрғыдан қарастыру.

5-қадам – Қалай білдің? Бақылату. Теорияны тіректендіру, жаңа ой туғызу.

6-қадам – Нені білдің? Пайдаландыру. Білім теориясын зерттеушілік пен құрастырушылыққа бағыттау.

Әдістеме ілімі – теория жағынан педагогика ілімінің бір құрамдық бөлігі, мазмұндық жағынан қоғамдық міндетті орындайтын жүйе. Әдістемеді міндетті түрде әрекет бар. Философияның заңдылығы бойынша заттар әрдайым қозғалыста болады. Қозғалыстар «жеңілден - күрделіге» иерархиялық жолмен орындалады. Ол жүйе құрудың талабына сай. Осылайша әдістеменің құрамына объектілер кіріп, күрделі әрекеттердің жүйесін құрастырады.

Объектілердің әрекетін жүйелеуде ғылыми қағидалар негізге алынады. Әдістеме мазмұны құрамнан, құрылымнан, қызметтен тұрады.


Әдістеме ілімінің теориялық базасы: шығарма мазмұны, мақсаттық ұстанымдар, жүйелі әрекеттер, яғни, шығарма мазмұнының құрамы-құрылымы-қызметі, мақсат құрамы-құрылымы-қызметі, жүйелі әрекеттер құрамы-құрылымы-қызметі.

Әдістеме таңдаудың міндеттерін шешудің алғашқы қадамы-оқытуға тиісті пәннің анықтық және айқындық қағидасын жүзеге асыру амалын табу. Жалпы, мақсатты

білім теориясының ұсақ мәселелерге жіктеп, жалқылап, оны жалпылық ұғымға келтіріп, атау беру арқылы ірі мақсатты құрастыруға болатынын «Төрт түлік малдың кеңесі» мәтінінен түйе туралы ұғым когнитивті танымды қабылдау мақсаты ретінде жиынтықпен (матрицамен) берілуі.

Жиынтықпен берудің тәсілі оқушы мәтінді тұтастай қабылдаудың әдісін тапты дегенді байқатады. Егер осындай тұжырымға оқушының ойлау іс-әрекеті жетсе, әдебиет пәнінің ізгілікті тәлім алуға бірден-бір ерекше пайдасының бар екені белгілі.

Түйе



Шерхан Мұртазаның «Қыз бен бота» шығармасын сын тұрғысынан ойлау әдістемесіне салып оқыту.

Сабақ тақырыбы: Шерхан Мұртаза. «Қыз бен бота» әңгімесі. (6-сынып).

Сабақтың білімділік мақсаты: жаңа тақырыпты айту және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлап талқылауға үйрету. Осы мақсатқа жету үшін пайдаланылатын стратегиялар маңызды істерге бастайды.

1. Бір-бірінің пікірін құрметтейтін ортаны қамтамасыз ету.

2. Оқушыларға нақты мақсат қоюға мүмкіндік береді.

3. «Қыз бен бота» тақырыбын талқылауға белсенділікпен қатысуға үйретеді.

4. Шығармашылықпен жұмыс істеуге ұмтылдырады.

5. Жазушыға деген құрмет сезімдерін нығайтады.

6. Өздерінің айтқан, жазған жауаптарына толғанып ойлануын қамтамасыз етеді.

7. Оқушыларды сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту арқылы өз ойын тұжырымдауға және басқалардың көзқарасын сыйлауға үйретеді. «Қыз бен бота» тақырыбын толық меңгеру үшін пайдаланылатын оқыту стратегиялары.

1) Ой шақыру. 2) Топтастыру. 3) Кубизм. 4) Венн диаграммасы. 5) Еркін жауап (мағынаны тану). 6) Түсініктеме күнделігі. 7) 5 жолдан тұратын қорытындылау тақпағы. 8) Ой-толғаныс.

(Әр стратегияның мақсаты сабақ барысында түсіндіріледі).

Пәнаралық байланыс: тарих, музыка, қазақ тілі.

Дамытушылық мақсаты: оқушыларды осы сабаққа дейінгі білетін ақпараттар мен одан кейінгі білгенін ұштастыру, жинақтау.

Көрнекіліктер: жазушының портреті, суреттер, сабаққа қажетті плакаттар, маркерлер, т.б.

Ұйымдастыру: оқушыларды топқа бөлу.

Алдын ала дайындалған геометриялық фигураларды оқушыларға таратып беремін де, үш топқа бөлемін. Осы әрекетті жүзеге асыру, ұйымдастыру ісіне – 1 минут.

I. Ой шақыру: 1 минут.

- Балалар, кәне, кім айтады, бота туралы нені білесіңдер?

- Бота қандай жануар? Қане, ойластырайық бәріміз.

II. Топтастыру әдісі.

Топтастыру – оқушыларды еркін ойлауға және тақырыпты ашық талқылауға бағытталған оқу стратегиясы. Бұл жаңа идеяларды жинақтап, бір-бірімен сабақтастыру үшін қажетті құрал. Топтастыру қызықтыруды ояту үшін қолданылып отыр. «Қыз бен бота» тақырыбына байланысты ой тудыруды күшейту үшін қолданылады.

Оқушыларға «Қыз бен бота» тақырыбы ұсынылады. Алдарына дайын қағаз (плакат) қойылады. (5 минут).

«Қыз бен бота» тақырыбы бойынша (суреттей ме, салыстыра ма, ол өз еріктері, тіпті суретін салуға да болады, себебі, алтыншы сынып оқушылары суретін салып әңгімелеп бергенді жақсы көреді), ойларына келген сөздермен сөйлемдерді жазып шығады. Топпен жұмыс істейді.

Қыз бен ботаның айтқан сөзіне мән береміз. Берілген уақыт біткенше жаза береміз. Топ идеяларды топтастырып жазады. Топ мүшелері ойын қорытып болған соң, уақыттың біткенін ескерту. Үш қатар да жазғандарын тақтаға іледі. Топтағынан шыққан оқушы өз ойларын айтып шығады. Оған 8-9 минут уақыт беріледі.

III. Кубизм. Тақырыпты жан-жақты қамтуға мүмкіндік туғызатын оқыту стратегиясы.

Кубиктің алты жағы бар.

Суреттеп беріңіз.

Салыстырыңыз.

Зерттеңіз.

Қолданыңыз.

Бұл туралы ойлағанда көзіңізге не елестейді. Ауызша талдау.

Талқылаңыз, қолданыңыз, қарсы шығыңыз.

1-топқа кубикті шиіріп тастау керек.

Суреттеңіз: кубиктің осы беті түссе, екі кейіпкерді суреттеу.

Салыстырыңыз: 5 минут. Мысалда берілген (Ұшқыш

пен Раушанның сөздері) әңгіме жолдарын тауып, сол арқылы салыстыра суреттеу.

Зерттеңіз: 4 минут. Жалпы мысал туралы топ оқушылары өздері білетін білімдерін ортаға салады. Бұл туралы ойлағанда көз алдыңызға не елестейді?

Оқушы қиялы. Болжау.

- Қолдаңыз, не қарсы шығыңыз. Бота дұрыс жасады ма? Раушан дұрыс жасады ма?

Әңгімеден мысал келтіріп, дәлелдендер.

IV. Венн диаграммасы. 5-7 минут. Венн диаграммасы қабысып жатқан үш дөңгелектен тұрады.

Бота мен Раушан туралы бар білетіндерін өз дөңгелегіне жазады. Ал, екеуіне ортақ қасиеттерін ортасына жазады. Әр топ алдындағы қағазға толтырады. (5 минут).

V. Еркін жауап (мағына тану). 8-10 минут.

Оқушылар «Қыз бен бота» әңгімесіндегі өздеріне ұнаған жерлерін жаттап алады. Оны сұраған кезде төмендегі нәрселерді ұмытпауымыз керек.

1. Есте сақтау қабілеті. 2. Дауыс ырғағы. 3. Оқу мәнері. 4. Сөздің анықтығы. 5. Сөз көркемдігі.

VI. Түсініктеме күнделігі. 6-7 минут.

Оқушыларға 5 жолды өлең жазып беру керек.

Әр оқушы өз мысалын талдайды. Ауызша айтады.

Үзінді жазу. Үзінді жайлы пікір.

Тақтаға сызу қажет.

Түсіндірген дұрыс.

VII. 5 жолдан тұратын қорытындылау тақпағы (5 минут).

Ақпаратты түйіндеп айту, терең ойды, сезімді және сенімді қысқа сөзбен қамту. Кодоскоппен көрсету ыңғайлы.

Нұсқау.

Бірінші жол – тақырыпты суреттейтін сөз. Ол зат есімнен болуы шарт.

Екінші жол – сол тақырыпты суреттейтін екі сөзден тұру керек. Екі сын есім.

Үшінші жол – іс-әрекетті көрсететін үш сөз болуы тиіс.

Төртінші жол – төрт сөзден тұратын мағыналы сөйлем.

Соңғы жол синоним болуы керек. Жасалу жолы.

Үш топ талдайды.

VIII. Ой – толғаныс. 10-13 минут. «Қыз бен бота» әңгімесі туралы эссе жазу.

Әдебиетті қазақ тілі сабақтарымен байланыстыра оқыту үрдісі көп көмегін тигізетіні анық. Айта кететін жағдай – орыс аудиториясында қазақ тілін оқыту үрдісі де әлі толық арнайы әдістемелік жолға салынбаған. Сондықтан бұл мәселенің шешімі ұстаздардың өте тиянақты қарағанын талап етеді. Жалпы, тілдерді үйренудің психологиялық ережелері мен адам болмысы табиғатының нормалары бойынша басқа тілді меңгеру процесі адамның жас кезінде тиянақты түрде қабылданады. Креативті – шығармашыл жұмыс атқаратын, құзыреті жоғары ұстаздар аталған іс-шараларды теориялық тұрғыда дұрыс меңгеріп, Ресейде, Қазақстанда және т.б. мемлекеттерде Т.Гончарова, В.В.Шаталов, Е.Ильин, Я.С.Турбовской, Архимед Ысқақов, Қ. Айтқалиев, Қ.Бітібаева және т.б. ғалым-әдіскерлер легі өмірге келді.

«Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» тақырыбында жариялаған Елбасының халқына Жолдауының XXI Ғасыр деңгейінде білім беру мен кәсіптік даярлау міндеті алда тұр.



Арайлым СЕРІКБЕКҚЫЗЫ,
Семей қаласындағы
№8 жалпы білім беретін
көркемдік-эстетикалық
білім мен тәрбие беру
мектеп-кешенінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА КОММУНИКАТИВТІК ОҚЫТУДЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ

Елімізді мекендеген өз ұлтымыздың өкілдерінің мемлекеттік тілді меңгеруі – бүгінгі күннің өзекті мәселесі екені бәрімізге белгілі.

Бұл іс, біріншіден, әлеуметтік сұранысқа негізделген мемлекеттік қажеттілікті нысана еткен жағдайда, екіншіден, бүгінгі оқыту жүйесіндегі қазақ тілінен берілетін білім нәтиже берген жағдайда ғана алға басады.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарты, базистік оқу жоспары, тілді оқыту тұжырымдамасы және мемлекеттік оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

Қазақ тілі жалпыға бірдей міндетті пән болып есептеледі. Әр саты бойынша даярланған оқу бағдарламаларында қазақ тілінен берілетін білім мазмұны мына ұстанымдар негізінде жүргізіледі:

1)Тақырыптық ұстаным. Бұл жерде қазақ тілін тәжірибелік бағытта оқыту көзделеді. Барлық грамматикалық формалар сөйлеу моделі арқылы диалогтік, монологтік сөйлеу түрінде лексикалық тақырыптар арқылы практикалық жолмен меңгеріледі.

2) Жүйелік ұстаным. Дидактикалық ұстаным бойынша тілдік материалдар жүйелік ұстанымға негізделе құрылып, жеңілден ауырға көшіп, күнделікті қарым-қатынас жасау мақсатында сөйлеу тіліне қарай іріктеліп беріледі.

3) Оқушының ана тілін негізге алуы. Бұл ұстанымда коммуникативтік қарым-қатынас жасауда баланың ана тіліндегі білімі мен сөйлеу дәрежесі негізге алынады.

4) Функционалдық ұстаным. Бұл ұстаным бойынша «қазақ тілін функционалдық дәрежеде меңгеруде қандай грамматикалық формаларды меңгеруге болады?» деген мәселе ескеріледі.

Осы ұстанымдарды тірек ете отырып, бағдарлама оқушы сөйлеп үйрену үшін қандай грамматикалық формаларды меңгеруге, білуге тиіс және оған қажетті лексикалық, грамматикалық минимумдар жүйесін жасау, сөйлеу моделдерін беру, т.б. мәселелер ескеріліп, әр сыныпта оқылатын материалдар оқушының сөйлеу, ойлау қабілеті мен тілін дамытуға бағытталады.

Коммуникативтік әдіс – оқушы мен мұғалімнің тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын, белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларға тән басты белгілер мен қағидалардың басты жүйесінен тұратын, тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі.

Коммуникативті стратегияға кіретін сәттер:

1) *әңгімелесушінің зейін қойып тыңдауын қадағалау;*

2) *«бәрі түсінікті» деген сигнал арқылы толық түсінуді қамтамасыз ету;*

3) *«мен дұрыс түсіндім» деген сигнал арқылы әңгімелесушінің толық түсінігін қамтамасыз ету;*

4) *сөз жетіспеушілігі мәселесін сөз тіркестері мен түсініктемелер, мимика, сөздер айырбастау арқылы шешу;*

5) грамматика жетіспеушілігінің мәселесін, сөз құрылымын қысқарту немесе ауыстыру, қателерді елестіру шешу;

б) қате кеткен жағдайда өзін-өзі түзету;

7) қарым-қатынастың тақырыбын өзгерту арқылы әңгімені қолдап отыру.

Коммуникативтік ойлау іс-әрекетіне дайын болатын когнитивтік компетенция коммуникативтік потенциалдың керекті компоненті болып табылады.

Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың ойлау қабілетін дамытатын жағдайлар:

- мәтінмен жұмыс;
- мәселемен жұмыс;
- ойындық есеп жұмысы.

Ойлау мен сөйлеуді керек ететін кез келген жағдайда үш компонент өзара байланысады:

- шешілетін мәселе;
- бар білімдері;
- зерттеу әрекеттері.

Коммуникативтік оқыту тілдік әрекетті барлық түрінде қалыптасады. Тыңдауда да, сөйлеуде де оның іске асуын қамтамасыз етеді.

Лингвистикалық, әдістемелік әдебиеттердің көпшілігінде сөйлесу әрекетін 4 түрлі қарастыру тұрақты орын алған:

- сөйлеу;
- оқу;
- жазу;
- түсіну.

Қазақ тілі пәні мұғалімінің негізгі міндеті – қазақ тілі сабақтарын мазмұны мен формасы жағынан қызықты, тиімді өткізу.

Менің ойымша, пәннің мазмұны, яғни, сабақтың дидактикалық элементтерінің жүйесі мынандай құрамда

болуы керек:

- сөйлеу материалдары;
- сөйлемді оқу, жазу, ұғыну.

Тіл материалдары үш топқа бөлінеді:

Лексикалық бағыт – айтылуын меңгеріп, мағынасын өмірде кездесетін жағдайлар арқылы тез игеру.

Фонетикалық бағыт – дыбыстың айтылуы мен жазылуын меңгеру.

Грамматикалық бағыт – жас ерекшелігіне сай тапсырмалар орындалуы.

Этномәдениет материалдары – тіл мәдениеті, ұлттық материалдар, ән-күй, үй жабдықтары.

Осыған орай, баяндамамды Сент-Экзюперидің сөзімен аяқтағым келеді: «Жер бетіндегі ең үлкен байлық – қарым-қатынас».



Назигүл ШАҚПАҚБАЕВА,
Семей қаласындағы
№35 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

МОДУЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

(6-сынып)

(Жалғасы. Басы 2010 жылдың №11 санында.)

№11 модуль.

Лексикалық тақырыбы: Көктем.

Грамматикалық тақырыбы: Етістіктің райлары.

Бөлімі	Сабақ саны	Модульдің мазмұны	Уақыты
Кіріспе	1-сабақ.	Модульдің құрамын түсіндіру. Грамматикалық тақырыпты түсіндіру. Сөздік жұмысы. Лексикалық тақырыпты түсіндіру. Бекіту.	5 минут 8 минут 8 минут 12 минут 12 минут
Сөйлесу	2-сабақ.	«Көктем» мәтінімен жеке топтық жұмыс түрі.	45 минут
	3-сабақ.	1. Терме диктант. 2. «Наурыз» мәтінімен жұмыс («Қазымыр оқушы», «Шеңбер бойымен әңгімелеу» оқыта үйрету ойындары).	10 минут 35 минут
	4-сабақ.	Сөйлесу. Жұптық жұмыс. Бақылау жұмысына дайындалу.	20 минут 25 минут
	5-сабақ.	Тест. Диктант.	10 минут 35 минут
Қорытынды	6-сабақ.	1. Қатемен жұмыс.	45 минут

Оқушы нені білуі тиіс:

- Лексикалық тақырыпқа байланысты жаңа сөздермен танысып, оларды дұрыс айту, сауатты жаза білу;
- Сөйлемдегі сөздерді орын тәртібіне қарай дұрыс қолдана білу;
- Тақырып бойынша өз сөздерімен әңгімелей білу.

Оқушы нені үйрену қажет:

- Модуль бойынша тақырыпқа байланысты өтетін жаңа сөздерді дұрыс айтуға, сауатты жазуға үйрену;

- Етістіктің райларын ажырата білуге үйрену.

Кіріспе бөлімі:


I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Модульдің құрамын түсіндіру.

III. Сабақтың мақсатын, барысын айту.

IV. Грамматикалық тақырып.

Тақтада тірек-сызба ілулі тұрады. Мұғалім осы сызба арқылы грамматикалық тақырыпты түсіндіреді. Қазақ тілінде етістіктің төрт рай тұлғасы бар: ашық рай, шартты рай, бұйрық рай, қалау рай.



6-сыныпта біз үш рай тұлғасымен танысамыз.

Бұйрық рай. Істің орындалуының бұйрықтық мағынасын білдіретін етістіктің түрі бұйрық рай деп аталады. Етістіктің бұйрық рай түрі іс-әрекеттің бірінші, екінші жаққа немесе екінші жақ арқылы үшінші жаққа бұйыра айту мағынасын білдіреді. Бұйрық райлы етістік I, II, III жақта айтылады. Мысалы: *Мен оқимын, сен оқы, ол тыңдасын.*

Етістіктің шартты рай түрі қимылдың, іс-әрекеттің істелу, іске асу мүмкіндігінің шартын білдіреді. Етістіктің шартты рай түріне жіктік жалғауы жалғанады. Шартты райдың III жағының арнаулы жіктік көрсеткіші болмайды. Етістіктің қалау рай түрі іс иесі – сөйлеуші жақтың, қимыл, іс-әрекетті орындауға ынтасын, тілек-ниетін білдіреді.

Мысалы: бар+ғы+м кел+ді.

Оқушылар оқулықта берілген сызбаны қарап, ережелерді оқып шығады.

V. Сөздік жұмыс:


шатырлау – сверкнуть; кемпіркосақ – радуга; жер жырту – пахать; көже – бульон; ұлыс – народ.	құттықтаймын – поздравляю; жауқазын – тюльпан; дәулет – богатство; көгорай – лужайка; айдын – широкий водоем.
--	---

Сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналарын түсіндіру, сөздік дәптерге жазу. Дұрыс айтуға дағдыландыру:

- Мұғалім мәнерлеп оқиды;
- Оқушылар дауыстап қайталайды;
- Оқушылар тізбектеп оқиды;
- Жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрастырады;
- Сөйлемдер құрайды.

VI. Лексикалық тақырып.

Сызба бойынша мұғалім лексикалық тақырыпты түсіндіреді.



VII. Бекіту.

- Көктем айлары туралы сызбамен жұмыс. Оқушылар екі-екіден отырады. Әр оқушы тапсырманы өз бетінше

орындайды. Дайындыққа 5 минут уақыт беріледі. Мұғалім тапсырманы тексереді.

VIII. Үй тапсырмасы.

Оқулықта берілген мақал-мәтелдерді, жаңа сөздерді жаттау. Мұнан басқа да көктем туралы мақал-мәтелдерді тауып, жаттап келу.

Сөйлесу бөлімі.

2-сабақ.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Сабақтың мақсатын, жүру барысын айту.

IV. «Көктем» мәтінімен жеке-топтық жұмыс түрі.

(Жұмыстың жүру барысы №1 модульдің 2-сабағында берілген).

Тапсырмалар

III деңгей.

«Көктем» мәтінін оқы, аудар.

Мәтіннен етістіктерді теріп жазып, сөз құрамына қарай талда. Бірінші сабақта берілген сызба бойынша көктем айлары туралы әңгімеле.

Жауабы:

III деңгей.

Весенние месяцы: март, апрель, май. Весной дни теплеют, земля подсыхает. На деревьях распускаются почки. Появляется зелень. Оживают насекомые. Как только растает снег, прилетают перелетные птицы и строят гнёзда. Сначала прилетают скворцы, следом ласточки, за ними гуси, летят клиньями журавли, прилетает жаворонок. Гремит первый гром, народ радуется. Распускаются желтые, красные тюльпаны. Скот начинает приносить приплод, начинается посев.

Жылынып, бусанады, жарады, шығады, бітеді, оралып, салады, ұшқан, келеді, күркірейді, ашады, төлдейді, себіледі.

II деңгей.

«Көктем» мәтінінің мазмұнын айт.

Мына етістіктерді 3 топқа бөліп жаз: *соқса, өссін, жауғысы келеді, бастағысы келеді, сеп, ексін.*

Мәтіннен етістіктерді теріп жаз, оларды бұйрық, шартты және қалау рай тұлғаларына (III жақ) қой.

Жауабы:

II деңгей.		
Бұйрық рай	Шартты рай	Қалау рай
өссін шық төлдесін сеп ексін	соқса жарса бусанса	жауғысы келеді бұлттанғысы келеді ашқысы келеді бастағысы келеді
жылынсын бусансын жарсын шықсын бітсін	жылынса бусанса жарса шықса бітсе	жылынғысы келеді жарғысы келеді шыққысы келеді

I деңгей.

Ежелден келе жатқан Наурыз мейрамының шығу тарихы жайында деректер жинақтап, зерттеу жұмысын жүргіз.

V. Үй тапсырмасы.

Оқулықта берілген 1-сабақтағы ережені қайталау.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫСТЫ ДҰРЫС ҰЙЫМДАСТЫРУ АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕТУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Тіл – халықтың жаны мен ұлттық рухы, бабаларымыздың қалдырып кеткен қасиетті мұрасы. Осы асыл мұрамыздың рухани болмысын, адами келбеті мен мінезін, ұлттық пәлсапасы мен пайымдау өрісін өзге ұлт өкілдеріне үйретіп жатқанымызға біраз уақыт болды. Тілді оқытып, насихаттап жүрген ұстаздар біраз тәжірибе жинақтады. Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін жұмыс тәжірибелерінде қолданып жүр. Еткен еңбек нәтижесіз емес. Қабілеті мен ынтасына, ниетіне, қажетіне қарай сөйлегендері сөйлеп, ал бұл дәрежеге жетпегендері айтылған ойдың, оқылған мәтіннің мазмұнын түсінетін дәрежеге жеткен.

Орыс тілді мектептерде мемлекеттік тілді оқытудағы оқытушының алға қойған мақсаты – тіл үйренушілердің тыңдағанын, оқығанын, білгенін мазмұндатуға, сұрақ қойып, алған жауабын түсіне білуге үйрету. Бағдарлама негізінде грамматика курсы жүйелі оқыту арқылы түсінгендерін тыңдаушыға дұрыс жеткізуге баулу.

Бүгінгі бала – ертеңгі ел болашағы. Алдымызда отырған әр баланы біз ертеңгі бір елді, қала берді бір мекемені басқарар лауазым иесі деп танымыз. Солай болуға тәрбиелейміз. Ол елімен, халқымен тек осы мемлекеттік тілде – қазақ тілінде ғана тілдесетіндіктерін айтып, ұғындыру да – біздің міндетіміз.

Ендеше, оқытудың алғашқы кезеңінен бастап жүргізілетін жұмыс түрлерінің арасында мәтіннің алар орны ерекше. Мәтін оқушыға білім береді, ойын, тілін дамытады, сөйлеуге жетелейді. Сондықтан мәтінге төмендегідей талаптар қойылады:

1) мәтін оқушының түсінігіне, мүмкіндігіне сәйкес болуы қажет;

2) мәтіннің мазмұны оқушыға тартымды болуы керек;

3) мәтін халықтың тарихымен, мәдениетімен, әдет-ғұрпымен, жетістіктерімен байланысты болуға тиісті.

Жоғарыдағы талаптарға сәйкес дайындалған мәтінмен жұмысты мынандай кезеңдерге бөліп тастауға болады:

1) мәтінмен жұмыс алдындағы кезең;

2) мәтінмен жұмыс кезеңі;

3) мәтін соңындағы жұмыс кезеңі.

Бірінші кезеңде жаңа сөздермен жұмыс жүргізілетіні белгілі. Ал, осы жаңа сөздерге грамматикалық талдаулардың ыңғайына қарай тиімді қолданып жіберсе - әрі уақыт үнемдеуге, әрі материалдардың сапалы меңгерілуіне ықпалы болар еді. Сөздікпен жұмыс кезеңінде берілген сөздің аудармасын, мағынасын оқушылардың өзінен сұрау, білмеген жағдайда синоним сөздерден мысалдар келтіру арқылы ойланту, көмек беру - оқушыларды белсенділікке жетелейді, қызықтырады. Әрі жұмыстың бұл түрі оқушылардың сөздік қорын, білім деңгейлерін анықтауға көмектеседі.

Мәтінмен жұмыс бірізді болмағаны абзал. Оқылған мәтіннің мазмұнын толық аударусыз-ақ, түсініктерін сұрақ қойып, жауап алу арқылы мәтінге жүйелік талдау жасау, идеясы, мәтіннің берілудегі мақсаты, мәтінді оқу барысында бұрын білген мәліметтерім, білгім келетіні, бүгін білгенім, менің берер бағам, т.б. сауалдар қойылып,

тәсілдерді әр сабақ сайын алмастырып отырса, оқушының қызығушылығы артады.

Бұл – аудару жұмысымен мүлде айналысуға болмайды деген ұғым емес. Оқушының аударма жұмысынан да тәжірибесі болуға тиісті. Өз тәжірибемде мәтінді өздеріне іштерінен оқытып, аудартып, яғни, түсінуге тапсырма беремін. Оқушылар жаппай оқуға, тапсырманы орындауға кіріседі. Осыдан кейін түсінбеген жерлерін білу үшін сұрақтарын қоя бастайды. Ол сұрақты мен топтағы оқушылардың өздеріне қоямын. Көп жағдайда сыныптағы оқушылардың арасынан қойылған сауалдың жауабын білетіндер табылып жатады. Жауап табылмаған жағдайда ғана өзім түсіндіремін.

Талданып, толық түсіндірілген мәтіннің қысқаша мазмұнын айтып беру арқылы оқушы өз бетімен жұмыс істеуге, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін дұрыс орналастыра білуге, сөздерді есте сақтауға машықтанады.

Тірек сөздермен сөйлету – бірден-бір тиімді әрі оқушыларды қызықтыратын жұмыс түрі. Мысалы: шағын әңгімені толық талдап болған соң, әр сөйлемнен басты деген бір сөзден үтір арқылы жазғызып, сол сөздерге еріп отырып мазмұндатуға болады. Жұмысты сызбамен де беруге болады.

Келесі кезеңде тәсілін тауып, мәтін мазмұнына сәйкес оқушыларды қызықтыратындай мәселе тастауға болады. Мысалы: «Батырлар» тақырыбына берілген мәтін болса, қандай қасиеттеріне қарап батыр атанды немесе бүгінгі күннің батыры қандай болуы қажет, кімдерді бүгінгі күні батыр деп танимыз, оларға елімізде қандай құрмет көрсетілген, т.б. сауалдар арқылы да оқушыны сөйлетуге жетелеймін.

Әр сабақта қолданған әдіс-тәсілдердің өзіне ұнағанын, тиімдісін, жеңіл деп танығанын оқушылар көп жағдайда өздері ұсынып, сұраныс жасайды.

Сөйлеп тұрған баланың жіберген қателерін жиі түзеп, ойын бөліп, кедергі жасай бермеген де дұрыс. Ондай жағдайда оқушы ренжіп, не ұялып, не басқа да себептермен сөйлемей қоюы мүмкін. Сондықтан, оқушының қателіктерін түзетудің екі жаққа да тиімді жақтарын қарастыру – мұғалімнің шеберлігіне сын.

Баса көңіл аударатын жұмыс түрінің бірі - кез келген мәтінді оқыту сапасы: жылдамдығы, мәнері, дикциясы. Жасыратыны жоқ, көп жағдайда орыс тіліндегі мәтіннің өзін де ежелеп оқитын, оқу тәжірибесі төмен оқушылар жоғарғы сынып оқушылары арасында да кездеседі. Сондықтан оқыту жұмысын уақыт тауып жиі жүргізген дұрыс. Оқу жылдамдығы төмен оқушы мәтін мазмұнын жөнді түсіне бермейді.

Оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуге жетелеу тәсілдерін өз ықыласымен, ерікті, қызығатын отырып атқаратындай етіп бағыттау – тағы да мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Мысалы, «Елдің Рәміздері» тақырыбына байланыстырып, менің алып - қосарым, басқа елдің рәміздерімен салыстыру, бағалау, т.б. Топтағы ойы ұшқыр, қиялы жүйрік балалар тамаша ұсыныстар айтып, пікірлерін ортаға тастайды. Мұндай жұмыстың түрлері оқушыны жан-жақты тәрбиелейді, пәнге қызығушылығын арттырады, сіздің сабағыңызға асығуға жетелейді.

Оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы ғана еткен еңбектің нәтижесін көруге болады. Өйткені жалаң сөз еш нәтиже бермейді, оқушының зердесіне жетпейді.

Мақсат – оқушыны сөйлету, әдеби тілдің әліпбиімен таныстыру болғандықтан, оқылған грамматикалық ереже-

терді дұрыс пайдалануға үйрету - тағы да мұғалім шеберлігіне байланысты. Орыс сыныптарындағы сағат санына өкпе жоқ. Тіл үйретудің төте жолдарын дұрыс таңдап, оқушыға өмірінде қолдануға қажетті деген материалдарды дұрыс іріктеп бере білсек қана еңбегіміздің жемісін көреміз. Қазақ тіліне тән дыбыстардың айтылуы мен жазылуы, үндестік заңының ережелері, қосымшалардың дұрыс жалғану жолдарын, мағыналарын, сөздердің сөйлемдегі дұрыс орналасу тәртібін жақсылап үйретіп алсақ, орыс тілді өз бауырларымыздың, өзге тілді отандастарымыздың қазақша сөйлеп кететін күнін жақындатқанымыз деп түсінгеніміз абзал.



*Тазшаның өтірік өлеңі –
Шындықтың таптырмас дәлелі*

Байлықтан азап шектім ақырында,
Бір түйір мал болмады жақынымда.
Малымның бәрін жинап отқа жағып,
Отырмын кедейліктің тақырында

Тамырға өтірікті қап-қап бердім,
Найзасын нар қамысқа саптап бердім.
Жүйрігін тасбақаның ұстап мініп,
Түлкіге төстен қашқан тап-тап бердім.

Басына Қап тауының қора қылдым,
Бітер деп бес мың жылқы жора қылдым.
Топан су тау басына дамыл бермей,
Қылмасқа енді қора тоба қылдым.

(Күлдіргі әңгімелер. А., “Жазушы”, 1987, 176-177-беттер.)

Клара ТУАТБЕКҚЫЗЫ,
Ақмола облысындағы
Шаңтөбе кентінің
Комаров атындағы орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Елена БАБАК,
ағылшын пәнінің мұғалімі.

АСТАНА – БОЛАШАҚТЫҢ ҚАЛАСЫ

Мақсаты: оқушылардың білім деңгейін көтеру; мәтінді тыңдап, мазмұнын түсіну, сұрақтарға жауап беру; сөйлемдер құрау; ойды жүйелеп айту дағдысын қалыптастыру; сөйлеу тілін, ой қабілетін дамыту, Отанға деген сүйіспеншілік рухында тәрбиелеу, қаламызды сүюге, аялауға тәрбиелеу, оқушыларға эстетикалық тәрбие беру.

Әдіс-тәсілдері: оқу, аудару, тыңдау, іздендіру, әңгімелеу.
Көрнекілігі: буклет, слайдтар, ҚР картасы. **Техникалық құрал:** интерактивті тақта. **Equipment of the lesson:** interactive board. **Пәнаралық байланыс:** тарих, география, ағылшын тілі, орыс тілі. **Connection with other subjects:** kazakh, russian, english languages, geography, history.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: сәлемдесу, кезекшімен сөйлесу.

- Бүгін кім кезекші? Сыныпта кім жоқ? Бүгін ауа райы қандай?

II. Жаңа сабақ.

Сабақтың тақырыбын, мақсатын хабарлау.

Мұғалім: - Балалар, бүгін біз сабақта Астана туралы мәтін тыңдаймыз, әңгімелесеміз.

Organization moment:

I. Greetings: Good morning, boys and girls! Today we'll speak English and Kazakh about the capital of our country.

- Where do you live?

- What's the capital of our country?

II. Sing the national anthem.

Ассоциациялық карта.

- Біздің Отанымыз қай мемлекет?

- Қазақстан дегенде есімізге қандай сөздер түседі?

- What can you about our country? (Оқушы ағылшын тілінде өлең оқиды).

- Oh, Kazakhstan. I'm love with you!

I love you deeply, dear Land,

Your lakes with shores of fine sand,

Your rivers, valleys, hills and seas;

Your songs and dances; birds in trees;

Your sunrise is a splendid sight

Which always gives me such delight.

- Қазақстанның астанасы қай қала?

- Астанада болдыңдар ма? Have you ever been in Astana?
(Оқушы Астана туралы өлеңді жатқа оқиды).

Астана

Астана – елімнің тірегі,

Астана – қазақтың тілегі.

Қызығып күллі әлем қараған

Астана – халқымның жүрегі.

Есідің өн бойын жайлаған

Бір Алла қолдасын өзінді,

Көркейе берсін айналаң!

Астана туралы слайдтар көрсетіледі.

III. Сөздік жұмысы:

жарлық – указ;
қол қою – подписывать;
әкімшілік – административный;
таң қалдыру – удивлять;
көз тарту – притягивать взгляд;

Vocabulary:

a fortification – крепость;
a merchant – торговец;
an influence – влияние;
a freedom – свобода;
a prosperity –
благосостояние.

Сөздерді жеке, хормен оқу. Сөздермен сөз тіркестерін, сөйлемдерді ауызша құрау. Астананың көрікті жерлерін интерактивті тақтада көрсетіледі (показ слайдов об Астане).

Мәтінмен жұмыс:

- Балалар, қазір екі тілде «Астана қаласы» мәтінін тыңдаймыз.

Астана қаласы

Қазақстан Республикасының астанасы – Астана. Астана қаласы 1832 жылдан Ақмола қаласы деп аталып келді. 1961 жылы ол «Целиноград» деп аталды. 1997 жылы қазанның 20-да Н.Назарбаев «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау» туралы жарлыққа қол қойды. Сөйтіп, енді Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының жаңа астанасы болды. 1998 жылы Ақмола қаласын Астана қаласы деп өзгертті. Аз уақыттың ішінде Астана қаласы көрікті қалаға айналды. Астана қаласында Президент сарайы, Парламент ғимараты, «Интерконтиненталь» қонақ үйі, Еуразия университетінің жаңа корпусы, Жастар сарайы, көп қабатты жаңа үйлер мен ғимараттар бар. Парламент үйінің алдында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің ескерткіштері орнатылған. Әсем Есілдің оң жағасында салынып жатқан жаңа құрылыстардың сұлулығы ерекше. Мұндағы салынып жатқан құрылыстар алыс шетелдерден келген қонақтарды таң қалдырады. Астананың болашағы әлі алда. Ол Еуразияның ең әсем, сұлу, әйгілі қаласы болмақ. Астана – Қазақстан Республикасының саяси,

Әкімшілік, экономикалық, мәдени орталығы. 1998 жылдың 10 шілдесінде Қазақстан Республикасының жас астанасының тұсаукесер тойы болды. Қазір Астана – егеменді Қазақстан Республикасының астанасы болып саналады.

Астана ХХ ғасырдың ең жас астанасы ретінде тарихқа енді. Ол – өте көркем қала.

- Children, listen to the text!

Astana

Astana (the former Akmola) was founded in 1830 as a fortification of Russian Empire. In 1862 stanitsa Ak-mola got the status of a town. In the course of time Akmola became the centre of trade fairs where merchants from all over Kazakhstan, Russia, Central Asia, India and other countries gathered to sell cattle and agricultural products. For a long time Akmola was an outpost of Russian Empire see king the way to develop trade and its political influence upon Central Asia in XVIII-XIX centuries. With the growth of antitsarist and revolutionary public mood the Akmola prison became overcrowded with those who wanted freedom. In March 1917 the Soviet Power was established in Akmola.

Many changes have taken place since then. Akmola played an important role in supplying the Soviet Army with raw materials and products during the Second World War. In 1961 Akmola was renamed into Tselinograd and became the centre of Tselinny Krai. In 1992 the city got its name Akmola again and since October 1997 Akmola has become a new capital of the Republic of Kazakhstan. Later on it got its present name Astana. Astana is a modern growing city, a political, financial, economic, scientific and socio-cultural centre of the state. There are a lot of magnificent beautiful buildings, higher educational establishments, colleges and secondary schools, hotels, banks and other commercial structures in Astana, the new capital of the Republic of Kazakhstan. There are many places of interest in Astana: the Central Square the Republic Avenue, the Palace

of Youth and the Bridge across the Ishira River, the Regional Museum of Fine Arts and others. From everywhere you can see Baiterek, the symbol of prosperity and happiness.

IV. Мәтіндегі сөйлемдерді толықтырып, оқу, аудару.

1. 1997 жылы қазанның жиыrmасында Н.Назарбаев ... туралы жарлыққа қол қойды.

2. Ақмола қаласы ... болып аталды.

3. Астана қаласында ... бой көтерді.

4. Парламент үйінің алдында ... орналасқан.

5. Әсем Есілдің оң жағасында салынған құрылыстар алыстан ...

6. Астана – ... орталығы, бас қала.

Complete the sentences!

1. Astana was ... in 1830 as a fortification of Russian Empire.

2. In 1862 stanitsa Ak-mola ... the status of a town.

3. In March 1917 the Soviet Power was ... in Akmola.

4. Many ... have taken place since then.

5. In 1961 Akmola was ... into Tselinograd.

6. In ... the city got its name Akmola again.

V. Мәтінді пайдалана отырып, сөйлемдердің дұрыс-бұрыстығын анықтаңдар:

1. Қазақстанның астанасы – Астана.

2. Астана қаласы 1832 жылдан «Целиноград» қаласы деп аталып келеді.

3. 1991 жылы Ақмола қаласын Астана қаласы деп өзгертті.

4. Астана – Қазақстанның саяси, әкімшілік, экономикалық, мәдени орталығы.

Correct the sentences! Is it true or false?

1. In March 1917 the Soviet Power was established in Tselinograd.

2. Astana is a modern growing city, a political, economic, scientific and sociocultural centre of the state.

3. There are a lot of magnificent beautiful buildings, colleges

and secondary schools, hotels, banks in Astana.

4. From everywhere you can't see Baiterek, the symbol of prosperity and happiness.

VI. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

Сұрақтар:

1. Астана қаласы Қазақстанның қай аймағында орналасқан? Көрсетіңдер.

2. Нешінші жылы Ақмола қаласын Астана қаласы деп өзгертті?

3. Астана қаласында қандай әдемі ғимараттар бар?

4. Парламент үйінің алдында қандай белгілі адамдардың ескерткіштері орнатылған?

5. Астана қандай қала болмақ?

Answer my questions:

1. When was Akmola founded?

2. What was Akmola famous for at that time?

3. What role did Akmola play during the second World War and after that?

4. When did Akmola become the capital of the Republic of Kazakhstan?

5. What is Astana famous for now?

VII. Оқулықпен жұмыс.

№2, 5, 3-тапсырманы жазбаша орындау: асты сызылған сөздерді бастауыш етіп, сөйлемдер құрындар.

1. Мемлекеттік рәміздерге зор құрметпен қараймыз.

2. Астана қаласының тазалығы жоғары.

3. Астанамызды іскерлік және мәдени орталық деп санайды.

№2,5,4-тапсырманы жазбаша орындау: төменде берілген эпитеттердің қай қатарын «Астана» сөзімен тіркестіре жазуға болады?

а) Жас, көрікті, нәзік, ерекше.

ә) Әсем, өзгерген, тамаша, зәулім.

б) Таза, әсерлі, сүйкімді, ұлттық.

VIII. Үй тапсырмасын тексеру. Астананың көрікті жерлері туралы әңгімелеу.

Оқушылар әңгімелейді.

Let's check your hotetask! Speak about sightseeings of Astana!

IX. Топтық жұмыс.

Оқушыларды екі топқа бөлу. Әр топ Астананың болашақта даму жоспарын жасайды. Әр топ өз жұмысын қорғайды.

Make a project “Astana – the city of future”.

X. Бағалау. Marks.

XI. Үй тапсырмасы: мәтінді әңгімелеу, сөздерді жаттау.

Worlds learn. Topic about Astana.



Айтқыштар ауылында

«ҚАШҚАН ЖАМАН...»

Бірде Алтайға қашып келген Мамырбек деген адам Бықышқа сәлем беріпті. Сонда Бықыш:

- Әуелі асқан жаман,
Асқан соң сасқан жаман,
Сасқан соң қашқан жаман,-

деген екен.

(Ауылдың айтқыштары. А., «Өнер», 1994, 62-бет.)

Жұлдыз СЕЙІЛХАНҚЫЗЫ,
Өскемен қалалық физика,
математика, информатика
саласында мамандандырылған
мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ. «АҚҚУ, ШОРТАН ҺӘМ ШАЯН»

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығымен таныстыру, деңгейлік тапсырмалар арқылы алған білімдерін қорытындылауға үйрету, мәтіннен негізгі ойды ажырата білуге үйрету; 2) ауызекі сөйлеуді және өз ойын жүйелі түрде жеткізе білуін дамыту; 3) «Аққу, шортан һәм шаян» мысалы арқылы жағымсыз мінез-құлықтан жиренуге, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: бейнетаспа, теледидар, суреттер интерактивті тақта, кітаптар көрмесі.

Сабақ барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Теледидардан орыс тілінде И.А.Крыловтың бір мысалын көрсету.

III. Жаңа сабаққа даярлық.

Сұраққа жауап беру.

1. Теледидардан сіздер нені көрдіңіздер?

2. Бұл мысалдың авторы кім?

3. Мысал сөзінің аудармасы.

Монитордан мынадай кесте көрінеді.

Жанрдың аты	Анықтамасы	Кейіпкерлері	Кейіпкерлер бейнесі, мінездемесі	Мысалдың мақсаты
Мысал	Ол өлеңмен де, қара сөзбен де жазылды. Көлемі шағын.	Адамдар ғана емес, хайуанаттар, жәндіктер, түрлі заттар, нәрселер.	Түлкі – қу, екіжүзді, қасқыр – қаражүрек, қатыгез, ашқарақ, есек – топас.	Адамдардың бойындағы кемшілікті, мінді күлкіге айналдыру, жақсылықты, адамгершілікті дәріптеу.

Мысал туралы сабақ бастамастан бұрын әдеби теорияны еске түсірейікші.

Кез келген мысалда адамның қылықтары астарлы түрде беріледі. Мұндай әдісті аллегория дейді.

- Аллегория дегеніміз не?

- Аллегория – астарлы, тұспал мәнді суреттеу тәсілі, әр мысалда түйінді ой болады. Ол мысалдың басында не аяғында беріледі.

- Сонда мысал дегеніміз не?

- Мысал – өнеге айту сипатындағы шағын аллегориялық әңгіме.

IV. Жаңа сабақ.

1. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын айту.

2. Ахмет Байтұрсынұлы туралы білгендерін еске түсіру.

а) Ахмет Байтұрсынұлы қашан туған?

ә) Ахмет Байтұрсынұлы кім?

б) Оның қандай шығармаларын білесіңдер?

в) Ол кімнің шығармаларын аударған?

3. «Аққу, шортан, һәм шаян» мысалын мәнерлеп оқу.

V. Мәтінмен жұмыс.

а) Мысал не туралы?

ә) Мысал кейіпкерлері не істемекші?

б) Олардың істері неліктен нәтижесіз болып шықты?

в) Мысалдан қандай қорытынды жасауға болады?

Мәтіннен үзінді тауып оқу.

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,


Әуелі бірлік керек болсақ жолдас.

Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей

Істеген ынтымақсыз ісің оңбас.

д) Бірлік-ынтымақ дегенді қалай түсінесіңдер?

Топтау әдісі



1. Бірлік пен ынтымақ турал мақал-мәтелдер.

Бірлік түбі - тірлік.

Тәртеу түгел болса, төбедегі келеді.

Қорытынды.

1. Бірлік-ынтымақ: тату болып, бір істі жұмыла бірге істеу.

2. Бірлік-ынтымақ: бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бірігіп қызмет ету.

3. Бірлік-ынтымақ: біздің елде тұратын адамдар арасындағы келісім.

4. Бірлік-ынтымақ: бейбіт өмір, экономикалық өркендеу, өркениетті мемлекет.

VI. Пікірталас. Тақырыбы: Менің елім – ынтымағы жарасқан сан алуан ұлттар диаспораларының Отаны (немесе керісінше).

Жақтаушы: - Қазақстан Республикасында 130 ұлт өкілдері тұрады. Әр ұлт өкілдері Қазақстанның өркендеуіне

өз үлестерін қосуда. Ынтымағы жарасқан елімізде экономикалық жағдай жақсарды. 130 ұлт өкілдеріне Отан болып отырған Қазақстаным – кең байтақ. Қазба байлықтарға бай. Елімде Ата Заңда жазылғандай әрбір азамат білім алуға, демалуға, еңбек етуге құқылы.

Даттаушы: - Менің қарсы айтатын сөзім жоқ.

Абайдың шығармашылығы туралы хабарлама.

VII. Бір сөзбен жауап беру.

1. Ахмет Байтұрсынұлының мысалдар жинағы.

2. Орыстың мысалшысының фамилиясы.

3. Ахмет Байтұрсынұлынан басқа аудармашы мысалшы

(*Сәбит Дөнентаев*).

4. И.Крыловтың мысалдарын қазақ халқына аударып жеткізген ұлы ақын (*Абай*).

5. Астарлы, тұспал мәнді суреттеу тәсілі.

VIII. Деңгейлік тапсырмалар.

1-деңгей.

1. Мысалды мәнерлеп оқы.

2. Олардың ісі неге нәтижесіз болды?

2-деңгей.

1. Мәтіннің мазмұнын өз сөзіңмен әңгімеле.

2. Кейіпкерлерге мінездеме бер.

IX. Қорытынды.

Кестені толтыру

Нені білемін	Нені білдім

X. Бағалау.

XI. Үй жұмысы. «Аққу, шортан һәм шаян» мысалын жаттау.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ. «ӨЛІМДІ ЖЕҢГЕН АНА»

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1. Ғабит Мүсіреповтің ана туралы әңгімелерін атап, олардың мазмұндық тақырыбына қысқаша шолу жасау. «Өлімді жеңген ана» әңгімесінің тарихи-эпикалық сипатын таныту, сюжеттік-композициялық құрылысын талдап, тақырыбы мен идеясын анықтау. Әңгіменің көркемдік қуатын, ақынның суреткерлік шеберлігін таныту; 2. Оқушылардың әдеби-теориялық білімдерін дамыту. Өз ойларын көркем-әдеби тілде жеткізе білуге дағдыландыру; 3. Оқушыларды ана махаббатын қадірлеуге тәрбиелеу.

Түрі: интерактивті сабақ. **Тегі:** бекіту сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** анализ-синтез, сұрақ-жауап, проблемалық баяндау, ой шақыру (кластер), компьютерді қолдану. **Көрнекілігі:** Ғ.Мүсіреповтің суреті, «Ақсақ Темір» энциклопедиясы.

Сабақтың барысы: а) Ұйымдастыру:

- Құрметті оқушылар, бүгінгі біздің сабағымыз – өткен сабақтарымыздың жалғасы. Бүгінгі сабақты лирикалық нотамен бастағым келеді («Ана туралы жыр» күйі ойналады). Ғабит Мүсірепов қаламынан шағын әңгімелер, драмалық шығармалар, эпикалық туындылар және тамаша аудармалар туған.

ә) Сабақтың тақырыбы мен мақсаты хабарланады.

(Сабақ тақырыбы экраннан көрсетіледі).

1. Ғ.Мүсіреповтің әңгімелеріне шолу жасалады.

Жазушы жазған ең құдіретті тақырыптардың бірі – ана тақырыбы.

Біз өткен сабағымызда «Өлімді жеңген ана» әңгімесімен танысып өттік. Ал, бүгінгі сабақтың мақсаты – әңгіме кейіпкерлерін сан қырынан тани білу.

Біз бүгін сендермен Ғабит ағамыз сомдаған Ана және Әмір Темір бейнелеріне тоқталамыз. Ой талқысын жүргіземіз.

(Ана туралы әңгімелерінің аттары экраннан көрсетіледі).

Отызыншы жылдардың орта шенінде жазушы М.Горькийдің ана тақырыбына жазған романтикалық әңгімелері қызықтырды. Гуманист жазушы М.Горькийдің адам деген ардақты атты жоғары бағалауы, өмірге рух себуші, тіршілік иесі аналардың қоғамдағы рөлі Ғ.Мүсіреповке үлкен ой салды. Ол М.Горькийдің «Адамның анасы» және «Өлімді жеңген ана» атты екі новелласын аударып, өзі де «Ананың анасы», «Ашынған ана», «Ананың арашасы», «Ер ана», «Ақлима» атты әңгімелерін жазды.

- Ғ.Мүсірепов әңгіме жазарда, кейіпкерлерге сипаттамалық портрет жасарда кімнің еңбегін қолданған?

(М.Горькийден еркін аударған әңгімесі экраннан көрсетіледі).

- «Өлімді жеңген ана» әңгімесінің сюжеттік негізі қандай? (Кейіпкерлері мен жанрлық ерекшелігіне тоқталу).

(Әңгімеде XV ғасырдағы Қазақстан мен Қырғызстан аумағында басқыншылық мақсаттары жүзеге асқан Әмір Темір өмір сүрген заман, сол кезде болған оқиға суреттеледі. Ана махаббатының құдіреті суреттеледі).

- Әңгіменің негізгі кейіпкерлері кімдер?

Әмір Темір, адамның анасы.

(Экранға ананың, Әмір Темір суреті, кейіпкерлердің аттары шығады).

- Кейіпкерлердің қайсысы тарихи тұлғаға жатады?

Ана ----- Әдеби кейіпкер

Әмір Темір суретінің тұсына -----

1370-1405 жылдары Қазақстан мен Қырғызстан аумағына басқыншылық мақсаттарын асқан қатыгездікпен жүзеге асырған.

Оқушыға қойылар сауалдар:

1. Ақсақ Темір кім?

Жауабы: Азияның ақсақ барысы Темір – жер бетін қанға бояп, ойды қырға теңеп, жоннан жол салып, жер шарын асықтай үйіргісі келген адам.

2. Ақсақ Темір қай елдерді жаулап алған?

Жауабы: Азияны.

3. Самарқанды өртеуге неге әмір бермеді?

Жауабы: Самарқандағы көк мойындарды адам сүйегінен салдырған.

4. Әйел қай жерден келді?

Жауабы: Ол Италиядан келді.

5. Оның келу себебі не?

Жауабы: Әйел төрт жыл бұрын жоғалған ұлын іздеп жүр.

б) Әңгімеде ана образы қалай сомдалған. Портреті бар ма?

Жауап:

- Жалаң аяқ, үстіндегі барлық киімі алба-жұлба.
- Қара шаштары тарқатылған, жалаңаш көкірегінің жабуға кеудесіне түскен, беті қап-қара.
- Темірмен тілдескендегі батылдығы.
- Баласына деген махаббаты.
- Темірге бұйыруы.

Әңгімеде Әмір Темір образы қалай сомдалған?

Портреті бар ма?

Жауап:

- Ол – елу жыл жалғанды жалпағынан басып, өзінен өзге де күш барын сезбеген адам.

- Жеңілген елдің сүйегінен биік мұнаралы минарет, сарайлар салғызды.
- Ажалмен күш теңестіріп, өмірді талқандады.
- Әйелге басын иеді.
- Бұндай психологиялық портрет – әңгіменің өзіндік ерекшелігі болып табылады.

в) Төмендегі айшықты сөздер қай кейіпкердің

сипаттамасынан алынған?

Бөліп жазыңдар.

6. Кейіпкерді тап.

Етегімен сырып, қақ жарып барып, кілем үстіне отыра кетті. Қай жерге қалай отыруды өзі таңдады. Өйткені отырғандарды адамға санамады. /ана/

Қан қатқан, тот басқан жалпақ алмас пышақ секілді.

/Темір/

7. Образдар бойынша қорытынды жасалады:

а) Оқушыға сауал. Ана мен Әмір Темір образдары арқылы біз нені көреміз?

(Экраннан көрсетіледі).

Жауабы: Бұл образдар арқылы қатыгездік пен билік, ашу мен ақыл, сезімнің соқырлығы мен ақылға бағынбайтын асаулығын, ана махаббатын, сана мен сезімнің таласын әрі көзсіз ерлікті көреміз.

Қорытынды: әңгіме жолдарынан сөзбен сурет салған жазушы шеберлігіне, ерекше дарынына тағы бір рет көз жеткіздік.

8. Ақын поэмада қандай адами қасиеттерді сөз етеді?

«Ой шақыру». *(Экраннан көрсетіледі).*

Жауабы: Ашу мен ерлік, махаббат пен ақыл, сезім.

9. Сабақ қорытындылады. (Экраннан көрсетіледі).

1. Күрделі әңгіме.

2. Терең психологиялық-реалистік әңгіме.

3. Тарихи-эпикалық әңгіме.

АБАЙДЫ ТАНЫСАҢ – ЖАНЫҢ ТАЗАРАДЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға Абай туралы түсіндіріп, оның өмірі, шығармалары туралы мағлұмат беру, Абай өлеңдерінің мағынасын біліп-үйренуге талпындыра отырып, жатқа айтқызу; **дамытушылық** – оқушылардың сөздік қорын молайту, еркін сөйлеу қабілетін арттыру; **тәрбиелік:** оқушыларды Абай өлеңдерін түсіндіре отырып, ақ пен қараны, жақсы мен жаманды, еңбек пен жалқаулықты ажырата білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, үлестірме қағаздар, Абай суреті, Абайтану бұрышы. **Әдісі:** түсіндірме, сұрақ-жауап, ойын ойнату. **Түрі:** жаңа сабақ.

Сабақтың барысы. 1. Ұйымдастыру бөлімі:

Сәлемдесіп, ҚР әнұранын орындау. Оқушылардың сабаққа даярлығын тексеріп, түгелдеу.


2. Жаңа сабаққа өту: «Желсіз түнде жарық ай» әнін тыңдату.

- Балалар, сендерге ән ұнады ма?
- Әрине, өте тамаша ән.
- Бұл керемет әнді кім біледі?
- Оны кім жазғанын білесіңдер ме?

Ендеше, сөзжұмбақ шешіп көрейік:

1. Біз қай қалада тұрамыз? (Алматы)
2. Қазір қандай сабақ өтіп жатыр? (әдебиет)

3. Әдебиет сабағында қай тілде сөйлесеміз? (қазақ)
 4. Шопан ата иесі саналған төрт түліктің түрін ата? (қой)



Сонымен, табылған сөзіміз «Абай» болды. Олай болса, бүгінгі тақырыбымыз – қазақтың белгілі ақыны, композиторы Абай Құнанбайұлы.

- Қазақстанның шығыс өңіріндегі Семей облысының Абай ауданы деген жерде Құнанбай қажының отбасында 1845 жылы тамыз айында Ибраһим атты нәресте дүниеге келеді. Әжесі Зере еркелетіп «Абай» атандырады. Зере әже көңілі кең, жүрегі нәзік адам болған. Абай әжесін қатты жақсы көреді. Күндіз де, түнде де ертегі айтқызады. Анасы Ұлжан – ұстамды, мейірімі мен ақылы мол дана кісі болған.

Абай он екі жасында Семей қаласындағы Ахмет Риза медресесіне түседі. Онда 3 жыл оқиды. Медреседе оқып жүріп 3 айдай орыс мектебінен дәріс алады. Абай араб, түрік, парсы тілдерін үйренеді.


Абай Пушкин, Лермонтов, Достоевский, Белинский, Добролюбов, Крылов шығармаларымен танысады. Әсіресе, Пушкин мен Лермонтовтың шығармаларын сүйіп оқыған. Оларды қазақ тіліне аударып қана қоймай, ән шығарады.

Тақтада берілген сөйлемдерді толықтыру:

Абай дүниеге келеді. Әжесі Зере атандырады. Зере адам болған. Абай әжесін Күндіз де, түнде де айтқызады. Анасы Ұлжан – ұстамды, мейірімі мен ақылы мол дана кісі болған.

Абай он екі жасында ... түседі. Онда ... жыл оқиды.

Интерактивті тақтадан слайд көрсету:



- Енді, осы естіген, көргендерің бойынша сұраққа жауап беріңдер:

Сабақты бекіту:

- Абайдың шын аты кім? Абай қай жерде дүниеге келген? Абайдың әкесі, анасы, әжесі кімдер? Абайдың қандай өлеңдері бар? Кімдердің шығармаларын оқып, қазақ тіліне аударды?

Рефлексия (Сабақ жөнінде өз ойын үлгі бойынша айта білуге үйрету)

Мен бүгін білдім.

Маған қызық болды.

Мен үшін қиын.

Мен жұмыс істедім.

Мен айта (жаза) аламын.

Келесі сабаққа тырысамын.

Үйге тапсырма: тірек-сызба арқылы Абай өмірі туралы әңгімелеу, хрестоматиядан бір өлеңін жаттау.

Надежда АМАНШИНА,
Батыс Қазақстан облысының
Қаратөбе ауданындағы
«Егіндікөл» жалпы орта білім беретін
мектебінің мұғалімі.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ. «КӨКСЕРЕК»

(7-сынып)

Мақсаты: әңгіменің идеясын жан-жақты талдай отырып талдау; адамдар мен көк бөрінің іс-әрекеттерін саралай отырып, адамзаттың табиғатпен психологиялық тепе-теңдікті сақтау керектігіне көздерін жеткізу; іскерлік қасиеттері дағдыларын қалыптастыру, ойларын еркін жеткізе білуге баулу, көк тәңірісі – көк бөрі екенін дәлелдеп, түрлі деңгейлік тапсырмалар беру арқылы таным көкжиектерін арттыру.

Түрі: сын тұрғысынан ойлау, игерілген білімді қорытындылау. **Әдісі:** талдау, жинақтау, дәлелдеу. **Көрнекілігі:** мультимедиа.

Сабақ барысы:

1. Психологиялық даярлықты қамтамасыз ету.

Үй тапсырмасын пысықтау, жинақтау.

I. Композициялық жоспар:

(Экрандағы композициялық жоспарға назар аударту).

Р/с	Әңгіменің композициялық элементтері	Композициялық жоспар	Әңгіменің көркемдік әдіс-тәсілі
1	Оқиғаның басталуы.	Қараадыр табиғаты. Қасқырлар мекені.	Суреттеу.
2	Оқиғаның байланысы.	Адамдар шабуылы. Көксеректі асырауы.	Баяндау. Диалог.
3	Оқиғаның дамуы.	Көксеректің ауыл тірлігін жатсынуы.	Баяндау. Суреттеу.

4	Оқиғаның шиеленісуі.	Көксеректің өз қандастарына қосылуы.	Суреттеу.
5	Оқиғаның шарықтау шегі.	Көксеректің жойқын күшке айналуы.	Баяндау. Суреттеу.
6	Оқиғаның шешімі.	Құрмаштың қазасы. Көксеректің жазасын тартуы.	Баяндау. Диалог.

II. Композициялық жоспарға сүйене отырып, нақты дәлелдермен Көксерекке мінездеме беру.

III. Семантикалық карта.

Сабағымызды семантикалық картамен жалғастырамыз.

(Экраннан көрсетіледі)

Кейіпкерлер сөзі кімдікі?

Кейіпкер сөзі	Ауыл адамдары	Жұмаш	Құрмаш әжесі	Бейсембай
Қуарған-ай, неңді алып ем? Не жазып ем?			+	
Кәпір қырыс неме, кеудесін бермейді, жасымайды.	+			
Мына кәпірдің екі көзі жап-жасыл болып кетіпті, тұқымын сезген екен, мұны өлтіріп, терісін алайық .			+	
Қасқырың болса қайтейін, менің қара ала төбетім бір-ақ соғады. Арашалай алмасаң, әлдеқашан өлтіріп тастар еді.		+		
Іздегендеріңнің өзі-сол, бәрін істеп жүрген – сол. Енді, соны бір қолға берсе-ау!				+

IV. Кубизм.

1. Көксеректің сыртқы кескін-келбетін суреттеңіз.
2. Салыстыр. Аққасқа мен Көксеректі салыстырыңыз.
3. Зертте. Көк бөрінің қадір-қасиеті туралы әңгімелеңіз.
4. Талда. Кейіпкерлер тағдырын талқыға салыңыз.

V. Проблемалық сұрақтар:

1. Жазушының бұл әңгімені жазуына не себеп болды?
2. Адамдардың бөлтірікке жасаған іс-әрекеттеріне қалай

қарайсыздар?

3. Әңгіменің идеясы не?

4. Көксерек Құрмашпен неге тез тіл табысты?

5. Көксеректі жауыздыққа баулыған не?

6. Құрмаштың өліміне кім кінәлі?

Қорытынды:

- Ата-бабамыз қасқырды «Көк бөрі» деп, оның атын атамай, «ұлыма», «итқұс», «жаманауыз» деп атаған. Оны «орман санитары» деп те атайды, ол – түз тағысы, ол ешуақытта цирк ареналарына шықпайды, қолға үйренбейді.

Әңгімедегі бейкүнә бала Құрмаштың өлімі – табиғаттың адамға берген жауабы секілді, екі аяқты пенделер, біздер, табиғат заңдылығын бұзуға хақымыз жоқ. Себебі, адам мен табиғат арасында тығыз байланыс бар. Ендеше, балалар, табиғатты зорлықпен, күшпен бағындыру мүмкін емес!

Үйге тапсырма: «Адам және табиғат» тақырыбына эссе жазып келу.

Бағалау.



Бақытжамал ШАЙМЕРДЕНОВА,

Қарағанды қаласындағы

№95 мектеп-гимназияның

қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің мұғалімі.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ. «КӨКСЕРЕК»

(7-сынып)

Мақсаты: Мұхтар Әуезовтің өмірінен, шығармашылығынан қысқаша мәлімет беру, «Көксерек» әңгімесін (үзіндісін) талдау, сабақта оқу, тәрбиелік, психологиялық жағдай туғызу.

Әдіс-тәсілдер: 1. Сын тұрғысынан ойлау стратегиясы (түртіп алу, болжам жасау) арқылы мәтінмен жұмыс істеу, үзіндіні талдау, түсіну; 2. Топта жұмыс жасау. Әңгімені аудармасымен азат жол бойынша оқу, талдау, сұрақтарға жауап беру. Мінездеме беру. Сызба, жоспар, бес жолды өлең құрастыру. Эссе жазу. Деңгейлі тапсырмаларды орындау; 3. Табиғатты аялай білу. Адам мен табиғат байланысы.

Күтілетін нәтиже: әңгімені талдау арқылы пәнге қызығушылығын ояту. Талдау барысында ойларын жеткізу, қорытынды жасай білу. Әңгіменің сюжетін адам өмірімен байланыстыру. Табиғатқа, қоршаған ортаға жауапты болуын сезіну.

Мұғалім: - «Мы в ответе за тех, кого приручили». Осы кең тараған пікір – бүгінгі сабақтың мәселесі. Ойланайық. Сабақ барысында шешіп көрейік.

Көрнекілік: М.Әуезовтің портреті, интерактивті тақта, «Хафиз» күйі, слайд, бөлтіріктің, арланның суреті, сызба.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

II. Психологиялық бағыт.

III. Жаңа тақырып:

Мұғалімнің сөзі (интерактивті тақтадағы портретке назар аудартып): - Мұхтар Әуезов – ұлы жазушы, ірі ғалым, асыл азамат. М.Әуезов көптеген әңгімелер, повестер, романдар жазды. «Көксерек» – жазушының алғашқы жазған әңгімесі. (Оқулықтағы шағын мәтінді оқу, мазмұнын түсіну, қосымша бір-екі сөйлем жазу).

IV. Түртіп алу:

1. «Көксерек» деген не деп ойлайсыңдар?
2. Әңгіменің аты қандай ой туғызады?
3. Бұл сөзбен ассоциацияларың қандай?

Оқушылар осы сөзбен көз алдарында елестеткенін,

кез келген мәліметтерін жазады, ауызша айтады. Бұл кезде интерактивті тақтада кішкентай бөлтіріктің суреті көрсетіледі.

Мұғалім сөзі: - Француз жазушысы Антуан де Сент-Экзюпери былай деген екен: «Мы в ответе за тех, кого приручили». Бұл пікірде терең ой жатыр. Бұны қалай түсінесіңдер? Қандай ойларың бар? Әңгімені оқимыз. Бұл әңгіменің керемет аудармасы бар, оны білесіңдер ме? «Көксеректі» А.Пантилеев «Серый Лютый» деп аударды. Қызығушылығын ояту. Осы аудармаға сүйеніп, әңгіменің үзіндісін оқып шығайық.

«...Жил в ауле мальчик по имени Курмаш. Ему и достался слепой волчонок. Старшие говорили: серый попал к людям слепым – может быть, он приживется в ауле. Курмаш не расставался с ним; приготовил для него чистую плошку, мягкий кожаный ошейник. Дня через два волчонок открыл глаза, но из юрты не высовывался – снаружи доносился лай и жутко пахло псиной. На ночь Курмаш брал волчонка к себе под одеяло. Ради него мальчик ложился теперь спать врозь со старой бабушкой, которую любил больше всех на свете».

V. Топпен жұмыс: әңгімені оқу.

I. Бөлтірікті ауылға әкелуі.

II. Жұрт не деді, Құрмаш қандай ат қойды?

III. Ауыл иттері неге Көксеректі дос көрмеді?

IV. Жаз ортасы ауған кезде Көксерек қандай қасқыр болып шықты?

«Пастушьи псы не хотели с ним примириться, как и старая бабушка... Но жизнь в ауле была для него неволей... Курмаша изумляла и тревожила прожорливость волчонка... Частенько он попадался и его колотили безжалостно... Мальчик ни разу не поднял на него палки... В ауле поговаривали, что он по ночам проскальзывает в кошары и овцы боятся его... Кто-то видел, как он украдкой убежал

в степь... Мальчик любовался волчонком... И назвал Курмаш своего любимца Көксерек, что означало, Серый Лютый».

VI. Сұраққа жауап. Әр топқа сұрақтар қойылады.

I топ:

- Бөлтірік ауылға қандай болып әкелінеді?
- Құрмаш Көксеректі қалай жақсы көрді?
- Көксерекке иттер неге өш болды?

II топ:

- Көксеректің қасқырға тән қасиетін неден көруге болады?
- Адамдар Көксеректі не үшін жазалады?
- Көксерек нені түсінбеді?

III топ:

- Көксеректің қасқырдың баласы екені неден көрінеді?
- Көксерек қай мезгілде ерекше өсті?
- Төбеттер неге қашатын болды?

IV топ:

- Басты кейіпкер туралы не айта аласындар?
- Құрмаштың әрекетіне қалай қарайсындар?
- Құрмаш неге Көксеректен өзі де қорқатын болды?

Мұғалім сөзі: - Біз бір үзіндіні оқып, талдадық, енді, тақтаға назар аударайық. Соңғы азат жолды оқығанда сендерді таңғалдырғаны – Көксеректің мүлде өзгеруі және Құрмаштың өзі де қорқақтайтыны. Бөлтіріктің қандай қасқыр болғанын сызбаға салып көрейік. Мәтіннен тек бір-бір сөйлемнен дәлелдендер. Төменнен жоғарыға қарай:

VII. Сызба (интерактивті тақта)

Бөлтірік екі күннен соң көзін ашты.

↓
Үлкейді.

Бірде-бір ит оны дос көрмейді.

↓
«Қыңқ» етіп дыбысын шығарған емес,
ауыл аңыз қылады.

Жаз ортасы ауған кезде
зіңгіттей көк шолақ қасқыр болады.

↓
Көксерек арлан еді
бойы биіктене берді.

↓
Құрмаш өзі де қорқақтайтын,
иттер де қашатын болды.

«К исходу лета Серый Лютый стал уже мало похож на обычных псов, загривок и спина его напоминали натянутый лук. Собаки перестали задирать его, едва он поворачивал к ним лобастую каменно-серую морду и сморщивал верхнюю губу, те кидались врассыпную. Курмаш гордился молчаливым зеленоглазым зверем... По правде сказать, мальчик и сам подчас побаивался Серого Лютого, но ни за что не признался бы в этом даже старой милой бабушке».

Мұғалімнің сөзі: - Көксерек сендерге қандай болып көрінді? Әр топ осы оқыған үзінді бойынша түрлі жұмыс жасайды.

VIII. Деңгейлік тапсырмалар. Жеңіл тапсырмалардан – күрделіге.

Көксеректі сипаттайтын бес жол өлең құрастырындар:

Белтірік

кішкентай, тағы, зіңгіттей көк шолақ

өсті, үлкейді, «тәрбиеленді»

Көксерек деп ат қойылды

арлан

Құрмашқа екі мәтін бойынша мінездеме беріндер (белгілер бойынша)

оригинал:

Кішкене Құрмаш Көксерек деп ат қойды.

Ертелі-кеш айналасынан шықпайды. Өзіне жеке асқұйғыш – итаяқ әзір болды. Құрмаш қасына алып жатады.

Құрмаш қасында болғанда таяқ жемейді. Құрмаш қанша тәрбиелесе де, көксерек ұрлық пен адал астың айырмасын ұға алмады.

...Құрмаштың өзі де қорқақтай барып, қой-қойлайтын еді...

Аудармасы:

Мальчик заступился за него и верные сторожевые псы отходили от мальчика, обиженно огрызаясь. Мальчик баловал, кормил его безотказно, намного сытнее, чем собак. Курмаш не слушал аульных пересудков. Но как ни старался мальчик, как ни учил своего серого, тот никак не мог понять, чем хуже еда, которую он крал, той, что давали ему хозяева.

Курмаша он не опасался, ел при нём...

Мәтін бойынша әңгіме негізінде жай жоспар жазыңдар:

1. Бөлтірік көзін ашты.
2. Мойнына жіп тағылды.
3. Бала қасына алып жатады.
4. Көксерекке жау иттер кездеседі.
5. Ауыл адамдары «кәпір, қырыс, тағы» - дейді.
6. Көксерек аш болмайтын.
7. Зіңгіттей қасқыр болып шықты.
8. Ала төбет те талай алмайды.
9. Құрмаш та қорқақтайтын.

Оқыған үзіндіні пайдаланып, шағын әңгіме (эссе) жазыңдар.

Құрмаш бөлтірікті өте жақсы көрді. Бірақ қасқыр ит емес, ол адаммен дос бола алмайды. Орыс мақалы бар: «Сколько волка не корми, все равно в лес смотрит». Құрмаш қанша тәрбиелесе де, Көксерек ештеңе түсінбейді. Қасқырдың тіршілік ететін мекені – дала. Мен әңгіменің қалай аяқталатынын білмеймін. Меніңше, Көксерек далаға қашып кетеді, өйткені, ол – жабайы аң. Құрмаш пен Көксеректің тағдыры қандай болады екен?..

IX. Тұжырым.

Мұғалімнің сөзі: - Біз әңгіменің бір үзіндісін аудармасымен оқып талдадық.

1. Сабақтың алдында қойған мәселеге оралайық.
2. Құрмаш Көксеректі қолға үйретті ме?
3. Баланың қолынан тамақ ішті ме?
4. Ауыл иттерінен оны қорғады ма?
5. Ауылда өскен жабайы аңға жауапты ма?
6. Алдымызға қойған мәселе шешілді ме?

- «Мы в ответе за тех, кого приручили» деген пікірмен келісесіңдер ме? Екінші үзіндіні оқып талдайық. Құрмаш пен Көксеректің тағдыры қандай болады екен деп бір оқушы әңгімесінде жазған екен... Олай болса, бұл әңгіме қалай аяқталады? Қандай ойларың бар? Кез келген мәліметтеріңді жазып әкеліңдер, пікірлеріңді әңгімемен салыстырып көрейік.

Бүгінгі сабаққа белсенді қатысқан оқушыларға баға қойылады (8-10).

Үй жұмысы: №5, 9, 10, 11-тапсырмалар мен сұрақтар.

1. Мәтінге сүйеніп, сюжетті сурет салыңдар.
 2. Қасқыр туралы мақал-мәтелдер тауып жазыңдар.
 3. Өздерің жануарларды сүйесіңдер ме? (Ой алмасу)
 4. *Бөлтірік, бөрі, қасқыр, арлан* сөздеріне түсінік жазыңдар.
 5. Түсініктегі сөздерді дәптерлеріңе жазып, есте сақтаңдар.
 6. Әңгіме қалай аяқталады деп қызықсаңдар, аудармасын оқыңдар, барлық кітапханаларда Мұхтар Әуезовтің кітаптары бар.
- Сау болыңыздар!



Мадина ҮМБЕТҚАЛИҚЫЗЫ,
Орал қаласындағы
№ 28 жалпы орта білім
беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЖАЛҒАУЛЫҚТАРДЫ ҚАЙТАЛАУ

(3-сынып)

Мақсаты: *білімділік* – нан – қасиетті тағам екендігі жайында түсінік беру. Нанның дастарқанға қалай келетіндігін әңгімелеу, жалғаулықтарды қайталау арқылы алған білімін орнықтыру; *дамытушылық* – оқушылардың ой-өрісін кеңейту, логикалық ойлауды дамыту, интерактивтік тақта арқылы жүйелі түрде ауызекі сөйлеуге машықтандыру; *тәрбиелік* – нанды қадірлеуге, қастерлеуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: интерактивті тақта, сүт, ет, нан, тағамдарының суреттері, тақырыпқа байланысты көрнекіліктер, тірек-сызба, қуыршақтың бейнесі.

Әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап. **Түрі:** аралас сабақ.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Үй тапсырмасын тексеру: сүт тағамдары туралы әңгімелеп беру, жаңа сөздерді айту (интерактивтік тақтадан берілген сұрақтарға жауап беру).

- Ет тағамдарына нелер жатады?
- Қазақтың басты ұлттық тағамы не?
- Жылқы етінің қандай ерекшелігі бар?
- Қандай сүт тағамдарын білесіңдер?
- Сүт тағамдары қайда сатылады?

- Сүт, ет тағамдары туралы қандай мақал-мәтелдерді білесіңдер?

- Балалар, сендер үйде аналарыңа тамақ әзірлеуге көмектесесіңдер ме?

- Дастарқанға ең алдымен не қоясыңдар?

- Нан.

- Дұрыс, сондықтан бүгінгі сабағымызда жалғаулықтарды қайталау арқылы «Ас атасы – нан» тақырыбын өтеміз. Сабақтың мақсаты – нан – қасиетті тағам екенін түсіну және нан қалай дастарқанға келетінін білу.

Нан – ырыстың көзі, халқымыздың байлығы. Үлкен-кішінің бәрі нанды қадірлейді. Нан – дәм басы. Сондықтан да дастарқанға алдымен нан қою керек. Нанның түрлері көп, соның ішінде қалаш, тоқаш, қазақтың ұлттық тағамы – бауырсақ, шелпек, т.б.

Нанға байланысты тыйымдар мен ырымдар:

- нанды төңкеріп қоюға болмайды;

- нанды бір қолмен сындыруға болмайды;

- нансыз өмір жоқ, сондықтан нанды шашуға, жерге тастауға, басуға болмайды;

- жол үстінде жатқан нанды алып, адам баспайтын жерге қою керек.

3. Жаңа сабақ.

А) Сөздікпен жұмыс:

ұн – мука;

диқан – пахарь;

наубайхана – пекарня;

жер жыртады – пашут;

егін егеді – сажаят;

егін – посев, урожай;

диірмен – мельница.

Дәптермен жұмыс: сөз тіркестерін, сөйлемдерді құрастырып, дәптерге жазу, қазақ тіліне тән дыбыстардың

астын сызу;

- *егін* деген сөзге ауызша фонетикалық талдау жасау;

Ә) **Мәтінмен жұмыс:** берілген мәтінді мұғалім оқып шығады, оқушылар мұқият тыңдайды.

Ас атасы – нан

Нан – басты тағам. Нан еңбекпен табылады. Диқандар жер жыртады, егін егеді. Егін піскенде жинайды, диірменге апарды. Ұнды наубайханаға машинамен жеткізеді. Ұннан әр түрлі нан пісіреді. Дүкенге дайын нан әкеледі.

Оқушылар тізбектеп оқып, аударды.

- Нан қандай тағам?

- Нан қалай табылады?

- Ал, нанның қандай еңбекпен келетінін тірек-сызба арқылы көрсетейік?

- Тақтадағы шашылған суреттерді жинайық.

- Балалар, байқаған шығарсындар, нан біздің дастарқанға оңай келмейді екен, сондықтан біз оны қадірлеуіміз керек.

Нанға байланысты мақал-мәтелдермен танысайық.

1. *Дастарқанда нан болмаса,*

Тамақта мән болмас.

2. *Нанды еңбекпен табады.*

3. *Нан – тамақтың атасы,*

Ынтымақ – көптің батасы.

Енді, оқулықтың 114-бетін ашып, берілген сөйлесуді рөлге бөліп оқимыз.

- Бұл сөйлесу қайда болып жатыр?

- Ол қандай дүкен?

- Дүкенде не сатылады?

- Кәмпит қандай?

- Нан қандай?

- Балалар, сендер шаршаған шығарсындар, біраз тынығып алайық.

Сергіту сәті:

Дастарқанды жаямыз,

Ыдыстарды аламыз.

Тағам салып бәріне,

Дастарқанға қоямыз.

Асың, асың – асыңа,

Береке берсін басыңа!

Денсаулығың зор болсын,

Дастарқаның мол болсын!

- Бүгін, балалар, мен сендерге **ертегі** айтып беремін.

Сендер маған көмектесесіңдер. Оның аты – «Бауырсақ» (Колобок). Баяғыда бір шал мен кемпір өмір сүрген екен. Бір күні таңертең шал өтініш айтыпты.

- Кемпірім, домалақ нан пісіріп берші.

- Неден пісіремін, біздің үйде ұн жоқ.

- Ұн жинап алу үшін біз кемпірге көмектесуіміз керек.

Әр тапсырманы орындаған сайын бізге жол ашылады. Яғни, берілген сөздердің орнын табу: (балалар тақтаға шығып, сүт, ет, ұн тағамдарын бөлек жіктейді).

Шашылған сөздер:

сүт

қымыз

ірімшік

май

айран

ет

қазы

куырдақ

бесбармақ

ұн

бауырсақ

шелпек

тоқаш

қалаш

- Жарайсыңдар, кемпірге ұн тауып бердік. Ол әдемілеп тұрып домалақ нан пісірді де, терезенің алдына қойды. Терезе алдындағы нан домалап кетті. Біз енді соны тауып алуымыз керек. Ол үшін 113- беттегі 1- тапсырманы орындаймыз. Көп нүктенің орнына жалғаулықтарды дұрыс қойып жазамыз.

Дәптермен жұмыс.

Нұрлан мен Досан үйге келді. Зәуре мен Қанат ауылға барды. Қарлығаш пен Меруерт сабақ оқыды. Ораз бен Жанат көшеде жүр. Саят пен Айнаш нан сатып алды.

Домалап кеткен бауырсақ қоянға кездесті. Оны біздер қояннан құтқаруымыз керек. Қоян сендерге мынадай тапсырма дайындапты, дұрыс орындасақ, бауырсақты құтқарамыз.

Дұрыс аудармасын тап:

<i>нан</i>	<i>мельница</i>
<i>диірмен</i>	<i>хлеб</i>
<i>шырын</i>	<i>пахарь</i>
<i>айран</i>	<i>труд</i>
<i>ұн</i>	<i>кефир</i>
<i>диқан</i>	<i>сок</i>
<i>еңбек</i>	<i>мука</i>

-Дұрыс, бауырсақты қояннан құтқардық, бірақ ол қасқырға тап болды, енді не істейміз? Қасқырдың тапсырмасы өзі секілді қатаңдау екен. Берілген үстелге азық-түліктерді қазақша айтып қоямыз:

Азық-түліктерді қойып, атын айт.

- Бауырсағымызды қасқырдан да құтқардық, бауырсақ орман ішімен домалап келе жатса, алдынан аю шығады. Аю бізге «сөзжұмбақты шешпесеңдер, бауырсақты жеп қоямын» дейді.

- Түйенің сүті? *Шұбат*
- Сүттен жасалатын тағам? *Қаймақ*
- Диірменнен ұн қайда түседі? *Наубайханаға*
- Биенің сүті? *Қымыз*
- Егінді жинап қайда апарды? *Диірменге*
- Мектебіміздегі тамақтанатын орын? *Асхана*
- Қазақтың ұлттық тағамы? *Бесбармақ*
- Жер жыртатын кім? *Диқан*

Бауырсақ үйіне жете алмай, түлкіге тап болды, түлкіге бауырсақ туралы **көріністі көрсетейік.**

Қайдан келдің, бауырсақ?

Макаринцева Әдемі – автор.

Беляева Кристина – бауырсақ.

Митрясова Юля – қуыршақ.

- Дастарқанда шашылып

Жатты аппақ бауырсақ.

Бауырсаққа қызығып,

Қарап тұрып көзін сап:

- Қайдан келдің, бауырсақ?-

Деп сұрады қуыршақ.

- Дүкеннен келдім нан сатқан,-

Деді оған бауырсақ.

- Дүкенге келдің қай жақтан?

- Наубайдан келдім нан жапқан.

- Наубайға келдің қай жақтан?

- Диірменнен келдім ұн тартқан.

- Диірменге келдің қай жақтан?

- Даладан келдім – жан-жақтан.

Жер – анам менің көсілген,

Диқандар мені өсірген.

Арғы тегім – ақ бидай,

Тәттімін, жеп көр, бақшимай! (Ө.Тұрманжанов).

- Міне, осылайша, балалар, бауырсақтың тәтті екеніне

түлкінің көзі жетті.

Бекіту сұрақтары:

- Біз бүгін қандай мәтінмен таныстық?

- Қандай сөздерді білдік?

- Нан бізге қалай келеді?

- Нан қандай тағам?

- Нан туралы қандай мақал- мәтелдерді білдік?

- Нан туралы қандай тыйымдар бар?

Үйге тапсырма:мәтінді мазмұндау, мақал-мәтелдерді,

сөздікті жаттау.

Бағалау: тиісті бағаларды қою.

БУЫН ТҮРЛЕРІН ҮЙРЕТКЕН ДӘРІГЕР

(4-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – буын түрлерін меңгертуді жалғастыру; **дамытушылық** – оқушылардың ой-өрісін кеңейту, логикалық ойлауды дамыту, ауызекі сөйлеу дағдыларына төселдіру; **тәрбиелік** – денсаулықтарын күтуге, таза жүруге, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.

Түрі: дәстүрлі сабақ. **Әдістері:** сұрақ-жауап, әңгімелесу, ойын, проблемалық сұрақ, аудирование, тірек-сызба, жаңа технология элементтері. **Көрнекілігі:** сюжетті суреттер, үлестірмелі топшалар, магнитофон, тірек-сигналдар, көрініс, интерактивтік тақта.

I. Ұйымдастыру бөлімі:

- Сәлеметсіздер ме! Отырыңдар!
- Қазір қай сабақ?
- Қазақ тілі нешінші сабақ?
- Қазақ тілі сабағында қай тілде сөйлейміз?
- Сенің атың кім?
- Сен нешінші сыныпта оқисың?
- Бүгін аптаның қай күні?
- Бүгін нешесі?

II. Үй тапсырмасын тексеру:

- Диалогты жатқа кім айтады?
- Өткен сабақта қандай жаңа сөздермен таныстық?

(Жауапты, мамандық, тіс дәрігері, болған, мейірбике, міндетті, тиіс, жедел жәрдем, науқас, ауру).

III. Жаңа сабақ:

Сөздік жұмысы:

(Слайд)

мейірбан – милосердный;

жеңілдету – облегчить;

борыш – долг;

батыл – смелый;

шыдамды – терпеливый;

жұқпалы – заразный;

емдеу – лечить;

Сөздерді дауыстап қайталау.

Көрініс – «Дәрігер».

- Зейін қойып тыңдаңдар, өйткені көріністен соң сұрақтарға жауап беретін боламыз.

(Слайд)

- Науқаста тұмаудың белгілері бар ма?

- *Иә, науқастың тұмауы, жөтелі бар: тамағы қызарып тұр, науқастың қызуы бар.*

- Науқас дәріні күніне неше рет ішу керек?

- *Науқас дәріні күніне үш рет ішу керек.*

- Науқас тағы қалай емделеді?

- *Жылы компресс жасайды, тамағын шөппен шаяды.*

- Енді емханаға қай күні келуі керек?

- *Енді жұма күні келеді.*

3. Мәтінмен жұмыс:

- Енді, біз мәтінмен жұмыс жасаймыз.

Үнтаспадан мәтінді мұқият тыңдаңдар. Оқу техникасына мән беріңіздер.

(Магнитофон қосылады).

Дәрігер

Дәрігер **мейірбан** жүректі болуға тиіс. Өйткені, науқастың ауруын **жеңілдету**, оны емдеу – дәрігердің **борышы**.

Дәрігер білімді, **батыл**, **шыдамды** болуы керек. Себебі: ол адам өміріне жауапты. Дәрігер науқастың **жұқпалы** ауруы болса да оны **емдейді**. Оларды түн демей, күн демей науқас адамға шақырады. Науқастың қызуы болса, дәрігерді үйге шақырады. Дәрігер жылдам жетіп, жедел жәрдем көрсетуге міндетті.

- Енді, мәтінді оқып шығайық (оқушылар мәтінді бір-бір сөйлемнен оқып шығады).

- Ал, енді осы мәтін ішінен жаңа сөздерді сөз тіркестерімен қоса айтып шығайық.

(Слайд)

4) - Енді, балалар, мәтін бойынша мына сұрақтарға жауап берейік:

- Дәрігер қандай болу керек?


- Дәрігердің борышы не?

- Не себептен дәрігер білімді, батыл, шыдамды болуы керек?

- Науқас қатты ауырып жатса, дәрігер не істеуге міндетті?

- Ал, қазір, балалар, мен сіздерге бір ертегі айтып беремін.

(Слайд)



Ертеде қазіргідей буын түрлері болмапты. Әріптер жеке жүріп, күн көріпті. Сөз болайын десе, бір-біріне қате жалғанып, бола алмапты. Ал, адамдар бір-бірімен ымдап түсінісіпті. Әріптер көп қиналды.

Бұл қиындықты сезген әріптер бір күні бас қосып, грамматика деген ел ханшайымына барып былай депті:

- Бұлай жеке жүргеніміз дұрыс емес екен, адамға бізден ешбір пайдамыз жоқ. Бір-бірімізбен қосылып, сөз құрайық десек, қалай жалғану керек екендігін білмейміз, - депті.

Сонда грамматика деген ел ханшайымы ойланып, келесі шешімге келген:

- Енді сіздер үш буынға бөлініп, үш бөлек ауыл болып тұрасыздар. Бірінші ауыл – ашық буын деп аталсын.

- *Ашық буын ауылына қалай жалғанған әріптер кеткен екен?*

- Екінші ауыл – тұйық буын ауылы деп аталсын.

- *Тұйық буын ауылына қалай жалғанған әріптер кеткен?*

- Үшінші ауыл – бітеу буын ауылы деп аталсын.

- *Бітеу буын ауылына қалай жалғанған әріптер кеткен екен?*

- Осыдан кейін ғана үш буын ауылдары (яғни, ашық, тұйық, бітеу) бір-бірімен достасып, сыйласып керемет, тағайып сөздер құрап, адамдарға өзара түсінісуге мүмкіндік беріпті.

Топшалар.

№1 топша тапсырмасы. Сөйлемді буынға бөліп, буындардың түрлерін ажыратып бер: **Дәрігер мейірбан жүректі болуға тиіс.**

№2 топша тапсырмасы. Берілген сөзге фонетикалық талдау жаса: *дәрігер*

№3. Топша тапсырмасы. Берілген буындардан тұйық буындарды теріп жаз:

- гер, - ір, -да, - ұс, -бен, -дік, - са, -ос, -на, -бек, -ең,

- кес, -сі, -тұл, -ер, -ті, - ың, -ел, -тім, -ғат.

Оқытушы оқушылармен бірге қателерін тексереді.

Мақал-мәтелдер.

- Балалар, біздер денсаулық туралы қандай мақал-мәтелдермен таныстық, еске түсірейікші:

Бірінші байлық-денсаулық.

Тазалық – денсаулық негізі,

Денсаулық – байлық негізі.

Денсаулық кепілі – тазалық.

- Дұрыс, балалар, сондықтан адам қашан да денесін таза ұстау керек. (Слайд)

- Ол үшін не істеу керек? Қане, мына суретке қарап айтып көрейік:

- Беті-қолды сабынмен жуу керек.

- Тісті тіс щеткасымен тазалау керек.

- Шашты шампуньмен жиі жуып тұру керек.

Денсаулықты сақтау.

- Балалар, денсаулығымыз берік, мықты болу үшін не істеу керек деп ойлайсыңдар? Суретке қарап, айтып көрейік:

- Дұрыс тамақтану керек.

- Шынығу керек.

- Спортпен айналысу керек.

- Денесін шынықтыру керек.

«Шашылған әріптер».

Берілген әріптерден мамандық атауларын атап шығыңдар. (Слайд)

м	ғ	л	с	п	з	д	б	к	н	ш	й	р	г	қ
ұ	а	і	е	и	ы	у	ә							

мұғалім, аспаз, медбике, сауыншы, наубайшы, дәрігер, балықшы, құрылысшы.

Бекіту:

«Дәрігер» тақырыбына кластер құрап көрейік:

Көмекші сұрақтар:

1. Дәрігер қандай болу керек?

2. Дәрігердің борышы не?

3. Не себептен дәрігер білімді, батыл, шыдамды болуы керек?

4. Науқас қатты ауырып жатса, дәрігер не істеуге міндетті?

Үй тапсырмасы: - Балалар, үйде жаңа сөздерді көшіріп, жаттап алыңдар. «Дәрігер» тақырыбына 4-5 сөйлем жазыңдар.

Бағалау.



Әсел МҰХТАР,
Алматы қаласындағы
№27 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ ТІЛ ДАМЫТАДЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – өткен тақырыптар бойынша оқушылардың білімдерін пысықтау, сауатты сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, жыл мезгілдері туралы білімдерін жинақтап, суреттер арқылы білімдерін жетілдіру; **дамытушылығы** – оқушының сөйлеу тілін дамыту арқылы сөздік қорын, ой-өрістерін қалыптастыру, өз бетімен жұмыс істеп, шығармашылық ізденіске түседі, оқушы білімін жинақтау, қорытындылау; **тәрбиелігі** – оқушылардың патриоттық, Отаншылдық сезімін оята отырып, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, табиғатты аялауға баулу.

Түрі: дәстүрлі емес, аралас сабақ (бекіту сабағы). **Әдісі:** ой қозғау, топпен жұмыс, дамыта оқыту технологиясы. **Көрнекілігі:** электронды тақта, қағаздан жасалған ағаш пен жапырақтар. **Пәнаралық байланыс:** дүниетану, орыс тілі.

Сабақтың барысы. Ұйымдастыру кезеңі:

а) оқушылармен амандасу, түгелдеу, себебін анықтау.

ә) сабақтың мақсатымен таныстыру, зейіндерін сабаққа аудару.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Қалдарың қалай? қадамдарыңыз құтты болсын, қадірлі қонақтар!

- Балалар, бүгінгі біздің сабағымыз «Жыл мезгілдері» модулін бекіту сабағы. Сабақтың мақсаты – жыл мезгілдерін қайталап, алған білімімізді пысықтау, жыл мезгілдері туралы білімдерімізді жинақтап, бекіту.

Үй тапсырмасын сұрау: жыл мезгілдері бойынша сөздікті қайталау.

- Балалар, тақтада өткен тақырыптар бойынша сөздер жазылған, осы сөздерді мен оқимын, ал сендер аудармасын айтасыңдар.

- Жарайсыңдар, балалар, біз топпен жұмыс жүргізейік. Әр топтан бір оқушыдан тақтаға шығып, өзіне ұнаған түсті таңдап алсын.

(Сыныптағы оқушыларды төрт топқа бөлемін. Әр топтан бір оқушыдан шығып, өзіне ұнаған бір түсті таңдайды, әр түс бір жыл мезгілін айқындайды).

Алдарындағы жыл мезгілдері жайлы сөздер жазылған парақтан әр топ өзінің мезгіліне байланысты сөздерді теріп, оқып беруі қажет.

Қыс, көктем, шаңғы, ыстық, демалыс, мейрам, жаңбыр, қар, шана, аққала, мамыр, қаңтар, маусым, қыркүйек, қазан, желтоқсан, қараша, тамыз, ақпан, суық, жылы.

Келесі тапсырманы сөзжұмбақ арқылы қорытындылаймыз.

- Жарайсыңдар, балалар, келесі тапсырма – электронды тақтадағы жылдың төрт мезгіліне байланысты суретке қарай отырып, әр топ өз мезгілі жайлы айтып беру.

Тапсырманы тест сұрақтары арқылы қорытындылаймыз.

1. Қыста күн қандай болады?

а) жылы; ә) суық; б) салқын.

2. Қыста не жауады?

а) қар; ә) жаңбыр; б) бұршақ.

3. Көктемде ауа райы қандай болады?

а) ыстық; ә) суық; б) жылы.

4. Қыс айлары:

а) қаңтар, ақпан, желтоқсан; ә) наурыз, сәуір, мамыр;
б) қыркүйек, қазан, қараша.

5. Көктемде не жауады?

а) қар; ә) жаңбыр; б) бұршақ.

(Тестке жауап беріп болғаннан кейін топтар бір-бірінің жауаптарын тексереді).

Сергіту сәті:

Қолды белге қоямыз,

Басты оңға бұрамыз,

Басты солға бұрамыз.

Бір отырып, бір тұрып,

Бір отырып, бір тұрып

Біз демалып қаламыз.

Әр топ бір-біріне бір сұрақтан қояды.

Грамматикалық тапсырма.

Берілген сөздер арқылы сөз тіркестерін құрап, дәптерлеріңе жазыңдар: *жаз, жыл, жауып, қыс, тұр, мезгілі, ыстық, суық.*

Қорытындылау.

- Балалар, сабағымызды қорытындылай отырып, көктем мезгілінен жаз мезгіліне саяхат жасайық.

(Қағаздан жасалған жапырақтарды әр топқа таратамын).

Сендер берілген сұрақтарға жауап бере отырып, тақтадағы «Көктем ағашын» безендіріңдер.

Бағалау: сабаққа қатысуларына байланысты бағалаймын.

Үйге тапсырма: жыл мезгілдерінің суретін салып келу.

Гүлхан САБЫРХАНҚЫЗЫ,
Жамбыл облысы әкімдігінің
тілдерді дамыту басқармасының
«Мемлекеттік тілді оқыту
орталығының» ғылыми әдіскері.

СӨЗДІК ҚОРЫ МОЛ БІЗДІҢ АҒАЙ ТАМАША

Сабақтың мақсаты: әуен тыңдап, ән айту арқылы тыңдаушылардың қазақ әндеріне деген қызығушылығын ояту. Әр түрлі тапсырмалар орындата отырып, өлеңнің мағынасын түсінуге, сөздік қорын байытуға, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға дағдыландыру. Отбасы татулығы мен бірлігі жайында пікірлесу.

Әдісі: сұрақ-жауап, түсіндіру, тыңдалым, айтылым, жазылым, сұхбат. **Көрнекілігі:** слайд шоу, караоке, үлестірмелі парақшалар, DVD. **Түрі:** ән сабақ.

Сабақтың жоспары:

1. Ой шақыру.
2. Тыңдалым.
3. .
4. Оқылым.
5. Жазылым.
6. Сергіту сәті.
7. Айтылым.
8. Тест.
9. Өзіндік жұмыс.

Кіріспе:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы, - деп Абай атамыз

өлеңді ұғынып, жүрегімен тыңдай білген адам дүниені де – өзін де ұмытатындығын айтады. Әнді тыңдай білудің өзі де – үлкен өнер.

Қазақтың қандай
әндерін сүйіп
тыңлайсыз?

Оқытушының орындауында «Біздің ағай тамаша» атты әзіл әнді тыңдаңыз. Сол бойынша өлеңнің мазмұнын баяндап беріңіз.

Келесі тапсырмалар (слайд) – деңгейлік тапсырмалар. Оңайдан қиынға көшу арқылы бірнеше тапсырмалар орындаңыз. Сол арқылы әннің мазмұнын түсініп, сөзін жаттауға тырысыңыз.

Ой шақыру

1. Жолдасыңызға үй шаруасында көмектесесіз бе?
2. Сіз жұбайыңызды қалай еркелетесіз?
3. Мереке күндері тамақты кім дайындайды?
4. Үй жұмысын «әйелдікі, ердікі» деп бөлесіз бе?
5. Үйге азық-түлікті кім әкеледі?

Лексикалық минимум:

біздің ағай – наш дядя;

қызық адам – интересный человек;

тамаша – прекрасно;

дүниеден таппайды – в мире не найдет;

үлгі алып – брать пример;

үй шаруасы – домашнее хозяйство;

құрметтеу – уважать;

кір жуу – стирать;

кеспе кесіп, нан илеп – резать (готовить) лапшу;

құрт қайнатып – готовить курт;

жеңгемізді сыйлайды – уважает сноху;

мақтайды – хвалит.

Тыңдалым. «Біздің ағай тамаша» әнін тыңдаңыздар.

Оқылым. Әннің мәтінін мәнерлеп оқып, мазмұндаңыз.

Сұрақтарға жауап беріңіз.

Жазылым жаттығулары.

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойыңыз.

Б...здің а...ай қызық адам тамаша,

Қызы...ына сан жетпейді санаса.

Же...гемізді сыйлайтыны соншалы...

Томпаң қа...ып, томпа... қағып ж...гіреді балаша.

2-тапсырма. Тиісті қосымшаларды жалғаңыз.

Біз... ағай қызық адам тамаша,

Қызығына сан жетпей... санаса.

Жеңгемізді сыйлайтыны сонша....

Томпаң қағып, томпаң қағып жүгіреді балаша.

3-тапсырма. Бос орынды қажетті сөздермен толықтырыңыз.

Біздің ағай қызық адам тамаша,

Жеңгемізді сыйлайтыны соншалық

Бұл ағайды жеңгеміз де мақтайды,

Қалай ғана мақтамасын жеңгеміз,

Қажетті сөздер: *қызығына, сан жетпейді, санаса, томпаң қағып, жүгіреді балаша.*

4-тапсырма. Берілген сөздердің синонимін, антонимін табыңыз.

Мысалдар	Синоним	Антоним
қызық адам		
сыйластық		
мақтайды		
дүниеден таппайды		
тамаша		
құрметтейді		
жұбайы		
ұнату		

Сергіту сәті. Ағай не істеп жатыр? Әннің қайырмасы бойынша сурет салыңыз.

Айтылым. «Біздің ағай тамаша». Әнді караокемен шырқаңыз.

Өзіндік жұмыс.

1. Әнді жаттаңыз.
2. «Ұйытқысы мол отбасы» тақырыбына шағын эссе жазыңыз.



Айгүл БЕКОВА,
 Алматы облысының
 Еңбекшіқазақ ауданындағы
 Қ.Бижанов атындағы орта мектебінің
 қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

«ДЕЙІН» ШЫЛАУЫН ҚОЛДАНУДЫ МЕҢГЕРТУ

Сабақтың мақсаты: 1) Тақырып бойынша жоспардан тапсырмаларды орындау, **дейін** шылауын қолдануды меңгерту. Жаңа сөздерді жаттату, оларды ауызекі сөйлеуде қолдану; 2) Оқушыларды суретке қарап өз беттерінше әңгіме құрай білу деңгейіне жеткізу, өз беттерімен ізденуге баулу; 3) Өз туған еліне, тұрған жеріне, сол арқылы Отанға деген

сүйіспеншілікке баулу. Табиғатты аялауға шақыру.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелеу, баяндау, ИКТ қолдану, ойын.

Көрнекілігі: сюжетті суреттер, сызбалар, кәртiшкелер.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру: сыныпты сабаққа әзірлеу.

Психологиялық тренинг: әр оқушы өз көңіліне ұқсас суретті тауып, дәптерге сурет салады. Содан кейін, сабақ соңында қандай көңілде болатынын көріп салыстырады.


II. Білімін тексеру: өткен тақырыпты қайталау.

а) «Қала» тақырыбына қатысты сұрақтарға жауап алу:

- Қала қандай?

- Қалада не бар?

(Қала сөзіне ассоциация құру)



Осы сөздерге сұраулық шылауларды қойып, дұрыс көшіріп жазыңдар.

Енді, өздерінді тексеріп, бағалаңдар.

- Қала ма?

- Көшелер ме?

- Алаң ба?

- Дүкендер ме?

- Көліктер ме?

- Мектептер ме?
- Саябақ па?
- Емханалар ма?

Күннің суреті – «5».

Жартылау күннің суреті – «4».

Бұлттың суреті – «3».

(Жақсы баға алған оқушылар ережені айтады).


III. Сабақ мақсатын анықтау:

- Біз қайда тұрамыз?
- Ауылда.

«Ауыл» деген сөзді естігенде көз алдыларыңа не елестейді?

(Плакатқа ауылдың суретін салу).

- Балалар, ауыл мен қаланың айырмашылығы мен ұқсастығы неде?



- Ендеше, ауыл өмірімен, үй жануарларымен жақынырақ танысу үшін ауылға саяхат жасаймыз. Ауылға саяхатты автобуспен жасаймыз.

IV. Жаңа сабақ.

1. **Дейін** шылауын түсіндіру.

2. Ал, енді, қойдың, биенің, түйенің, ешкінің төлдерін шақырайық.

3. Сергіту сәті.

4. Сөздік жұмыс.

5. Электрондық оқулықпен жұмыс.

6. Төмендегі сөздермен сөз тіркесін құра:

ауыл – село, поселок;

құлын – жеребенок;

бота – верблюжонок;

лақ – козленок;

бұзау – теленок;

бие – кобыла;

қозы – ягненок.

7. Сөйлеп үйрен.

8. «Ауыл» мәтінін оқыту, аудару.

V. Түсінігін тексеру.

1. Жазба жұмыс: Сөйлем құра. Электрондық оқулықпен жұмыс.

- Сиырдың төлі не?

- Түйенің төлі не?

- Қойдың төлі не?

- Ешкінің төлі не?

- Жылқының төлі не?

VI. Сабақты бекіту.

- Сонымен, балалар, ауылдың көркі не?

«Ауыл» тақырыбына сөзжұмбақ жасау.

VII. Үйге тапсырма: 3-тапсырма, 135-бет.



ТІЛДІК ТАЛДАУ ЖҰМЫСТАРЫ

(Жалғасы. Басы №8 санда.)

Фонетикалық талдау Дауысты дыбыстар

Тілдің қатысына қарай:	
Жуан	а, о, ұ, ы
Жіңішке	ә, ө, ү, і, и, э, у
Жақтың қатысына қарай:	
Ашық	а, ә, о, ө, е, э
Қысаң	ы, і, ұ, ү, у, и
Еріннің қатысына қарай:	
Еріндік	о, ө, ұ, ү, у
Езулік	а, ә, е, ы, і, и, э

Дауыссыз дыбыстар

Қатаң	п, ф, к, қ, т, с, х, ш, щ, ц
Үяң	б, в, г, ғ, д, ж, з, һ
Үнді	р, л, й, у, м, н, ң

Буын, оның түрлері

Ашық	Дауыссыздан басталып, дауыстыға бітеді.
Тұйық	Дауыстыдан басталып, дауыссызға бітеді.
Бітеу	Дауыссыздан басталып, дауыссызға бітеді.
Жалаң ашық	Жалғыз дауысты дыбыстан тұрады.

Үндестік заңы

Буын үндестігі – сөз жуан болса, оған жалғанатын қосымша да жуан болады. Сөз жіңішке болса, оған жалғанатын қосымша жіңішке болады.

Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар: -хана, -кер, -қой, -паз, -нікі, -ов, -ев, т.б.

Дыбыс үндестігі – бір сөздің ішінде немесе сөз бен сөздің арасында дауыссыз дыбыстардың бір-біріне әсер етіп

үндесуі.

Ілгерінді ықпал – дыбыстың өзінен кейінгі дыбысқа әсер етіп, өзгертуі.

Кейінді ықпал – дыбыстың өзінің алдындағы дыбысқа әсер етіп, өзгертуі.

Тоғыспалы ықпал – екі дыбыстың бір-біріне әсер етіп, біреуінің де өзгеріске ұшырауы.

Лексика – сөз байлығын, мағынаны зерттейді.

Омоним – дыбысталуы бірдей, мағыналары әр түрлі сөздер.

Синоним – дыбысталулары әр түрлі, мағыналары жақын сөздер.

Антоним – мағыналары қарама-қарсы сөздер.

Термин – ғылым мен техникада қолданылатын сөздер.

Неологизм – тілімізде жаңадан пайда болған сөздер.

Көнерген сөздер – қолданыстан шығып қалған сөздер.

Кірге сөз – басқа тілдерден енген сөздер.

Кәсіби сөз – белгілі бір кәсіпте, шаруашылықта ғана қолданылатын сөздер.

Диалект – шектелген аумақта қолданылатын сөздер.

Фразеология – тұрақты сөз тіркестері.

Сөз таптары

	Сөз таптары	Түрлері
1	Зат есім	Жалпы, жалқы, деректі, дерексіз.
2	Сын есім	Сапалық, қатыстық, жай, салыстырмалы, асырмалы, күшейтпелі шырайлар.
3	Сан есім	Есептік, реттік, жинақтық, топтау, болжалды, бөлшектік.
4	Есімдік	Жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, белгісіздік, болымсыздық, жалпылау.
5	Етістік	Болымды, болымсыз, салт, сабақты, есімше, көсемше, шақ, рай, етіс категориялары.
6	Үстеу	Мезгіл, мекен, мөлшер, себеп-салдар, мақсат, күшейткіш, қимыл-сын.
7	Шылау	Жалғаулық, септеулік, демеулік.
8	Одағай	Көңіл-күй, шақыру, жекіру.

Сөздің құрамы

Түбір сөз

Туынды сөз

Қосымша**Жұрнақ****Жалғау****Көптік:**Сөз
туды-
рушыСөз
түрлен-
діруші

-лар, -лер, -тар, -тер, -дар, -дер.

Септік:**Атау****Ілік** -ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің.**Барыс** -ға, -ге, -қа, -ке, -а, -е, -на, -не.**Табыс** -ны, -ні, -ды, -ді, -н.**Жатыс** -да, -де, -та, -те, -нда, -нде.**Шығыс** -нан, -нен, -тан, -тен, -дан,
-ден.**Көмектес** -мен, -бен, -пен.**Тәуелдік**

1-жақ -м, -ым,

-ымыз, -іміз.

-ім

2-жақ -ң, -ың,

-ң, -ындар, -індер.

-ің

3-жақ -ы, -і,

-сы, -сі

Жіктік

1-жақ -мын,

-мыз, -міз.

-мін

2-жақ -сың,

-сің,

-сыз, -сіз

3-жақ -ды, -ді

Сөз тіркесінің түрлері: есімді, етістікті.**Сөз тіркесінің байланыс түрі****Матасу**

Ілік септігі арқылы.

Қабысу

Еш жалғаусыз, орын тәртібі арқылы.

Қиысу

Бастауыш пен баяндауыш арасындағы байланыс.

Меңгеру

Барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің жалғаулары арқылы байланысы.

Жанасу

Еш жалғаусыз, алшақ тұру арқылы байланыс.

Нұржамал БИСЕКЕЙ,
«Октябрьдің 37 жылдығы»
орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Абай ауданы.

СУДА – СӨЙЛЕМНІҢ ТҰРЛАУЛЫ МҮШЕЛЕРІ

(8-сынып)

Мақсаты: оқыту – сөйлемнің тұрлаулы мүшелері тақырыбында алған білімдерін пысықтау. Өткен лексикалық тақырып бойынша сөздік қорын қалыптастыру. Сөйлегенде, жазғанда грамматикалық тұрғыдан сөйлемдерді дұрыс құра білу, өз ойын толық жеткізе білу; **дамыту** – экологиялық ойлау қабілетін жетілдіру. Тілдік компетенцияларын қалыптастыру. Қисынды ойлап, тиісті индуктивті және дедуктивті әдістер қолдануға үйрету. Балалардың логикасын дамыту. Оқу материалын географиямен, экологиямен тығыз байланыстыру; **тәрбиелеу** – балаларды табиғатты аялауға баулу, өздерінің іс-әрекеттерінің қоршаған ортаға қандай әсер қалдыратынына ой тоқтатуға тәрбиелеу. Сабақ формасы арқылы оқушылардың қазақ тіліне ынтасын тудыру, қоршаған ортаны білуге құштарлығын ояту.

Эпиграф: «Чем больше мы берем от природы, тем менее мы оставляем в ней и в конечном итоге мы вынуждены будем оплатить наши долги в тот самый момент, который может оказаться очень неподходящим для того, чтобы обеспечить продолжение нашей жизни».

Норберт Винер.

Алдын-ала дайындық этапы:

1. Оқушыларға тапсырмалар: оқушылар Жер шарындағы сулар туралы, оның көлемі, қасиеті, туындаған көптеген экологиялық проблемалар туралы дерек жинап, қысқаша баяндама дайындайды. (Сабақ ғылыми конференция түрінде өтетін болғандықтан, сол конференцияда ел-елдерден әлемдік сулардың проблемаларын зерттейтін ғалымдардың рөлін оқушылар атқарады, олар ғылыми-көпшілік журналдардан, география, табиғаттану оқулықтарынан жазып алып, тың деректер ұсынады, талқылайды).

Көрнекіліктер: әлем картасы, әр оқушының алдында әлем елдерінің атауы жазылған табличка бар (оқушылар - сол елдерден келген ғалымдар).

Сабақ межелері. I. Негізгі хабарламалар:

1. Су – тіршілік негізі.
2. Су неліктен ластанады?
3. Дабыл белгісі.

II. Зертхана жұмысы:

1. Сұрақ-жауап.
2. Грамматикалық жаттығу.
3. Лексикалық карта.
4. «Судың да сұрауы бар» тақырыбына шағын шығарма.

III. Қорытынды.

1. «Алмас қырлары».
2. Тест.

Сабақ барысы.

I. - Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар! Бүгінгі әлемдік су мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу конференциясына қош келдіңіздер! Уважаемые гости! Вы присутствуете на научно-исследовательской конференции по исследованию проблем Мирового океана.

Күн тәртібінде екі тақырып:

1. Судың да сұрауы бар.
2. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері.

Конференция жұмысын бастаймыз. Су – тіршілік негізі.

Сусыз өмір жоқ.

Ш.Катя: - Жер шарының көп бөлігін су алып жатыр. Бірақ сол судың тоқсан пайызы адам өмірі үшін, өсімдіктер мен жан-жануарлар тіршілігі үшін жарамсыз тұзды сулар. Оның тек екі бүтін оннан бес пайызы ғана – тұщы су. Жер бетінде таза су ресурстары көп емес (Тақтаға көрнекілікті іледі).

Әлемдік Мұхиттың көлемі мен таза су көлемі
1,4 млрд км³ – 97,5%

А.Илалова: - Ата-бабамыз «Судың да сұрауы бар» деген екен. Ол – шындық. Біздің ғасырымызда су проблемасы – аса өзекті мәселе. Қазір бір бүтін оннан жеті миллиард адам тұщы су тапшылығына ұшырап отыр. Бүгінде таза су тауарға айналды. Германия елі тұщы суды Швециядан сатып алады. АҚШ 1 текше метр су үшін Канадаға 5 центтен төлейді. Алжир мемлекеті де тұщы суды басқа елдерден сатып алады. Сонда орта есеппен алғанда бір күнде 1 млн текше метр су үшін қаншама қаражат жұмсау керек. Ал, бір айда қанша?


В.Данильченко: - Біздің елімізде су қоймалары көптеп саналады. Бірақ өзіміздің экологияға жауапсыз қарауымыздан қаншама көлдер, өзендер, теңіздер ластанып жатыр. Балқаш көлі – жер бетіндегі ең таза су қоймасы. Ол оңтүстік-шығыста орналасқан. Қазіргі кен-металлургия комбинатының қалдықтары Балқашты ластап жатыр. Көлдің деңгейі төмендеген. Балқаш жайында аз айтылып жатқан жоқ. Табиғатқа қауіптің бәрі адамнан келіп жатыр.

С.Фофанков: - 1 тонна қағаз жасап шығару үшін 250 тонна су қажет. 1 тонна химиялық зат жасау үшін 1500 тонна, ал 1 тонна мақта жасау үшін 10 мың тонна су кетеді екен (көрнекілік ілінеді).

1 тонна қағаз



1 тонна химиялық зат



1 тонна мақта



Р.Мұхаметов: - Біріккен Ұлттар Ұйымының зерттеулеріне қарағанда, екі мың жиырма бесінші жылы бүкіл дүниежүзі халықтарының үштен екісі су тапшылығынан қиындық көреді екен. Бұл – ойланатын жағдай.

А.Авдеев: - Қазақстан Республикасы Заңында Жер үсті және жер асты суларын қорғау туралы айтылған. Біз судың тазалығын сақтауымыз керек. Ең бастысы – жауапкершілікті түсінуіміз керек.

Мұғалім: - Конференцияда эксперттік топ жұмыс істеуде. Сіздер (оқушылар) мына қызыл түсті тамшыларға судың қазіргі жағдайы туралы өз ойларыңызды жазып, мына көрсеткішке ілесіздер.

Судың қазіргі жағдайы	△△△△△△△△△△△△△△△△
Суды сақтау үшін біз не істеуіміз керек?	
Болашақта су қандай болады?	

II. Конференция жұмысын әрі қарай зертхана жалғастырады.

III. Вопросы на разминку:

1. Бастауыш нені білдіреді?
2. Атау септіктегі сөз сөйлемде қандай мүше болады?
3. Кім? Не? деген сұрақтарға сөйлемнің қай мүшесі жауап береді?
4. Құрамына қарай бастауыштың қандай түрлері болады?
5. Бастауыш қай сөз таптарынан бола алады?
6. Баяндауыш нені білдіреді?

7. Зат есім сөйлемде баяндауыш бола алады ма?
8. «Не болмақ? Кім болмақ?» деген сұрақтарға сөйлемнің қай мүшесі жауап береді?
9. Құрамына қарай баяндауыштың қандай түрлері болады?

10. Баяндауыш қай сөз таптарынан бола алады?

2. Грамматикалық тапсырмалар: (сөйлемдердегі бастауыш пен баяндауыштың астын сызыңдар, қай сөз табынан екенін анықтаңдар, бастауыштың, баяндауыштың түрін анықтаңдар).

- Су – тіршілік негізі.

- Экологияның бұзылуы тоқтатылмаса, келешек ұрпаққа ешнәрсе де қалмайды.

- Табиғаты сақталған халықтар ұзақ өмір сүреді.

- Ата-бабаларымыз жақсылықтың да, жамандықтың да адамға айналып соғатынын жақсы түсінген.

3. Лексикалық картаны толтыру.

Не?	Қандай?	Не істейміз?
Су Табиғат		

Оқушылар лексикалық картаның екінші және үшінші ұяшығына «Қандай?» және «Не істейміз?» деген сұрақтарға жауап беретін сын есімдер мен етістіктерді жазады (Жұмыстың бұл түрі оқушылардың сөздік қорын қалыптастырып, тақырыпқа байланысты өз ойларын жинақтауға көмектеседі).

4. «Судың да сұрауы бар» атты шағын эссе-шығарма жазу. Оқушылар лексикалық картаға жазылған сөздер мен тіркестерді пайдалана отырып, осы мәселе бойынша шағын шығарма жазады. Бұл жұмыс түрі оқушыны табиғат жайында ой тоқтатып, экологияның қиын жағдайына назар аудартады. Соның нәтижесінде балаларды осы экологияның мұндай мүшкіл халіне өздері (адамдар) жауапты екеніне, өздерінің қолдарынан не келетіні жайлы ойлауға мәжбүрлейді.

Бұл жұмыс түріне 5-6 минут уақыт жеткілікті. Соңында оқушылар өздерінің шығармаларын сыныпқа оқып береді. Шығарма жазған баланың барлығын тыңдау керек. Тіпті, нашар оқитын бір бала өз ойларын орыс тілінде жазған екен. Оның да шығармасын тыңдадық.

5. Эксперттік топ өз жұмысын жалғастыруда. Оқушылар енді сары түсті тамшыларға экологияның, судың тазалығын сақтау үшін не қажет екені туралы пікірлерін жазып, тақтаға іледі. Енді, бізде екі түсті өзен пайда болады – қызыл және сары. (Признак тревоги, беспокойства)

Судың қазіргі жағдайы	△△△△△△△△△△△△△△△△
Суды сақтау үшін біз не істеуіміз керек?	△△△△△△△△△△△△△△
Болашақта су қандай болады?	

III. Конференцияның қорытындысы.

Тестік сұрақтар:

1. Жер шарының неше бөлігін су алып жатыр?

а) аз бөлігін; ә) көп бөлігін; б) су жоқ.

2. Барлық судың неше пайызы адамдар үшін, өсімдіктер үшін жарамды?

а) 50 %; ә) 2,5 %; б) 70 %.

3. Әлемдік мұхиттың сулары қандай?

а) тәтті; ә) тұзды; б) тұщы.

4. Қалай ойлайсың, әлемде таза су жеткілікті ме?

а) жеткілікті; ә) көп; б) аз.

5. Ата-әжелеріміз суға, бұлақтарға қатысты қандай ақыл айтқан?

а) Бұлақтың көзін ашындар. Су бар жерде – тіршілік бар, бұлақтың көзі ашылса, су мол болады.

ә) Бұлақтың көзін ашсаңдар, өмір-тіршіліктің де көзін ашқандарың.

б) екеуі де дұрыс.

6. «Ең басты мәселе: табиғатты сақтауда. Барлық саналы азаматтарды осы проблема толғандыруы керек»

- кімнің сөзі?

а) Альфред Нобель; ә) Жак Ив Кусто; б) Билл Клинтон.

7. Жак Ив Кусто барлық өмірін неге арнаған?

а) ғарышты зерттеуге; ә) табиғатты зерттеуге;
б) мектепте сабақ берді.

8. Теңіз, өзен-көлдердің сулары неден ластанып жатыр?

а) біздің жауапсыздығымыздан;
ә) ақшаның жоқтығынан;
б) жаңбырдан.

9. Қазір ең басты мәселе қандай?

а) ормандарды кесіп тастау;
ә) табиғатты сақтау;
б) терезені ашу.

10. Біз табиғаттың тазалығын сақтай аламыз ба? Ол үшін не істеуіміз керек?

а) Өзен, көлдерге қоқыс тастамау керек;
ә) музыка тыңдау керек;
б) сурет салу керек.

Тестінің жауаптарын тексеру (тақтаға тестінің жауаптары ілінеді. Оқушылар жауап парақтарымен алмасып, бірін-бірі тексереді).

Эксперттік топ өз жұмысын жалғастыруда. Оқушылар жасыл және көк түсті тамшыларға Әлемдік мұхиттың болашақта қандай болуы керек екенін, өздерінің жобалау жоспарларын жазып, эксперттік топқа береді, олар сол тамшыларды кестенің үшінші бөлігіне іледі. Енді, тақтада көңілге үміт ұялататын жасыл – көк тамшылардан судың таза бейнесі пайда болады.

Судың қазіргі жағдайы	△△△△△△△△△△△△
Суды сақтау үшін біз не істеуіміз керек?	△△△△△△△△△△
Болашақта су қандай болады?	△△△△△△△△△△

Рефлексия.

- Сонымен, судың мәселесімен айналысқан ғылыми-зерттеу конференциясының жұмысын қорытындылай келе сендер қандай пікірге келдіңдер? Өздеріңнің жауаптарыңды қалай бағаладыңдар?

Бағалау. Әр жауапты бағалау керек. Бұндай сабақта нашар баға деген болмайды. Себебі, әр оқушы өзінің тек оқушы ғана екенін ұмытып, Әлем мұхитының ауыр жағдайын ойлап, сол өзекті мәселенің шешімін іздеуге өз үлесін қосуға тырысты.

Үйге тапсырма. Әлемдегі табиғатты, экологияны зерттеген ғалымдар туралы деректер тауып, оқып келу.



Әмина БАЛТАБЕКОВА,
Астана қаласындағы
№62 мектеп-лицейдің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ЕЛІНДЕ ТІЛІҢ ДАМИДЫ

(11-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – оқушылардың білім деңгейін көтеру, алған білімдерін тексеру, ауызекі сөйлеу тілін дамыту, сауатты сөйлеуге, жазуға баулу; **дамытушылық** – ауызша, жазбаша тіл дамыту жұмыстарын жүргізу; **тәрбиелік** – Отанға деген сүйіспеншілік рухында тәрбиелеу, қазақ тілі сабағына деген қызығушылықтарын арттыру.

Түрі: өткенді қайталау, тіл дамыту сабағы. **Көрнекілігі:** кітаптар, журналдар, суреттер. Қазақстанның географиялық картасы, Н.Ә.Назарбаевтың портреті, ҚР рәміздері.

Сабақтың барысы:

1. Әнұранды айту. 2. Ұйымдастыру кезеңі. Кезекші рапорты. 3. Үй тапсырмасын сұрау. 4. Ауызша сұрақтарға жауап беру (диалог). 5. Мәтінді оқу, аудару, әңгімелеу, мақал-мәтелдер сұрау. 6. Полиглот ойынын өткізу. Сөздік жұмысты тексеру. 7. Жазбаша жаттығу орындау (тест). 8. Сабаққа баға қою.

I. Әнұранды орындаған соң оқушылар орындарына отырады. Оқушыларға ашық сабақтың мақсатын айтып түсіндіремін, содан соң:

- Балалар, бүгін сыныпта кім кезекші?
- Үйге берген тапсырманы айтайық.

II. Жаңа сабақ түсіндіру. Анықтауыш.

Анықтауыш қандай? Қай? (какой? -ая? -ое?) сұрауына жауап береді. Мысалы: Көктемде ауылымызда қызыл гүлдер көп өседі. Мың сан миллион достарымыз. Биік – үйлер салынуда.

Ауызша бірнеше оқушыдан сұрау.

Қазақстан Республикасы қандай республика?

- Қазақстан – егеменді тәуелсіз республика.
- *Оның рәміздері бар ма?*
- Оның рәміздері бар. Олар – еліміздің Туы, Елтаңбасы,

Әнұраны.

- *Қазақстанның егемендігін танытатын қандай белгі?*
- Еліміздің егемендігін танытатын, республика жерінде экономикалық қарым-қатынас ретінде жүретін Теңгеміз бар.

- *Қазақстан Республикасы қашан тәуелсіздік алды?*

- Қазақстан 1991 жылы 16 желтоқсанда Тәуелсіз Республика болып жарияланды.

- *Қазақ тілі қашан Мемлекеттік тіл мәртебесін алды?*

- Қазақ тілі 1989 жылы Мемлекеттік тіл мәртебесін (статус) алды.

- *Қазақстан Республикасының күні қашан?*

- 25 қазан – Республика күні.
- *Қазақстан Елбасын сайлау қашан өтті?*
- Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1991 жылы 1 желтоқсанда Елбасы болып сайланды.
- *Қазақстанның рәміздері қашан бекітілді?*
- ҚР рәміздері 1992 жылы бекітілді.
- *Қазақстанның жаңа Конституциясы қашан қабылданды?*
- Қазақстанның жаңа Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданды.
- *Мемлекеттік тіл қандай тіл?*
- Қазақстанда мемлекеттік тіл – Қазақ тілі.
- *Қазақ елінде тұратын адамдардың Отаны қай жер?*
- Қазақ елінде тұратын адамдардың Отаны – Қазақстан Республикасы.

Бірнеше оқушымен полиглот ойынын өткізу. Берілген сөздерді үш тілде бірден айту.

Атамекен – ... ,

Тәуелсіз – ... ,

Елшілік – ... ,

Туып өскен жер – ... ,

Мәртебе – ... ,

Елтаңба – ... ,

Әнұран – ... ,

Қасиетті – ... ,

Егеменді – ... ,

Ту, жалау, байрақ – ... ,

«Отан», «Туған жер» туралы мақал-мәтелдерді кім көп біледі?

«Туған жердей жер болмас,

Туған елдей ел болмас».

Нет земли лучше Родины,

Нет людей лучше, чем на Родине.

«Отансыз адам – ормансыз бұлбұл».

Человек без Родины –

Что соловей без леса.

III. «Қазақ елі – менің Отаным» мәтінін оқып, аудару.

Мәтінді әңгімелеу. Қазақстанның жер мен табиғат байлығы, ұлттық киімдер, ұлттық тағамдар жайында әңгімелеу.

IV. Қазақстан, Отан туралы өлеңдерді жатқа оқу.

V. 10 минуттың ішінде төменде берілген тестіні орындау.

1. Қазақстан елі –

- а) Егеменді, тәуелді;
- ә) Егеменді, тәуелсіз;
- б) Егеменсіз, тәуелсіз.

2. Қазақ елінің Елбасы –

- а) Д.Қонаев; ә) Н.Назарбаев; б) Т.Әубәкіров.

3. Қазақстанның табиғаты...

- а) мол; ә) бай; б) кең.

4. Қазақстанның туы қандай?

- а) жасыл; ә) көк; б) сары.

5. Қазақстанның Елтаңбасы қандай?

- а) төртбұрыш; ә) дөңгелек; б) шеңбер.

6. Шеңбер қай мағынада қолданылған?

- а) тіршілік, шексіз өмір; ә) бақытты өмір; б) Отан.

7. Қазақ елінің рәміздері.

- а) байрақ, жалау; ә) таңба, белгі, мөр;
- б) ту, елтаңба, әнұран.

8. Қазақстанның мемлекеттік тілі –

- а) түрік; ә) казак; б) ұйғыр.

VI. Үйге тапсырма беру. «Менің Отаным - Қазақстан» тақырыбына шағын шығарма жазу.

VII. Сабаққа қорытынды жасау. Оқушылардың өздеріне қорытынды жасату. Мұғалім толықтырады.

VIII. «Қазақстаным» өлеңімен сабақты аяқтау.



Айсұлу КЕНЖЕҒАЛИҚЫЗЫ,

Астана қаласындағы

№1 мектеп-лицейдің мұғалімі.

СӨЗДІК ҚОРДЫ КӨБЕЙТКЕН – КИЕЛІ КИІЗ ҮЙ

Мақсаттары: грамматикалық тақырыпты меңгеру барысында оқушылардың сөздік қорын байыту, ауызекі сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру; мәтінмен алгоритм негізінде әр түрлі жұмыстарды атқару; ҰБТ-ға дайындық жүргізу: киіз үйге байланысты ұғымдармен танысып, олардың мағынасын түсіну; білімдерін тиянақтау, қазақтың салт- дәстүріне, әдет-ғұрпына, еліне, жеріне деген мақтаныш сезімдерін ояту.

Көрнекіліктер: қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, сабақтың жоспары, презентациялар, интерактивтік тақта.

Түрі: аралас сабақ. **Әдістер:** сұрақ-жауап, сұхбаттасу, алгоритм, тест сауалдары.

Сабақтың барысы. 1. Ұйымдастыру кезеңі:

Психологиялық ахуал жасау. «Сыныптастарыңа жақсы көңіл-күй сыйлаңыз». Әр бала өзінің досы туралы жылы лебізін білдіреді. Тақтада мысал үшін тірек-сөздер ілулі тұр.

Байсалды

Білікті

Инабатты

Абыройлы

Сыпайы

Белсенді

Сымбатты

Жауапты

Ұқыпты

Сабырлы

Тыңғылықты

2. Жаңалықтармен таныстыру. Біздің елімізде және шетелде болып жатқан маңызды іс-шаралар, оқиғалар туралы баяндама жасау.

3. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарымен таныстыру.

Сабақтың ұраны ретінде алынған мақал-мәтелдердің мағынасын өз сөздеріңмен ашып беріңдер:

Жақсы да болса – өз үйім,

Жаман да болса – өз үйім,

Кең сарайдай боз үйім.

Туған үйдің түтіні жылы,

Туған ананың күтімі жақсы.

4. Үй тапсырмасын тексеру:

Сұрақтарға толық, нақты және дұрыс жауап беріңдер:

- Қазақтардың үйі қандай тұрмысқа бейімделген?
- Ағаш қаңқалары неше бөліктен тұрады?
- Үйдің күмбезін нелер құрайды?
- Шаңырақ деген не? Ол не үшін қажет?
- Киіз үйді кімдер тігеді?
- Ең сәулетті әсем киіз үйдің түсі қандай болады?
- Үйдегі ең қастерлі орынды қалай атайды?
- Қазақтарда тағы қандай үй болады?
- Үйдің оң жақ қанатында не болады?
- Төрге не төселеді?

Топпен жұмыс.

5. Мына тақырыптар бойынша әңгіме құрастырыңдар: «*Киіз үй*», «*Киіз үйді тігу*», «*Ішкі жасау*».

6. Оқушылардың дайындаған презентацияларымен танысу.

«Шоқан Уәлиханов – өз халқының тарихын, этнографиясын және фольклорын зерттеген ғалым».

«Киіз үйдің түрлері»

«Абылай ханның Ордасы»

7. Тест сауалдарын орындау (2 нұсқа).

8. Мәтінмен жұмыс жасау (Төменде берілген алгоритм бойынша).

Алгоритм

Мәтінді мәнерлеп оқу.

- Жоспар жасау.
- Басты ойын білдіретін үзіндіні табу.
- Басқаша атау.
- Мәтін бойынша сұхбаттасу.
- Белгіленген сөздердің сөз құрамын анықта.

Синтаксистік талдау жаса.

Киелі киіз үй

Киіз үйдің қазақ өмірі мен әлеуметтік жағдайына үйлесімдігі сондай, оны үлкейтіп, кішірейтіп, тіпті, бір-біріне қосып, екі-үш бөлмелі етіп тігуге де болады. Киіз үй жазда жайлы, қыста жылы, жауында су өтпейді.

Шаңырақ – киіз үйдің қасиетті, киелі мүлігі. Ол «үй, отбасы» деген мағынаны білдіреді. «Шаңырағың биік болсын» деген тілек – батаның ең үлкені. Атадан балаға мұра болып келе жатқан үйді кара шаңырақ деп құрметтейді. Қара шаңыраққа сәлем беру, одан дәм тату – ежелгі халық жоралғысы.

Кереге киіз үйдің негізін құрайды. «Керегең кең болсын» деген тілек осыдан шыққан. Өйткені үйдің берік болуы, кеңдігі осы керегеге байланысты. Кереге ағаштары бір-бірімен қайыс баулармен байланыстырылады. Олар тез жиналады, тез жазылады.

Үйдің күмбезін иілген ұзын ағаштар немесе уықтар құрайды. Олар – кереге мен шаңырақ ортасын қосатын

негізгі бөліктің бірі.

Үй сүйегі әзір болған соң, оның киіздері жасалады. Киіздері туырлық, үзік, түндік деп аталады. **Олар қойдың ақ күзем жүнінен басылады.** Тілге тиек етіп айтылатын сөздер туырлыққа да орай айтылады. Мал семіз болса: «Иш майы туырлықтай туырылып түсті» деп мақтайды. Махамбет батырдың: «Туырлығын тілгілеп, тоқым етсем деп едім. Керегесін кескілеп, отын етсем деп едім» дегені – кегімді алсам, **дұшпанымды** жеңсем дегені. Қазақ түндік арқылы көп жайды аңғартады. «Түндігің түтінді болсын» деген ақ батада «ырыс, береке» деген мағына бар. Салақ, жалқау әйелдерді «түндігі кеш ашылатын келін» деп теңейді. Ал, «Түндігі ашылмай қалды» деген сөз сол үйдің адамдарының барлығының қайтыс болып кеткендігін білдіреді.

Шаңырақты ұзын бақанмен тіреп, көтеріп қояды. Бақан арқылы қазақ **мықтылықты** меңзейді. «Бақандай бес жігіт» дегені қарулы мықтылықты ұқтырса, «барымды киіп, бақанымды таянып» дегені әзірленіп, күтініп отырмын дегенін білдіреді.

Әркім өз үйін «алтын босағам» деп дәріптейді. Дәулетті адамдар ұлы үйленгенде немесе қызын ұзатқанда ақ отау тігіп шығарады. Бұл – құрмет әрі сый белгісі. Үйленген жігітті «отау көтерді» деп, сыпайылап айтады. Күйеудің алғаш келуін «есік көре келді» дейді. «Табалдырық аттады» деген жақсы сөз – «келін болып түсті» дегенді сыпайылап, құрметтеп айтқаны.

Міне, осындай киіз үйде ел даңқын **асырып**, намысты қолдан бермеген данышпандарымыз бен батырларымыз туып, өскендігін мақтанышпен айтуға болады. Әрісі Керей, Тәуке хан, ұлы Абай, зұламалар Ахмет Байтұрсынов, Қаныш Сәтпаев, Мұхтар Әуезовтердің кіндігі осы киіз үй ішінде кесілген.

Қанатты сөздердің мағынасын түсіндіру.

- «Шаңырағың биік болсын!».
 - «Керегең кең болсын!».
 - «Іш майы туырлықтай туырылып түсті».
 - «Туырлығын тілгілеп, тоқым етсем деп едім. Керегесін кескілеп, отын етсем деп едім».
 - «Түндігің түтінді болсын!».
 - «Түндігі кеш ашылатын келін».
 - «Түндігі ашылмай қалды».
 - «Бақандай бес жігіт».
 - «Барымды киіп, бақанымды таянып».
 - «Отау көтерді».
 - «Есік көре келді».
- «Табалдырық аттады».

10. Берілген сөздерге синонимдерді табыңдар: *сыртынан, сақтайды, ыңғайланған, оңай, майысқан, сәуле, барлық, ақ боз, тұрағы, шеңберлей, қастерлі.*

11. Мына сөздерге мағынасы қарама- қарсы сөздерді тауып жазыңдар: *тігу, оңай, сәулетті, артық, көтереді, жоғарғы, жабылады.*

12. Мәтіннен мына кестелер бойынша сөз тіркестерін жазыңдар.

ЗАТ ЕСІМ+ЗАТ ЕСІМ

САН ЕСІМ+ЗАТ ЕСІМ

СЫН ЕСІМ+ЗАТ ЕСІМ

13. Қорытынды.

Сабағымызды Шернияз ақынның киіз үйге арнап жазған жырмен аяқтаймыз.

Бұл жырдың тууына мына жай себеп болған екен. Баймағамбет сұлтан Шерниязға қыз алып беріп, басына үй тігіп, алдына мал салады. Біраз уақыт өткеннен кейін, бұл ісіне өкініп, қайтадан айнымаққа сылтау іздеп, оған мынадай

шарт қояды: «Сен ақын болсаң, осы үйдің ішкі, тысқы жабдығын бөгелмей өлеңмен айтып бер. Айта алмасаң, бергенімнің бәрін қайтып алам». Сонда Шернияз былай деген екен:

(Аудио таспа).

Әкеңнің бір атасы – Қоянжырық,
Босаға, маңдайша мен табалдырық.
Кереге алты қанат, алты уық,
Шаңырақ, күлдіреуіш оған жуық.

«Төрінде, сандық айтар, төремін», - деп,
Есік айтар «Әр нәрсені көремін»-деп.
Ернін жалақ қылыпты жомарт ожау,
Көрінгенге қол қайыр беремін деп.

Ожау айтар «қазанға қапталдым», - деп,
Қазан айтар: «Қарнымнан қақталдым,»-деп,
Жүгіріп от айнала шәйнек жүрер
Қай қылығым құдайға жақпады деп.

Текемет – төрде жатқан сал ауру,
Жақсыға да, жаманға да тапталдым деп.
Ыстыққа қол батпаған шөміш батқан,
Сықырлап төсек ағаш жылап жатқан.

Асылып керегеге ішік толып,
Толғайып тұз баспақ тұр іші толып.
Тағы да мен айтпаған күнің қалды.
Қабында түтілмеген жүнің қалды,
Шелек, қайрақ, ұстара, адалбақан,
Отбасы, ошақ қасы, күлің қалды.

14. Оқушылардың жауаптарына төмендегі сөздерді пайдаланып, баға қою.

- Жарайсың! Осы бағытта жалғастыр! Сен ылғи куантасың! Дұрыс жолдасың! Мен күткеннен де жақсы!
Жауабың таңқаларлық!

ТЕАТРДА – ЖАҢА СӨЗДЕР

Сабақтың мақсаты: 1) оқушылардың театр туралы түсініктерін одан әрі кеңейту. Жаңа сөздермен таныстыру, оларды ауызекі сөйлеуде дұрыс қолдана білуге үйрету. Тәуелдік жалғауларды одан әрі меңгерту; 2) оқушылардың тіл байлықтарын, сөздік қорларын, қазақша ойлау қабілеттерін дамыту; 3) тілді құрметтеуге, өнерді сүйуге, қатесіз, сауатты жазуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: слайдтар, суреттер, сөзжұмбақ, интерактивті тақта. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, ойландыру, аударма.

1. Ұйымдастыру кезеңі: сәлемдесу, түгелдеу, гимн айтқызу, оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару, оқу құралдарын әзірлету.

2. Үй тапсырмасын тексеру: 5-тапсырманың мазмұнын сұрау. «Сұхбат әдісі» арқылы оқушылардың білімдерін жан-жақты тиянақтау.

Сөзжұмбақ арқылы жаңа тақырыпты ашқызу.

Сөздерді қазақ тіліне аударту:

- | | |
|-------------|-------------|
| 1. Тетрадь; | 5. Спасибо; |
| 2. Дверь; | 6. Дневник; |
| 3. Небо; | 7. Ручка. |
| 4. Флаг; | |

д	ә	п	т	е	р				
			е	с	і	к			
			а	с	п	а	н		
			т	у					
			р	а	х	м	е	т	
к	ү	н	д	е	л	і	к		
		қ	а	л	а	м			

- Бүгінгі біздің өтетін тақырыбымыз «Театрда» деп аталады. Біздің қаламызда қандай театрлар бар

М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры, М.Ю.Лермонтов атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театры, Қуыршақ театры, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры, Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры. Енді, балалар, осы театрларды көріп тамашалайық (Слайд арқылы Алматы қаласындағы театрларды көрсету).

Оқулықтағы сөздікке көңіл аударту, сөздікті хормен оқыту, сөздік дәптерге жаңа сөздерді жазғызу.

1-тапсырма бойынша әр оқушы 2-3 сөйлемнен құрап оқиды. Мысалы: Біз сыныппен театрға бардық. Спектакль өте қызықты болды, т.б.

2-тапсырма сөйлесуді оқыту, орыс тіліне аударту, «Қарама-қарсы элементтерді» пайдалану.

Қазақша

- Сәлеметсің бе, Нұрлан!
- Сәлеметсің бе, Дима!
- Сен жаңа театрда болдың ба?
- Иә, болдым.
- Не көрдің?

Орысша

- Здравствуй, Нурлан!
- Здравствуй, Дима!
- Ты был в новом театре?
- Да, был.
- Что смотрел?

- Мен спектакль көрдім, - Я смотрел спектакль.
- Спектакль қызық па екен? - Спектакль интересный?
- Иә, қызық екен. - Да, спектакль очень интересный.

Оқушылардан сөздік диктант алу.

Қызықты, билет, касса, орындық, қойылым, көрермендер, театр.

Оқушыларды үш топқа бөліп, осы сөздік диктанттағы сөздерді тәуелдеп, фонетикалық талдау жасату.

1. Театр.
2. Орындық.
3. Билет.

3-тапсырмадағы сөз тіркестерін қатыстырып, «Тірек сөздер болжау» әдісі арқылы қысқаша әңгіме құрату.

5-тапсырмадағы мәтінді оқушыларға оқып беру, оқушылармен бірлесе отырып мәтінді орыс тіліне аудару. Мәтінді оқушыларға оқыту. Мәтінге байланысты сұрақтар қою.

4. «Семантикалық карта» арқылы сабақты қорытындылау.

Мысалдар	Жіктік жалғау	Тәуелдік жалғау	Септік жалғау	Көптік жалғау
-сың, -сің, -ң,	+			
-сы, -сі, -ы, -і		+		
-мын, -мін, -мыз, -міз	+			
-ды, -ді, -ты, -ті, -ны, -ні			+	
-лар, -лер, -дар, -дер				+
-ым, -ім, -ымыз, -іміз		+		
-ға, -ге, -қа, -ке			+	
-ңыз, -ңіз, -ыңыз, -іңіз		+		
-ың, -ің, -ң		+		
-дар, -дер, -тар, -тер				+

5. Үйге тапсырма беру.

6. Бағалау. Рефлексия.

САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

Сабақтың мақсаты: білімділік – сабақтас құрмалас сөйлемдердің түрлерін анықтау. Ы.Алтынсаринның өмірі, шығармашылығы, еңбек жолы туралы білімдерін жинақтау, топтау, қорыту; **дамытушылық** – сабақтас құрмалас сөйлемдерді ажырата білу, сөздік қорын байыту. Оқушылардың өзіндік ой-пікірін, көзқарасын, таным-талғамын қалыптастыру, белсенділігін арттыру; **тәрбиелік** – оқушыларды елінің тарихын біліп, болашағына еңбек етулеріне шақыру. Ұлы тұлғаларын, ғалым еңбектерін бағалай білу, құрметтеуге, мақтан етуге тәрбиелей отырып, білімге, өнерге, адамгершілікке, елжандыққа баулу.


Түрі: жаңа сабақ. **Сабақта қолданылған стратегия:** автордың орындығы, әңгіме, топтық жұмыс, ой шақыру, кластер құрастыру, синквейн.

Сабақтың барысы:

Сабақтың құрылымы Сабақтың сатысы	Қолданылатын стратегиялар	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Қызығушылықты ояту	1. Автордың орындығы.	Ұйымдастыру кезеңі. Амандасу. Түгелдеу. Үй жұмысын тексеру. 1-2 оқушы орындыққа кезегімен отырады.	1. Оқушылар сұрақтар қояды. 2. Автор сұрақтарға жауап береді. 3. Әр оқушы бағаланады.

Мағынаны ажырату	Бірқатар сөзден шыққан баяндама.	1. Оқушыларды топқа бөліп, әр топқа тапсырма беру. Мәтінді тарату. А) Жаңа сөздерді тақтаға жазып, түсіндіру. А) Мәтін бойынша кластер құрастыру. Ә) Диалог құрастыру. Б) Жоспар құрастыру. Сабақтас құрмалас сөйлемдерді көшіру және ажырату.	1. Тапсырманы оқушылар оқиды, орындайды. 2. Топпен жұмыс.
Ой толғаныс	Жұппен талқылау. Топпен талқылау.	Оқушылар орындаған тапсырманы тексеремін. Сабақтас құрмалас сөйлемдерді тексеремін. Оқушылар тақтаға жазады.	1. Жазғандарын тақтаға шығып айтады. 2. Дәптерге жазады. 3. Тақтаға жазады.
Қорытынды	Сабақты бекіту.	Сөзжұмбақ шешу.	Сөзжұмбақ шешеді.

1. Сары түсті асыл металл.
2. Ең ірі жануар.
3. Қуаныш мерекесіне арналған жиналыс.
4. Жыл мезгілі.
5. Басты тағам.
6. *Бояу* сөзінің синонимі.
7. Өзі ақ және тәтті.
8. Жыл басы.
9. Төле, Қазыбек, Әйтеке кімдер болған?
10. Қазақстанның астанасы қай қала болған?



Қалдыбала АЛДАБЕРГЕНҚЫЗЫ,
Астана қаласындағы
№47«Балабақша-мектеп-гимназия»
кешенінің мұғалімі.

БАТЫРДЫҢ ӨМІРІ – ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

Мақсаты: Бауыржан Момышұлының өмір жолы арқылы оқушылардың санасына Отан алдында әр азаматтың борышы бар екендігін сезіндіру, іскер, мәдениетті, халық салтын сүйетін, тілін, жерін қастерлейтін, отансүйгіш жеткіншек тәрбиелеу, көп диаспоралы кең-байтақ елімізде халықтар достастығын нығайту негізіндегі жетістіктерді қастерлеуді, мақтан етуді насихаттау.

Көрнекілігі: Бауыржанның суреті, кітаптар көрмесі, Жамбыл облысының картасы, «Ерлігің естен кетпес», «Человек – легенда» атты екі қабырға газеті, батырдың соғыс кезіндегі, соғыстан кейінгі өмірі, деректі фильм жөнінде слайд көріністері, «Аңыз адам» журналы, газет мақалалары, оқушылардың шығармашылық жұмыстары, «Батырдың өмірі – келесі ұрпаққа үлгі» тақырыбына әдеби-библиографиялық шолу тізімі, А.Еңсеповтың «Балалық шақ» күйі.

Тәрбие сағаты Қазақстан Республикасының Әнұранымен салтанатты түрде ашылды.

Мұғалімнің алғы сөзі: - Құрметті оқушылар, ұстаздар! 2011 жылы біздің Отанымыздың тарихы үшін аса белгілі мереке – Жеңістің 66 жылдығы тойланды. Қазақстан халықтары басқа халықтармен бірге Ұлы Отан соғысына қатысып, Отан қорғау жолында жан аямады. Фашизмді

жеңген ерлердің өшпес ерліктері біздің жүрегімізде
әрқашан сақталады, батырларымыздың атақ-даңқы мәңгі
ұмытылмайды.

Қазақ халқының атақты ұлдарының бірі – Совет
Одағының батыры, Халық қаһарманы Бауыржан
Момышұлы. Оның есімінің ерекшелігі сондай, өткен
жылы батырдың 100 жасқа толу мерейтойы ЮНЕСКО
аясында аталып өтті. Қазір сіздер аты аңызға айналған
батырдың өмірінен қысқаша мәлімет тындайсыздар.

Сахнаға бірнеше оқушы шығады.

1-жүргізуші: - Бауыржан Момышұлы – Совет Одағының
Батыры, жазушы, әскери ұстаз, әскери философ. Ол 1910
жылы желтоқсанның 24-де Жамбыл облысының Жуалы
ауданында малшының отбасында дүниеге келген. 1929
жылы 9 жылдық Әулиеата мектебін бітіреді.

1934 жылға дейін әртүрлі қызметтер атқарады: аудандық
атқару комитеті жауапты хатшы, аудандық атқару комитеті
бастығының орынбасары, аудандық прокурор, аудандық
ауылшаруашылық кооперативінің бастығы.

1934-1936 жылдары Ленинград финанс академиясын
бітіреді.

1932 жылы Бауыржан шұғыл әскери қызметке
шақырылады, №14 бронды танк атқыштар полкіне
жазылады. 1941 жылы №316 атқыштар дивизиясының
командирі болып тағайындалады.

1-оқушы: - Атыңды мен естідім – окоптардан,
Ормандардан оқ жосып бұтақталған.
Жауынгердің аузынан Москва үшін
Атой беріп айбынды атақты алған.

2-оқушы: - Атыңды мен естідім - өрт ішінен,
Жалын шалған, шоқ шалған, өрт түсіңнен.
Қан жосадан, қаһарлы аңыз тарап,
Дауысыңнан майдангер ер түсінген.

3-оқушы: - Атыңды мен естідім – шырқап таңнан,
Бұлбұл қонып, жайқалған бұтақтардан.
Өлеңінен өзімдей ақындардың,
Өзіңдей шебер жазған кітаптардан.

Сол атың алыстарға таныс бүгін,
Халықпен, заманамен тоғысты үнің.
Құрметтейді әрқашан тұрғыласың
Ардагер Отан ұлын, Момышұлын.

2-жүргізуші: - Бауыржан Момышұлы отличался характером твердым и прямым. Говорил всегда и всем только то, что думал, никогда ни под кого не подстраивался. Будучи требовательным к себе, требовал многого и от других. Его идеи в области тактики отличались смелостью и новизной. Его героизм в битвах под Москвой стал легендой еще в годы войны.

Огромной любовью к простым солдатам, к Родине признана его книга «За нами Москва», посвященная боевым подвигам гвардейской Панфиловской дивизии. Помогали ему в написании правды о войне и те 38 тетрадей – дневников, что вел он на фронте, вел в любых условиях на марше, в окопе, в снег и даже в окружении.

Слайдтар көрсетіледі: «Аты аңызға айналған батыр».
Күй ойналады.

Бірнеше оқушы ортаға шығып, батырға арналған өлең шумақтарын мәнерлеп жатқа оқиды.

4-оқушы: - Мы гордимся тем, что являемся потомками отцов – победителей. Мы гордимся тем, что продолжаем традиции старшего поколения, свято чтившего дружбу и единство народов. Ведь Победа над фашистской Германией состоялась благодаря Великому патриотизму, единству народа.

5-оқушы: - «Нам известны военные подвиги Бауыржана Момышұлы. Став писателем, он совершил второй подвиг.

Оба подвига, на мой взгляд, равноценны», - говорил писатель Петр Вершигора.

«Алысқа даңқы тараған,
Ақ пейіл досым әрі ағам –
Бауыржан батыр, талайдан
Бересім қанша бар оған.
Бауыржан – бірі досыңның,
Бауыржан – басы қосынның.
Дүбірлеп жетті құлаққа
Сарыны қатты осы үннің», - дегім келеді.

6-оқушы: - Б.Момышулы сочно и глубоко и страстно говорил и писал на двух языках . Он понимал это так: «Родной язык – с родным соединяет, русский язык с другим сближает».

1-жүргізуші: - Халық жазушысы Қалижан Бекхожин соғыстан қайтқаннан кейін Баукеңмен жиі араласып, дос болып кеткенін есіне алып, табиғатында, ереуілді тұлғасында, мінезінде өр ақынға тән қасиеті бар Баукең майдан тұсында кейбір буырқанған шақтарында өлең де толғаған екен дейді.

7-оқушы батырдың «Осылай болғым келеді» өлеңін жатқа оқиды.

- Ойға, ойға батқым келеді.
Ойды оймен толқытып,
Шалқып, шалқып аққым келеді.
Сезімге, сезімге батқым келеді,
Сезімді сезіммен жандырып,
Рақатын, Рақатын тапқым келеді.
Мен өзім сүйген әлемді
Мерекелі еткім келеді.
Бей-береке дүниені
Берекелі еткім келеді.
Мен өмірге, Өмірге енгім келеді.

Өмірсізге өмірімді бергім келеді.

Ауруға ауырып барғым келеді,

Оның ауруын жұлып алғым келеді.

Ажалға ажалмен төнгім келеді.

Өмірді, Өмірді жұртқа бергім келеді.

Шіркін, поэзия!

Саған жанымды қиғым келеді.

Өлеңді өлең боп ұшырып,

Қанатынан сүйгім келеді...

2-жүргізуші: - Батыр туралы жазушы Александр Бекбылай деп әңгімелейді: - Я долго искал человека, который мог бы рассказать о битве под Москвой, человека, чье повествование охватило бы замысел и смысл операций и вместе с тем повело бы туда, где проверяется и решается все – в бой.

Я отправился к панфиловцам и еще не ведая ни имени, ни звания человека, который расскажет историю великой двухмесячной битвы, верил: я встречу его.

И, действительно, встретил.

Это был Бауыржан Момышулы, в дни битвы под Москвой старший лейтенант, а теперь, два года спустя, гвардии полковник.

Слушая, я приглядывался к нему. Этот казах свободно владел богатством русской речи. Даже в минуты волнения он не коверкал слов и оборотов. Лишь некоторая неторопливость речи казалась иногда нарочитой. Впоследствии я подметил: слова текли быстрее, когда он разговаривал по-казахски.

1-жүргізуші: - Вышедшие из – под его пера крылатые слова восхищают точностью и глубиной, красотой и человечностью. Его меткие высказывания поражают многогранностью и разнообразием.

Например:

1. Намысты нанға сатпа. Честь за хлеб не продавай.
2. Ұлттық сезім – ең лайықты сезім. Национальное чувство-достоинейшее из чувств.
3. Отан үшін отқа түс, күймейсің. За Родину в огонь войдя не сгоришь.
4. Сын – ерді шыңдайды,
Қорқақты қинайды.
5. Армия – азаматтық зор мектеп.
Жеке солдаттың тәжірибесі – жақсы мектеп.
Ал, бүтін взводтың тәжірибесі – университет.
6. Устав – бейбіт күнде заң.

Мұғалім (жүргізуші) батырдың 100 жылдық мерейтойына арнайы режиссер Қалила Омаров «Қазақтың Бауыржаны» атты деректі фильм түсіргені туралы айтады. Фильм түсіру барысындағы көріністер слайды көрсетіледі.

Мұғалім: - Батыр ата бір сөзінде: «Мен батыр емеспін, мені батыр қылған – халқым. Соғысқа барған ерлердің бәрі менен кем емес еді.

«Қаһарман» деген сайын, халық мені күнде сондай ерлік жасайды деп ойлап жүретін болса керек. Адамның тек бір ғана ерлігі оны аңызға, қаһарманға айналдырып жібереді. Менде де сондай бір сәт болған шығар», - депті. Яғни, бұдан батырдың кішіпейілдігін көреміз. Алды-артын ақыл-оймен барлай білген, зерделей білген өр тұлға.

2-жүргізуші: - Соғыс аяқталған соң, Кеңес Армиясы Бас Штабының жанындағы Жоғары әскери академияны бітіреді. Калинин қаласында әскери академияда сабақ береді. 1953 жылы академик Ван-Чон-Худың басқаруымен келген Қытай делегациясымен кездеседі. 1950-1955 жылдары әскери академияда сабақ береді. 1963 жылы Куба үкіметінің қайта-қайта шақыртуымен 10 күндік сапарға барып қайтады.

1952-1956 жылдары «Офицердің күнделігі», «Бір түннің

тарихы», «Біздің семья» деген алғашқы кітаптары жарық көреді. Кейін «Москва үшін шайқас», «Жауынгердің тұлғасы», «Майдандағы кездесулер», «Генерал Панфилов», «Төлеген Тоқтаров», «Куба әскерлері», «Ел басына күн туса», «Ұшқан ұя», «Адам қайраты», т.б. кітаптары жарыққа шығады.

Б.Момышұлының шығармалары екі миллион тиражбен басылып шығарылды. Куба мен Израилде 20 рет, Польшада 15 рет, Чехословакияда 13 рет басылды.

Көзінің тірісінде-ақ аты аңызға айналған ұлы тұлға 1982 жылы 10 маусымда дүниеден өтті.

1990 жылы Кеңес Одағының Батыры деген атақ беріледі.

1-жүргізуші: - Куба, Израиль, Никарагуа елдерінде Бауыржан Момышұлының әскери тәжірибесі арнайы оқытылады. Соғыс уақытында жазған ең қомақты еңбегі – «Соғыс психологиясы». Батырдың бұл еңбегі ағылшын тіліне аударылды және бұл шығарма отандық әскери философияның негізі болып саналады.

Халқы өз ұлының еңбегін жоғары бағалады, 1990 жылы 80 жылдық мерейтойы қарсаңында жазушыға «Халық Қаһарманы» атағы берілді.

2010 жылдың 22 қыркүйегінде «Өнер» баспасынан батыр-жазушының 30 томдық академиялық шығармалары жарық көрді.

Туған жері – Жуалыда үлкен мұражай ашылды. Жазушының еңбектерін баспаға даярлауда «Бауыржан Момышұлы мұралары – ХХІ ғасыр көгінде» атты ғылыми жобамен ғылыми қызметкерлер тобы жұмыс істеді.

2-жүргізуші: - Сам Бауыржан Момышұлы говорил: «Мои судьи – время и народ. Герои рождаются для народа и умирают за народ».

Он писал свои книги кровью сердца, они поражают

беспощадной правдивостью.

Слова писателя остались на бумаге для нас, а сам он прошел земной путь ни разу не согнувшись перед властимущими, глядя прямо, держась гордо, терпя страдания от прямоты своего народа.

8-оқушы: - Мен – Бауыржан Момышұлымын, я – знаменитый полковник.

Я признан как полководец – как воин, не только в Казахстане, не только в Советском Союзе, а во всем мире. Я – писатель, я – ученый-философ, психолог. Я – поэт, я – инженер... Все это говорится без ложной скромности, на все эти перечисленные вещи у меня имеются документы.

Со мной шутить можно, но баловаться нельзя.

Служу Советскому Союзу.

9-оқушы: - «Он истина и легенда, ироничный и своевольный. Он – «феномен казахского народа», - так пишут известные писатели – поэты Ч.Айтматов и М.Шаханов в своих книгах-диалогах. («Плач охотника над пропастью», «Исповедь на исходе века»). А сколько легенд при жизни писателя сложил казахский народ.

10-оқушы: - Вы слышите

Слава героя гремит

Как горный поток по весне.

И девушкам снится бесстрашный джигит,

Летящий на белом коне.

Я много прошел тропинок и трасс,

Не мало увидел я стран,

И вместе приветствия слышал не раз:

Москва, Казахстан, Бауыржан. (С.Муканов).

11-оқушы: - Я счастлив тем, что в этом мире,

Где зори не всегда светлы,

Поются песни о батыре,

Достойнейшем Момышулы.

Я восхищаться не устану
И молодым им, седым.
Пускай подобных Бауыржану
Все больше будет рядом с ним.
И каждый пусть его восславит
Сейчас, сегодня, не потом
Нас время петь еще заставит
В прошедшем времени о нем.

(К.Садыков).

Мұғалім: - Алтын да, алмас та емес жалтылдаған,
Бір сый бар, аға, саған тартылмаған.
Ұрпақтар аңыз етіп айта жүрер
Сыйдан да он есе артық даңқың маған!

Қандай сый тартсам екен, аға, саған,
Білмеймін жараса ма, жараспай ма?!
Ешбір сый таба алмасам, аға, саған
Аппақ тонын атамның – теберігін

Жүзге кел деп арқаңа жаба салам! - деп 1979 жылы

Мұқағали Мақатаев жыр арнаса, ХХІ ғасырдың жас ұрпақ,
жаңа ұрпақ ақындары да талай жырлар арнайтындығына
сенімдіміз. Халық жазушысы Тахауи Ахтанов: «Тағдырдың
өзі Отан соғысының тамаша қаһармандары арасында
осынау біздің елімізде ғана емес, өзге елдерге де атағын
аспанға шығарған атпал азаматты айрықша алға тартып,
әдейі ұлыға балатқандай. Есімін ауызға алмақшы адамның
бейнесінен қазақ халқы өзінің бұрынғы, байырғы ерлік
бітімін көріп қана қоймай, жарқын ойын да, алмастай
жарқылдаған жігер – қайратын да, батырлық – батылдыққа,
жақсылық атаулыға құштарлығын да, өз ұлтына тән пейіл
– пиғылын да аңғарған, білген, сезген», - деп ой толғаған.

Бауыржан Момышұлының өз халқына ұқсаған сом
тұлғасы солай пайда болған.

Ол туралы түсірілген деректі фильм туралы айтылады және қысқа хабар көрсетіледі.

Батырдың өзі жазған өлеңдері оқылады, оның сүйікті әні «Катюшамен» тәрбие сағатының негізгі бөлімі аяқталады.

Тәрбие сағатының соңында мұғалім оқушыларға батыр туралы деректі фильм және басқа айтылмаған ақиқат іздерімен шығармашылық тапсырыстар ұсынады. Кітапханашы батыр туралы әдебиеттерге шолу жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақ елінің ақиық қыраны – Бауыржан Момышұлы». Қазақстанның ерте заманнан біздің дәуірімізге дейінгі әлеуметтік-саяси ойларының антологиясы. (2 томдық).
2. «Алаштың ардағы». Астана, «Зерде», 2008 ж., 240-бет.
3. З.Ахметова. «Жарқын күндер». Естелік эссе. А., Алматы кітап баспасы, 2008 ж., 256-бет.
4. Б.Момышұлы. «Ұшқан ұя». Повесть, әңгіме, нақылдар. А., «Атамұра», 2003 ж., 240-бет.
5. «Қазақ афоризмдері». А., Алматы кітап, 2008 ж., 304-бет.



ТІЛАЗАР БАЛА

Кемпір құдыққа су алуға барады. Құдықтың қасында бір бала тұр екен.

- Белім ауырады, бүгіле алмаймын. Балам, маған су алып берші,- дейді кемпір.

- Менің қолым бос емес, қолымды қусырып күнге қыздырынып тұрмын,- дейді бала.

(Күлдіргі әңгімелер. А., «Жазушы», 1997, 276-бет.)

Әлия АБДУЛЛА,
Қызылорда облысының
Қазалы қаласындағы
М.Горький атындағы
№16 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМДАРЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА

Соңғы кезде жаңа технологиялық талаптарға ілесіп, жұмыс жүргізу өзінің игі нәтижесін беруде. Алайда техника тілі ұлттық мәртебеге сай келмей жатады. Жасыратыны жоқ, мемлекеттік тілді оқытуда қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдарының тапшылығы кедергі келтіретіні анық.

Мемлекеттік тілді, әсіресе, орыс тілді сыныптарда оқытуда жан-жақты дамыған, бойында адамгершілік қасиеті мол, тәрбиелі тұлғаны қалыптастыру үшін оларға тілді тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана қолдануға үйретумен шектеу жеткіліксіз.

Қазақстандық педагогика ғылымы жаңа кезеңге – ғаламдық деңгейдегі кезеңге аяқ басты. Осыған байланысты әлемдегі алдыңғы қатарлы педагогикалық ой-пікірлерді, идеяларды талдап, таңдап өмірге енгізу арқылы дүниедегі мықты елдердің қатарына қосылу мүмкіндігіне ие боламыз. Оның үстіне, қазақ халқының ұлттық сипатын, тілін, ділін, салт-дәстүрін, әдеп-ғұрыптарын сақтай отырып, оның жаһандану толқынына жұтылып кетпеуі үшін күресетін ұлттық патриоттарды тәрбиелеу педагогтарға жүктеледі. Ұлттық тәрбиеде, әсіресе, ана тілі байлығының алар орыны айрықша екені белгілі.

Білім мен тәрбие – егіз ұғымдар. Осыны ескере келе,

қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту барысында оқушыларға тек теориялық білім беріп қана қоймай, ұлттық үрдісімізден хабар бере отырып, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мәселесіне жете назар аударуға тырысамын. Осы мақсатта мектеп мұғалімдеріне әдістемелік көмек ретінде сабақ барысында пайдаланып жүрген әдіс-тәсілдерді, ойын түрлерін ұсынғым келіп отыр.

1. «Дәстүрді дәріпте» ойыны.

Ойынға қатысушыға белгілі бір салт-дәстүрге байланысты суретті парақ таратылады (парақтағы суретте «Беташар» немесе «Тұсаукесер», «Бесікке салу», т.б. рәсімдер бейнеленуі мүмкін). Суретті парақтың бос жеріне суреттегі дәстүр, ол туралы не біледі, нені білгісі келеді, осы төңірегінде есіне түсіріп жазып шығады. Оқушы жазғанын түсіндіріп, қорғап шығады. Жеткіліксіз жерін мұғалім толықтырады. Бұл тапсырманы жеке оқушыға да, топқа бөліп ұсынуға да болады.

2. Халық педагогикасының қайнар бұлағының бірі — мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдерді мынадай тәсілдер арқылы пайдаланған тиімді әрі қызықты:

а) «Мақал-мәтел құрастыр». Кез келген мақал-мәтелден екі немесе үш сөз тақтаға жазылады, оқушылар сол сөзден мақал-мәтел құрастырады. Мысалы: *отан, от* деген сөздерден «Отан оттан да ыстық», *туған жер, бесік*, «Туған жер – алтын бесік», *іні-тыныс, ата-бала*, т.б.

ә) «Жаңылмай жауап беріңіз» (Сұрау есімдігін өткенде)

1. Ердің атағын кім сақтар? 2. Кім мыңды жығады? 3. Ырыс алды не? 4. Еріншектің ісі неше? 5. Кімнен үйрен? 6. Кімнен жирен?, т.б.

б) «Танып, есіңе сақта». Тақтада жазылған мақалды бір оқушы танып айтады, екінші оқушы жазады. Бірге талқылайды.

в) Мақал-мәтелден өзара диктант алу. Әр түрлі тақырыптағы мақал-мәтел таратылады. Қатысушы екіншісіне жайлап оқи бастайды. Керісінше орындалады. Содан кейін бір-бірінің жазғанын сөйлемге қарамай тексереді. Енді екеуі бірін-бірі берілген мақалға қарап тексереді. Қате

жіберген оқушы талдайды. Тексерген оқушы баға қойып, атын жазады. Оқушылар алмасып, жаза береді. Берілген уақыт аяқталған соң, кім қанша мақал жазып үлгерді, оны мұғалім тексеріп қорытындылайды.

г) «**Мақал – сөздің мәйегі**». Сан есімге байланысты мақал-мәтелдер айтады. Кім мүдірмей көп айтса, сол жеңеді. Мысалы: «Бір тал кессең, он тал ек», «Жеті рет өлшеп, бір рет кес», т.б.

д) **Мақал-мәтелдерден айтылмай тұрған сөзді тауып, антонимдік мағына құрау.**

Мысалы: Арқанның ұзыны жақсы, әңгіменің ... жақсы (ұзын-қысқа)

Ақыл-дос, ашу - ... (дос-дұшпан).

3. Сандарға қатысты ұлағатты ұғымдар (сан есім тақырыбын өткенде пайдалануға болады).

Сәйкестендіріңіз:

3

7

- Қазына (сокровищ)
- Күн (дней)
- Су (семиречье)
- Ата (поколений)
- Жарғы (законов Аз Тауке)
- Жетім (сирот)
- Жұт (бед)
- Сый (дар)
- Ғашық (пар влюбленных)
- Жүз (орда)
- Жұрт (степни родства)
- Ұлы би (великих бия)
- Артық (ценности)
- Анық (истины)
- Жамандық (подлости)
- Қуат (опоры)

Сандық мәндер арқылы айтылатын ұлағатты ұғымдардан да мысал келтіру тиімді (байырғы өлшем бірліктері).

4. Тыйым – халықтың тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге, ақыл-кеңес берудегі тәрбие құралдарының бірі.

а) **Тыйым сөздерден айтыс.** Қай оқушы тосылса,

жеңіледі (болымды және болымсыз етістікті өткенде)

ә) **Жөндеп дұрысын жаз.** Мысалы: Әдепсіз бол - ...
Үлкеннен бұрын сөйле Мақтан - ... Дәстүрге қарсы кел-
.... т.б.

5. «Жалғастыр» ойыны. «Не істеуге болмайды?»
(ырымдар). Оқушыларды топқа бөлеміз: I топ айтады, II топ
жалғастырады. **Мысалы:**

Үлкендердің алдынан	}	болмайды
Кішкене баланы		
Құстың ұясын		
Қыз баланы		
Сабақтан		
Қай жерде де жүресінен		

«Не істеу керек?» ойыны. Бұл да осы тәрізді жүргізіледі.

Мысалы:

Үлкен кісіні	}	керек
Үлкеннің		
Үлкендерге		
Кішілерге		
Аналарға		

6. «Кім көп біледі?» ойыны. Оқушыларға мынадай
үлгідегі қағаздар таратылады.

Кім көп біледі?	Оқушының аты-жөні
Адамгершілік туралы мақал-мәтелдерді көп біледі.	
Ырымдар мен тыйым сөздерді көп біледі.	
Қазақтың салт-дәстүрлерін көп біледі.	
Жұмбақ шешуді ұнатады, жаңылтпашты жаңылмай айта алады.	
Батырлар жырын көп біледі.	
Шешендік сөздерді көп біледі.	
Кім көп бата жаттайды?	
Аңыз әңгімелерді көп біледі.	
Тұрмыс-салт жырларын көп біледі.	

Оқушылар бір-бірінен сұрап, қағазды толтырады. Кім
қай нәрсені көп біледі, соның тұсына атын жазады. Осы
бойынша оқушыларды топтастырып, әр топ бір-біріне
сұрақтар қояды немесе сабақта мысал келтіріп, сөйлем

құрастырады, жатқа айтады (қағаздағы тақырыпты өзгертіп отыруға болады). Егер оқушы ешнәрсені білмесе, мұғалім тапсырма береді. Бұл ойынның тиімді жағы оқушылар бірін-бірі қызықтырады әрі толықтырады.

«Тізбектен шығып қалма». Бастаушы тақырып береді.

(Мысалы: «Ұлттық киімдер» деп алса) Бұл ойынды қатармен ойнатуға болады. Бір оқушы бастайды, келесі оқушы кідірмей жалғастырып, тізбектеліп айтыла береді.

Мысалы: тымақ-бөрік-тақия-сәлде-кимешек-күләпара-жаулық, т.б.

«Жаңылмай жауап беріңіз» жаңылтпаш сайыс ойыны.

100 тағылым. Осы халық даналығының 100 тағылымын жазып қою (немесе компьютерге ендіріп қою). Оқушылар қалаған жерінен алып, әр сабақта пайдаланады. (Шығармашылық жұмыс жүргізілгенде сөйлем құрауға, эссе жазуға, т.б.)

«Кім жылдам?» ойыны. Тақырып беріледі. Мысалы: Діни мейрамдар. Берілген әріптерден діни мейрамдардың атауын жазып шығады. Бір әріпті бернеше жерде пайдалануға болады.

«Ән шырқаймыз» ойыны. Тұрмыс-салт жырларын өткенде жүргізуге болады.

«Сөзбен сурет салу». Ертегілерді өткенде пайдалану.

«Суретті диктант». Мысалы: «Қыздың ұлттық киімдері» тақырыбына байланысты суреттер берілсе, оқушылар осы суреттен сөз тіркесін немесе сөйлем не мәтін құрастырып, диктант етіп жазады. Оқушылар бір-бірінің жазғанын тексереді.

Мұны да білген жөн. Егер... Жауаптарын компьютерге ендіріп қою. Шығармашылық жұмыс жүргізілгенде, қалаған ұяшықты ашып, сөз тіркестерін пайдалануға болады.

1. Егер білгіңіз келсе ... 2. Егер сыйлағыңыз келсе ... 3. Егер сұрағыңыз келсе ... 4. Егер қалағыңыз келсе ... 5. Егер сақтанғыңыз келсе ... 6. Егер алғыңыз келсе ...



ЕРТЕГІ-АҢЫЗДАРДЫ ОҚЫТУ СЫРЫ

Оқулықтарда ертегілердің қара сөзбен жазылған түрлерімен қатар өлең түрінде жазылған түрлері де берілген. Ертегілер орыс сыныптарында оқитын 5-9 сыныптардың қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде оқытылады. Қай жанрда жазылған ертегілер болмасын, балалар оны ерекше қызығушылықпен оқиды. Балаларды тартатыны – оның қиял-ғажайып оқиғалары, бас кейіпкерлердің басынан кешетін небір қызықты істері, батырлығы, жүректілігі сияқты қасиеттері. Оқиға қызығымен кететін балаларға ертегі арқылы қандай білім беруге болады, икем дағдысына қандай талаптар қою керек? Ертегілерді оқытуда мынадай мәселелерге көңіл бөлу керек:

- Өздігімен аударып, ертегінің жалпы мағынасын түсіне білу;
- Ертегілердің жанрлық ерекшелігін таныту. Яғни, әдеби-теориялық ұғымдар беру;
- Сюжет пен композициясындағы ұжымдастық, тұтастық, өзіндік ерекшеліктерді білдіру;
- Тіл құрылысы ұйқаспен, тақпақпен келуін баяндау;
- Өз түсінгенін жаттанды түрде емес, аз болса да өзінше баяндай білуге дағдыландыру;
- Суреттеу (портреттеу) шебері, бейнелі сөздердің мол келуі, оқиғаларының қызықтығы, жатықтығы.
- Ертегінің бай тілі, халқымыздың ғасырдан-ғасырға келе жатқан байырғы, тарихи тілі екендігі.

- Ертегі негізінде халқымыздың асыл арманы, ұшқыр қиялы, гуманизмі, адамдық биік мінез құлқының, тыныс-тіршілігінің айнымай көрінуі.

Қай ертегі болмасын, халық арманына, тірлігіне сай тек жақсылықпен, бақытқа жетуімен аяқталады.

«Ертегіні оқуға қызықтыру үшін, талдау кезінде ертегілерді салыстыра отырып, оларда кейіпкерлер қалай бейнеленген, әрқайсысының ерекшеліктері неде? Соларды бейнелеуде ертегілердегі сөз қолданыстар өрнектері қандай? Сол арқылы қиял-ғажайып ертегілері шыншыл ертегілердің бір-бірінен айырмашылықтарын көрсетіндер» деген сияқты сұрақ тапсырмалар берілсе, бұл, біріншіден, шәкірттерді мәтінді оқуға мәжбүр етеді, екіншіден, оларды өздігінен жұмыс істеуге, ойлануға жетектейді, үшіншіден, шығарманың идеялық мәніне, көркемдік ерекшелігіне терең көз жіберуге үйретеді.

Шығармаларды оқуда әсемдікті түсіну, адамдар арасындағы қарым-қатынысты ұғындыру, шығарманы талдау – бәрі де өмірдің шынайлығымен байланыстырылса, оқушының адамгершілік қасиетін толықтырып, жақсы тәрбие алуына кең мүмкіндік береді.

Оқушы бойында барлық жақсы қасиеттер сезім арқылы қалыптасады. Қоғамды, адам мінезін әдебиет арқылы түзетуге болады.

Халқымыз ғасырлар бойы әділетсіздікке, жауыздыққа, опасыздыққа қарсы күрескен, сондай өткеніміздің айғағы – ертегі, аңыздар келешек ұрпақты елжандылыққа, адамгершілікке, патриоттық сезімге тәрбиелейді.

Ертегі, аңыздар – батырлардың асқан ерліктерін, қайрат-күштерін дәріптеу арқылы халық фольклорының тамаша дамығандығын, жақсы сақталғандығын, атадан балаға табылмас мұра болып қалғандығын бізге дәлелдейді. Ержүрек ұлдарын үлгі тұтқан қазақ халқы болашаққа

деген арман-мұратын осындай ертегі аңыз арқылы білдіре алғандығын орыс тілді оқушыларға жете түсіндіру мақсатында аянбай еңбек етуіміз керек деп ойлаймын.

Қазақ өмірінде сөз қадірін білудің тетігі – халықтың парасатты ойшыл екендігін, сөздің бейбітшілікке, әділдікке қызмет еткендігі.

Ертегі Тіл мәдениетіне, халық қазынасын сақтай білуге, ана тілін құрметтеуге, елжандылыққа тәрбиелеген ертегі, аңыздардың соңы, көбінесе, жақсылықпен бітеді. Бұған таң қалуға болмайды.

Халық қай кезде болса да өзінің ұнамды кейіпкерлерінің бақытты болуын тілеген, оларға шаң жуытпай мұратына жетуге ұмтылады. Олардың өмірін келешек ұрпаққа үлгі етіп ұсынады. Ертегі кейіпкерлері кішкене кезінен бастап жойқын күштің иесі екенін көрсетеді. Адал жары мен сұлу тұлпары болып, ерте жастан ел қамын жеп, елінің тыныштығын ойлайды. Олар ертегі-аңыздарда атса, оқ өтпейтін, шапса – қылыш кеспейтін, отқа салса – жанбайтын, суға салса – батпайтын ғаламат күштің иесі ретінде суреттеледі.

Ертегілерді оқытудағы мақсат – ертегіні оқыта отырып сөйлеу тілін дамыту, сұрақ қоя білуге, жауап бере білуге үйрету. Адам бойындағы жақсы қасиеттерді, ақылдылығы мен даналығын, тапқырлығы мен бауырмалдығын оқушы бойына сіңіру.

Жақсы өмір үшін әділет жолында күрескен, сол жолда небір қиындықтарды жеңіп, жауыз күштерді ауыздықтаған батырлардың іс-әрекеттерін үлгі қылу. Ертегідегі кейіпкерлердің жақсы ісіне сүйсініп, мейірімсіздік танытқандарға талдау жасау. Бұның бәрі шығарманың өн бойында көркемделіп, күшейтіліп, нақтыланып көрсетіледі.

Ертегіні шығарушы халық ертегідегі адамдар әрекетінің бәріне бірдей қарамайды. Яғни, біреулерін ұнатып, кейбіреулерін жек көре баяндап жатқанын көреміз.

Балалар ертегіні оқи отырып, оның кейіпкерлерімен бірге шаттық, қуаныш, жан ашу сезімдеріне бөленеді. Ертегідегі жағымды кейіпкерлердің үлгі боларлықтай қасиеттеріне назар аударады.

Ертегідегі мақал мен мәтелдердің, нақыл сөздердің мағынасын терең түсініп, оның тереңіне бойлай біледі.

Ертегілерді оқытуда қандай әдіс-тәсілдер, оқу формалары, сабақ типтері тиімді саналады? Ең алдымен, оқушыларға ертегіні оқыту, мазмұнын толық меңгерту мәселесін ойластыру керек. Мазмұнын меңгерте отырып, оның негізіндегі идея, айтайын деген терең ойы туралы сөз қозғау. Мазмұнын меңгертуде мәнерлеп оқу, әңгімелеу, баяндау, мазмұны тұтас сақталынған толық жоспар, ең басты оқиғаларға негізделген тұжырымды жоспар, эпизодтарға бөлу, әр эпизодқа ат қою, сұрақтар мен тапсырмалар жүйесін ойластыру, оқушылардың қабілеті, икем дағдысын арттыруға байланысты жұмыс түрлерін жүргізу, соның ішінде өтілгелі отырған ертегіге сәйкес ертегілер құрастыруға баулу, пікір айта отырып, өз беттерімен талдауға дағдыландыру, мәтінге жуық мазмұндату, басты оқиғаларды ғана қамтып, мазмұндату мәселелерін ойластыру.

Ертегі мәтіні оқуда бірнеше әдіс-тәсілмен жүргізіледі. Мұғалім өзі мәнерлеп оқып, аударып, балаларды да қатыстырып отыру керек. Бүкіл сынып болып, кезектесе оқытуға және жекелеген балаларға оқытуға да болады. Соңғысында балалар мәтінді үнемі іштей ілесе оқып отырады, мәнерлеп оқуға дағдыланады, тез аудара білуге үйренеді, мұғаліммен бірге бәрі де мәтінмен жұмыла жұмыс істейді. Ертегі мазмұнын меңгерту кезеңінде қызықты эпизодтарынан инсценировка көрсетуге болады. Онда кездесетін мәтін бойынша жаңа сөздер мен архаизм сөздерге түсінік беріп, сөздік жұмысын жүргізу – басты тәсілдердің бірі.

Бірнеше ертегіден шағын көріністер көрсету, ертегінің ертекшіге бастату, ертегілер бойынша суреттер салғызып (қабілеттеріне қарай), сабақта оны пайдалану – балалардың әдебиетті сүйу, халық туындыларына деген құрметін, қызығушылығын арттырады.

Халық ертегілерімен қоса, оқулықта әдеби ертегілерге де орын берілген. Әдеби ертегілерді оқытқанда мына мәселелерге көңіл бөлу керек:

- Әдеби ертегінің халық ертегісінен басты айырмашылығы;
- Ұқсастық, үндестік жақтары;
- Көтеретін негізгі мәселелері;
- Көркем поэтикалық тілі;
- Ертегінің маңызы, тәрбиелік мәні.

Ертегі құрылысы, тілі, көркемдік ерекшелігі, көбіне практикалық жұмыстар, яғни, оқулық пен жұмыс арқылы ашылады.

Көптеген ғалымдар, психологтар, мұғалімдер зерттеулері, пікірлері бойынша, оқушыларды көркем шығармаларды оқытуға баулу, оны оқырман ретінде қалыптастыру бірнеше сатыдан тұрады. Солардың ішінде 5-7 сынып – орта буын қиялдары ұшқыр, қабылдаулары алғыр болып келеді. Оқыған шығармаларына қарай әр түрлі эмоциялық көңіл-күйді бастан кешіріп, соны ұмыта алмай, шығармаларды беріле оқиды. Сондықтан, әсіресе, осы буынды оқытқанда уақытты бос жіберіп алмауға тырысып, көп еңбектенемін. Жоғары сыныпқа барғанда осы әдістерді пайдалана отырып оқытқан оқушылар ертегі аңыздардан да көлемді шығармаларды оқып, өз бетінше мазмұндай алады деп кәміл сенемін.



Фариза ИШАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласындағы
№130 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

Мақсаты: қазақ тілінің мәртебесін көтеру, ана тілін, Отанын, елін, жерін сүйе білу, өзге ұлт өкілдері арасында қазақ тілін білу деңгейін көтеру және оқып-үйренуге ықыласы мен қызығушылығын арттыру.

Көрнекіліктері: нақыл сөздер жазылған кестелер, Қазақстан картасы, мақал-мәтелдер, блиц-турнир.

Эпиграф: *Тілден артық қазына жоқ,*

Тілден артық қасиет жоқ. Н.Назарбаев.

Сыныптан тыс сабақтың барысы:

1. Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Құрметті ұстаздар, ата-аналар, оқушылар! Бүгін 22 қыркүйек – Тіл мерекесі күні. 20 жыл бұрын, 1989 жылы 22 қыркүйекте Қазақ тілі мемлекеттік мәртебесін алды. Осыған орай, ақын Қадыр Мырза Әлінің мына өлең шумағын еске алайық:

Ана тілің – арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл -

Өз тіліңді құрметте!

Өз тілін қадір тұтпайтын, қастерлемейтін адам жоқ. Ана тілін сүймеген адам, халқын да, Отанын да сүймейді. Ана тілімізді ардақтайық, мәртебесін көтерейік.

1-жүргізуші: - Сүйемін туған тілді-ана тілін,

Бесікте жатқанымда-ақ берген білім,-

деп ақын С.Торайғыров бекер айтпаған. Өйткені туған тілін сүймейтін адамнан ертеңгі күні еліміздің туын көтерер

нағыз ұлтжанды азамат шықпайды. Тіл – ұлттық құжатымыз, тіл – кісілік келбетіміз. Бұл сөздің мәнін түсінбейтіндер көптеп кездеседі. Қазақ тілі жойылса, қазақ деген атымызда құрдымға кететінін олар неге білмейді? Біз көп ұлтты мемлекетпіз, сол ұлттардың басын біріктіретін, оларды бір-бірімен достастыратын – қазақ тілі. Ұлт тілінің болашағы үшін бәріміз де жауаптымыз. Төл тілімізді терең меңгеруге күш салайық.

2-жүргізуші: - Тіл қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамда ана сүтімен еніп қалыптасады. Тіл байлығы, сөздік қор – әрбір елдің мақтанышы. Ол атадан балаға қалып отыратын баға жетпес мұра. Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. 1989 жылы 22 қыркүйекте Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы қабылданды.

Қазақстанның Ата заңының 7-бабында «Қазақстанның мемлекеттік тілі-қазақ тілі» делінген.

1-жүргізуші: - ҚР-ның «Тіл туралы» заңы 1997 жылы 1 шілдеде екінші рет қабылданды.

Нұрым «Қазақ тілі» әнін орындайды.

2-жүргізуші: - Конституция – біздің мемлекетіміздің негізгі заңы. Бұл – Қазақстан азаматтарының қоғамда өмір сүру ережелері. Негізгі заңды құрметтеу ретінде – біз Конституция сөзін бас әріппен жазамыз. Қазақстанның негізгі тұңғыш Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданды.

Тимур «Ата Заң» өлеңін оқиды:

Келе жатыр керім күн

Халық сүйіп қалаған.

Ата Заңын елімнің

Құрметтейді бар адам.

Алтын заңым қорғайды

Бар адамның теңдігін.

Әділетті қолдайды,

Арқа тұтып ел бүгін.

Ол баршаға жөн нұсқап,

Жетелейді жарыққа.

Елбасы оны қолға ұстап,

Ант береді халыққа.

Татьяна: - Бүгін әрбір мемлекеттің ғасырлық тарихына байланысты рәміздері бар. ҚР-ның Конституциясының 9-бабында: «ҚР мемлекеттік нышандары –Туы, Елтаңбасы және Гимні бар» деп көрсетілген.

Мариям «Жалау» өлеңін мәнерлеп оқиды.

Желбірейді шарықтап

Қазақстан жалауы.

Көкте қыран қалықтап,

Қанат қағып барады.

Көк аспанда нұрлы Күн

Күлімдейді далама.

Бақыт тілеп тұр бүгін

Ол барлық пәк балаға.

Ұлттық өрнек мұрамыз

Адастырмас мұраттай.

Нық көтеріп тұрамыз

Жалауды біз құлатпай!

Тамерлан «Елтаңба» өлеңін оқиды.

Бейнелеп сан ғасырды

Елтаңбасы елімнің,

Таратады хас үлгі

Киесіндей жерімнің.

Бабам тұлпар жаратты

Құлынында танып-ақ.

Тұлпар барда қанатты

Шайқалмайды шаңырақ!

Тәуелсіздік көркі ол да

Өркениет өрінде!

Нұр төгеді Елтаңба

Ақ орданың төрінде!

1-жүргізуші: - Алғашқы рет Қазақстан Республикасының Әнұраны ретінде «Менің Қазақстаным» әні 10 қаңтарда 2006

жылы Елбасын ұлықтау рәсмінде орындалды.

Амандос «Әнұран» өлеңін оқиды.

Барша халық таныған

Біздің үміт, тілекті.

Шырқалғанда әнұран

Шаттық кернер жүректі

Жеңіс туын көтерген

Жарыстарда сан қилы.

Жетіп бізге шет елден

Көкте әнұран шалқиды.

Шәмші атаның сазды үні

Жігер беріп қайратты,

Бәрімізді мәз қылып,

Жаңғыртады аймақты!

Айғаным: - Туған тілім-бабам тілі, өз тілім!

Туған тілім-анам тілі, өз тілім!

Туған тілім-далам тілі, өз тілім,

Туған тілім- адам тілі, өз тілім! (Д.Әбілев)

Роман «Ана тілі – ананың баласындай ардақты» өлеңін оқиды.

Алияр: - Туған тілім – тірлігімнің айғағы,

Тілім барда – айтылар сыр ойдағы.

Өссе тілім – мен де бірге өсемін

Өшсе тілім – мен де бірге өшемін. (Ә.Тәжібаев)

Алексей: - Ана тілін білмеген -

Ақылы жоқ желікбас.

Ана тілін сүймеген -

Халқын сүйіп жарытпас. (Ғ.Сарноғазев)

Нұрман: - Ана тілің – арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте! (Қ.Мырзалиев)

Алена: - Ана тілін білмеген –

Ана сүтін ембеген. (Б.Момышұлы)

Алина: - Әкемнің құты,

Шешемнің сүті
Сіңірген тұла бойыма.
Бар асылын халықтың
Құйған сана, ойыма.
Туған тілім, өркенде,
Бола бер күшті, көркем де! (С.Мұқанов)

Разия: - Ақыл-ойын дананың
Ана тілден аламын.
Ана тілім ардақты
Ақ сүтіндей анамның!
Өсірген ой, білімді
Сүйем туған тілімді!
Мақсат етем әр сөздің
Мәнін терең білуді! (Ә.Тәжібаев)

Қыздар тобы «Қуаныш» биін билейді.

**Тіл туралы мақал-мәтелдерді кім көп біледі? -
сайысын көрермендермен өткізу.**

- Жақсы сөз – жарым ырыс.
- Піл көтермегенді тіл көтереді.
- Сөз қадірін білмеген өз қадірін білмейді.
- Жақсы сөз – жан азығы.
- Ананың сүті – бал, баланың тілі – бал.
- Өнер алды – қызыл тіл.
- Шебердің қолы – ортақ, шешеннің сөзі – ортақ.
- Тіл – қылыштан өткір.
- Басқа пәле – тілден.
- Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ.

Максим картадан көрсетіп тұрып: - Ата-бабамыз бізге ұлан-ғайыр жерді мұра етіп қалдырды. Ол Каспийден Алтайға, Алатау, Қаратаудан Батыс Сібірге дейін созылып жатыр.

Сергей: - Қазақстан жерінің аймағының үлкендігімен әлемдегі 10 мемлекеттің қатарына кіреді. Ал, біздің планетамызда 160 мемлекет бар емес пе?!

Алена: - Қазақстан Еуразияның ортасында орналасқан.

Ол Ресеймен, Түркімен, Өзбек, Қырғыз Республикалары, Қытаймен көршілес. Сондықтан болар, ертеде үлкен керуендер қазақ жері арқылы өткен. Атақты Азия мен Еуропаны байланыстырған Жібек жолы да біздің еліміз арқылы өткен.

Муслим: - Мемлекетіміздің картасына қарайықшы. Өте кішірейтіліп алынғандықтан, қалалар кішкене нүкте сияқты. Ең үлкен қалалар – Алматы, Астана, Шымкент. Қазақстан жері – облыстарға бөлінген. Біздің Отанымыздың астанасы – Астана. Картада ол жұлдызшамен белгіленген.

Костя: - Әлемде басқа да мемлекеттер мен жерлер бар, бірақ адамда бір-ақ Отан бар.

Яна: - Біздің Отанымыз – Қазақстан. Осындай керемет, еңселі, ұлан-ғайыр жерді сақтап, тастап кеткені үшін ата-бабаларымызға рақмет!

Блиц-турнир:

1. Қазақстанның бірінші астанасы қай қала? (Орынбор)
 2. Қазақстанның қазіргі астанасын ата. (Астана)
 3. Қазақстан тәуелсіз Республика болып қашан жарияланды? (1991 ж.)
 4. Қазақстанның президенті кім? (Н.Назарбаев)
 5. Мемлекеттік Тудың авторы кім? (Ш.Ниязбеков)
 6. Мемлекеттік Елтаңбаның авторы кім? (Ш. Уәлиханов)
 7. Әнұранның авторлары кімдер? (Ж.Нәжімеденов, Н.Назарбаев)
 8. Қазақстанның тұңғыш ғарышкері кім? (Т.Әубәкіров)
 9. Қазақстанның рәміздерін атаңдар. (Елтаңба, Ту, Гимн)
 10. Наурыз мерекесінде не пісіреді? (Наурыз көже)
- «Мой Казахстан» өлеңі шырқалады.*

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жалпы құқықтық білім беру. Мемлекеттік рәміздер. Менің Отаным – Қазақстан. Б.Қошым-Ноғай мен Қ.Аманжоловтың өлеңдері қолданылды. А., 2006 ж.
2. Қазақ халқының ақын-жазушыларының өлеңдері.
3. Қазақ тілі. 7-сынып.

Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 21.09.2011ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1515. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

Басылатын жері – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық

кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№9, 2011 ж., 144 бет, Алматы.